№20 (1434)
17 – 23 мамыр
2018 жыл

ISSN 1999-5857
9 771999 585007

# ANA TILI

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Ұлт газеті

Сөзі жоғалған
жұрттың
өзі де жоғалады



● www.anatili.kz   www.facebook.com/anatilikaz   www.twitter.com/anatilikz ● e-mail: anatili_gazeti@mail.ru

БҮГІН – РАМАЗАН АЙЫНЫҢ БІРІНШІ КҮНІ

# ОН ЕКІ АЙДЫҢ СҰЛТАНЫ

**Серікбай қажы ОРАЗ,**
**Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы,**
**Бас мүфти**



Аса қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Қадірлі бауырлар!

Баршамызды оразаға аман-есен жеткізген құдіреті шексіз Алла Тағалаға сансыз шүкірлер мен мақтау-мадақтар болсын!

Сіздерді күллі мұсылман қауымы асыға күткен қасиетті рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Әр шаңыраққа шаттық пен бақыт, бірлік пен береке тілеймін! Баршаңызға Жаратқан Ием жар болсын!

Біздің халқымыз ежелден рамазанды ерекше қастерлеп: «Он екі айдың сұлтаны» деп атаған. Берекесі мол айда жарамазан жырын айтып, оразаның келгенін қуанышпен жеткізіп, насихаттаған. Ал ауызашар дастарханы рухани сұхбаттың, бата мен ізгі тілектің қайнары болған. Ауыз бекіткен адамды айрықша қадірлеп, оған ауызашар беру – бағзыдан келе жатқан салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз.

Таңғы сәресі әр шаңырақ үшін қуанышты сәт болса, кешкі ауызашар ағайын мен туысты, бір қауым елді имандылыққа ұйытқан, мерекесі мен берекесі үйлескен басқосу болатын. Аллаға шүкір, бұл игі дәстүр ғасырдан-ғасырға жалғасып, жаңғырып келеді.

Рамазан – рақым айы! Қасиетті айдың құрметі үшін бір-бірін кешіріп, мейірімділік жолын ұстанған пенделер сауапқа кенеледі. Өзгеге мейірім көрсеткен адамға Алла Тағала оны мейіріміне бөлейді. Кешіргенге – кешірім жасалады.

Рамазан – жақсылық айы. Оразада әрбір жақсы амалдың сауабы еселеніп жазылады. Хадис-шарифте айтылғандай, «адам баласының барлық игі істерінің сауабы артады. Әрбір жақсылыққа он еседен жеті жүз есеге дейін сауап жазылады».

Осы ретте отандастарымды материалдық көмекке мұқтаж жандарға көңіл бөліп, қайырымдылық іс-шараларға белсенді түрде атсалысуға шақырамын. Кәсіпкерлерді рамазанның құрметі үшін азық-түлік, көкөніс пен тұрмыстық заттарға, жол-көлік ақысына жеңілдіктер жасауға үндейміз.

**Құрметті жамағат!**

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы «2018 – Ислам және отбасы жылы» деп атады. Қасиетті айда қараусыз қалған қарттар мен мүгедектерге, жетімдер мен көпбалалы отбасыларға, науқас адамдарға барынша қамқорлығымызды көрсетейік, ардақты ағайын! Бір адамды қуанышқа бөлеу – садақа.

Құдайы астар мен садақалар ауызашар уақытында ұйымдастырылса, тойлар ішімдіксіз өткізілсе, жамандықтың бастауы болған арақ-шараптың сатылуына барынша жол берілмесе деген тілегімді білдіремін.

**Құрметті қауым!**

Он екі айдың сұлтаны – рамазан құтты, берекелі болсын! Қасиетті айда жасайтын құлшылық, дұға-тілектеріңіз қабыл болсын! Алға қойған арман-мақсаттарыңыз орындалып, оразадан оразаға аман-есен жете беруімізді Алла нәсіп етсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, халқымыздың бірлігі нығайып, берекесі арта бергей! Тәуелсіздігіміз әрқашан баянды болғай! Әумин!

DANALYQ MÁIEGI



## ABAI

### JIYRMA ÚSHINSHI QARA SÓZ

Bizdiń qazaqty ondyrmaı júrgen bir qýanysh, bir jubanysh bar.

Onyń qýanyshy: elde bir jamandy taýyp, ıa bir adamnyń bul ózi qylmaǵan jamanshylyǵy shyqsa qýanady. Aıtady: qudaı pálensheden saqtasyn, o da adammyn dep júr ǵoı, onyń qasynda biz sáýleli kisiniń biri emespiz be, oǵan qaraǵanda men taza kisi emespin be? – dep. Oǵan qudaı taǵala aıtyp pa pálensheden táýir bolsań bolady dep? Ia bilgender aıtyp pa, áıteýir ózińnen nadanshylyǵy asqap, ıa jamanshylyǵy artylǵan kisi tabylsa, sen jamanǵa qosylmaısyń dep? Jamanǵa salysyp jaqsy bola ma? Jaqsyǵa salysyp jaqsy boladtaǵy. Júz at báıgege qosylsa, men báıge aldym degen sóz bolsa jarar, aldynda neshe at bar dep surar, artynda qalǵan at nesheý dep suraǵannyń nesi sóz? Men bes attan, on attan ilgeri edim degenniń nesi qýanysh?

Endi jubanyshty: jalǵyz biz de, eldiń bári de súıtip-aq ǵoı, kóppen kórgen uly toı, kóppen birge bolsaq, bolady-daǵy degen sózdi jubanysh qylady. Oǵan qudaı taǵala aıtyp pa, kópten qalmasań boladydep, kópke qaharym júrmeıdi dep pe? Kópke tuzaǵym jetpeıdi dep pe? Ǵalym kópke kelip pe? Bireýden tarap pa? Hıkmet1 kópten taraı ma? Birden taraı ma? Kópke qorlyq júrmeı me? Bir úıdiń ishi túgel aýyrsa, jeńil tıe me? Joq jarymy aýyryp, jarymy saý bolsa, jeńil tıe me? Jer bilmegen kóp adam adasyp júrse, bir jer biletuǵyn kisiniń keregi joq pa eken? Kóp kisi jolaýshynyń báriniiń aty aryǵany jaqsy ma? Joq, jarymy arysa, jarymysynyń kúılisi jaqsy ma? Jut kelse, eldiń báriniń túgel jutaǵany jaqsy ma? Jarym-jartysy aman qalǵany jaqsy ma? Osy kóp aqymaqtyń bir aqymaqqa nesi jubanysh? Tuqymymyzben aýzymyz sasyq bolýshy edi degenjaman kúıeý qalyndyǵyn jeńip pe? Kóńilin sol sózi razy qylýǵa jetip pe? Endeshe, kóbińnen qalma, sen de aýzyńdy sasyta ber dep pe?!

ҚҰРМЕТ

## Түркі әлеміне ортақ ақын

**Анкарада Қазақстанның Түркиядағы елшілігі, Түркі мәдениетін дамыту ұйымы, Түркиядағы Әлем жазушылары мен зиялылары қауымдастығы (DÜNYADER) және Әлем сөз академиясының (DÜSA) ұйымдастыруымен қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаевтың 125 жылдық мерейтойына орай еске алу кеші өтті.**

Шараға елші Абзал Сапарбекұлы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті кеңесінің төрағасы Мұса Йылдыз, Түркі мәдениетін дамыту ұйымының төраға орынбасары Фырат Пурташ, DÜNYADER төрағасы Осман Баш, DÜSA төрағасы Хайреттин Ивгин және Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Түрікменстан, Молдова елдерінен келген зиялы қауым өкілдері мен әдебиеттанушы ғалымдар қатысты.

– Мағжан Жұмабаевтың 125 жылдығы аясында өз елімізде ғана емес, түркі әлемінде танылуына тер төгіп жүрген Ахмет Бижан Ержиласун, Ферхат Тамир, Әли Акбаш, Фейзулах Будасынды түрік зиялыларына және ақынға тастұғыр орнатып, айрықша көңіл бөліп отырған Түркия мемлекетіне, Кечиөрен муниципалитетінің мэріне қазақ халқының және еліміздің атынан ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ осы шараны ұйымдастырушылар мен атсалысқан қауымдастық басшыларына алғыс айтамын, – деді Қазақстан Республикасының Түрік Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Абзал Сапарбекұлы.

**Бота ҚУАТ**

БАСПАСӨЗ – 2018

## «Ана тіліне» жыл бойы жазылуға болады

Биылғы жылға жазылған оқырмандарымызға шынайы ризашылығымызды білдіре отырып, ұлт басылымы – «Ана тілі» газетіне жазылу жыл бойы жүргізілетінін еске салғымыз келеді.

Газетіміздің негізгі тақырыбы Тәуелсіздігіміздің, ел бірлігінің тірегі – мемлекеттік тілдің жай-күйі болғанымен, көтеріп жүрген мәселелері ауқымды. Олардың ішінде әлеуметтік жағдай, мәдениет, әдебиет, тарих және басқа да рухани мәселелер бар.

Баспасөзге жазылу секілді маңызды істі жұртшылықтың қолдау-көмегінсіз жүргізу қиын. Олай болса ұлтқа, руханиятқа жанашыр жандар «Ана тілінің» ел ішінде көптеп таралуына лайықты үлес қосады деген сенім бар.

«Ана тіліне» жазылайық, ағайын!

ҚАЗПОШТА

| Индекс | Мерзімі | Қала | Аудан\ауыл |
|---|---|---|---|
| Жеке жазылушылар үшін | | | |
| 65367 | 6 ай | 1747,90 | 1859,70 |
| | 12 ай | 3495,80 | 3719,40 |
| Мекемелер мен ұйымдар үшін | | | |
| 15367 | 6 ай | 3202,40 | 3314,20 |
| | 12 ай | 6404,80 | 6628,40 |
| Зейнеткерлер мен ҰОС қатысушылары үшін | | | |
| 55367 | 6 ай | 1451,78 | 1563,58 |
| | 12 ай | 2903,56 | 3127,16 |

АТАДӘСТҮР

# «КӨКМАЙСА»

## этнофестивалі – Ұлытау төрінде

**Ұлт ұясы – Ұлытау биылғы жылдың мамыр айының алғашқы онкүндігінде дүбірлі думанға бөленді. Ұлы Дала кіндігінде Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған халықаралық «Көкмайса – 2018» этнофестиваліне жалпы саны үш мыңға жуық адам қатысып, олардың арасында сыртқы елдерден ат сабылтып келген туристер мен ЮНЕСКО және ИСЕСКО ұйымдарының өкілдері болды.**

Аса кең көлемдегі іргелі іс-шараны Ұлытау ауданының әкімдігі «NOMAD EXPLORER» компаниясы және «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы ұйымдастырды.

Этнофестиваль қарт Ұлытаудың қазақ тарихында алатын баға жетпес маңызды орнын кең тұрғыда дәріптеу, көне дәуірлерден жеткен тарихи мұра санатындағы ескерткіштерін таныстыру, ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың қайталанбас бітім-болмысы мен ұлттық спорт ойындарының тартымдылығын насихаттауды мақсат тұтты.

Алғашқы кезекте түп-тамыры ұлт руханиятының қайнарынан бастау алатын «Көкмайса» этнофестивалінің өзекті міндеті Қазақстан аумағына шетелдерден келетін туристер мен ел азаматтарын Ұлытаудың шежірелі тарихы мен құнды ескерткіш-жәдігерлерін қызықтауға тарту арқылы келешекте туризм саласын дамыту ұстанымы болғанын атап өткен жөн. Соған орай, тағылымы терең іс-шара барысында өңірдің ауасы мен суының, тұмса табиғатының адам ағзасына таптырмас дәру екендігі әспеттелді. Сырт келбеті келісті, ішкі безендірілуі кез келген жанның көңіліне шуақ ұялататын еңселі киіз үйлерде меймандос пейілмен жайылған көл-көсір дастарқан жайлау төсінде өрген төрт түліктің еті мен сүтінен өндірілетін табиғи тағам түрлерінің аса құнарлы екендігін айғақтады. Этнофестивальде, сонымен қатар аудан тұрғындарын туризмнің ерекшеліктері мен оған қатысты талаптарды жете зерделеп, меңгеруге бейімдеу, өз кәсібін ұйымдастырып, жүргізуге қабілетті іскер азаматтарды туризм саласындағы кәсіппен шұғылдануға бағыттау жайына да басты меженің бірі ретінде айрықша көңіл бөлінді.

Алыс аумақтардан жеткен меймандар алғашқы күні «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы әзірлеген «Ұлытау – Мауреннахр» атты көрмені тамашалап, тарих тылсымына бойлады. Сол күні «Рухани жаңғыру» бағдарламасынан бастау алатын «Туған жер» жобасы аясындағы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен ҚР ИСЕСКО және ЮНЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комитетінің ұстанымы негізінде «Ұлытау» қорық-мұражайы ұйымдастырған «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау: халықаралық тәжірибе және келешек» атты ғылыми, білім беру, сондай-ақ, танымдық сипаттағы семинар жұмысына қатысты.

*(Жалғасы 12-бетте)*

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



**КЕЛЕСІ НӨМІРДЕН ОҚИТЫНДАРЫҢЫЗ:**

СӨЗТАНЫМ

**Бүгінгі санда:**



**Замана жыршысы**
3-бет



**Қажылыққа алғаш барған қазақтар**
7-бет



**Ән сабағы қалай оқытылып жүр?**
8-бет

ДӘУІР ДАУЫСЫ

**Қарағанды өңірінде Бұқар жырау ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ 350 жылдығына арналған І халықаралық жыршы-жыраулар фестивалі өтті. Елдікті ту еткен шара екі күнге жалғасты.**
**Әрісі Ресей Федерациясының Алтай Республикасынан және Қырғызстаннан, Моңғолиядан, берісі Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген өнер иелерін облыс басшылығы мен Бұқар жырау ауданының басшылығы, қалың бұқара сән-салтанатпен қарсы алды.**



# ЗАМАНА ЖЫРШЫСЫ

Алдымен, «Көмекей әулие» тойының қонақтары Бұқар жырау ауданындағы Баба ескерткішіне тағзым етті, гүл шоқтарын қойды. Жыраудың өмірінен сыр шертетін қойылымды тамашалады. Содан соң көпшілік айтыскер ақын, Бұқар жырау ауданындағы жыршылар мектебінің жетекшісі Дидар Қамиевтің арнауына құлақ түрді.

Қонақтарды қарсы алу рәсімінде сөз алған облыс әкімінің орынбасары Жандос Әбішев Бұқар жырау бабамыздың 350 жылдық мерейтойының мән-маңызына тоқталды.

– Ел арасында «Көмекей әулие» атанып кеткен абыз жыраудың мерейтойы – біз үшін үлкен мереке. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында Бұқар жыраудың 350 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралар облысымызда басталып кетті. Тарихтан тамыр тартатын, тереңнен сыр шертетін мұндай шаралардың, әсіресе өскелең ұрпақ тәрбиесіне қосатын үлесі қомақты, – деді Жандос Әбішев.

Баба ескерткішінің алдында Астана қаласынан келген жыршы-жырау Алмас Алматов та сөз алды. Ауқымды шараны ұйымдастыруға мұрындық болған облыстың және Бұқар жырау ауданының басшылығына алғысын айтты. Сондай-ақ Бұқар жыраудың ұрпағы, ұлағатты ұстаз Ғалымтай Бақтиярұлы осынау мерейтойға арнаған ыстық ықыласын білдірді.

Әрмен қарай мерейтой меймандары мен жергілікті атқарушы билік өкілдері, руханият жанашырлары Бұқар жырау кесенесіне арнайы барды. Қос облыс шекарасындағы құтты қонысқа табан тіреп, жыраудың аруағына тағзым етті, Құран бағыштады. Құрбандық шалып, Жаратушы иемізден халқымыздың амандығын, ел іргесінің тыныштығын тіледі.

Расымен де, Далба тауының етегінде орын тепкен, бір шеті Қарқаралы ауданымен, бір шеті Кереку өңірімен ұштасқан жазықта мәңгілік тұрағын тапқан Бұқар жырау бабамыздың басына тағзым ету – сауапты іс.

Кесененің жанында жырау атындағы мұражай және шырақшы үйі орналасқан екен. Мұражайда Бұқар бабаның өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін дүниелер топтастырылған. Бұқар жыраудың жерленген жерін анықтаған Мәшһүр Жүсіп орнатқан тасбелгіні де (1927 жылы) осы мұражайдан көз шалды. Тіпті кезіндегі Ульянов ауданын Бұқар бабамыздың атымен атау туралы бастама көтеріп, оң нәтижеге қол жеткізген Шопанай Әмірхановтың еңбектері де осы мұражайда сақталған. Екінші Дүниежүзілік соғыс ардагері, «Қызыл Жұлдыз» орденінің иегері Ш.Әмірханов Бұқар жыраудың 325 жылдық мерейтойын өткізуге де мұрындық болған.

Айтпақшы, Көкшетау қаласынан келген жыршы-жырау Баянғали Әлімжанов Бұқар жырауға арналған жыр жинағын, айтыскер ақын Айтбай Жұмағұлов Баба тойы қарсаңында жарық көрген кітаптың сүйінші данасын осы мұражайға табыс етті.

Түс ауа жыршы-жыраулар Бұқар жырау ауданының орталығына келіп, Ботақара мәдениет үйінде жергілікті халыққа концерттік бағдарламасын ұсынды.

Ертеңіне жыршы-жыраулар мерейтойға арнаған жыр-шашуларын қарағандылықтардың назарына ұсынды.

Иә, жыршылық өнер жайлы айтқанда, есімізге әуелі Сыр өңірінің жыршылық дәстүрі түсетіні белгілі. Содан болар көпшілік жыршылық өнер сол өңірде ғана қалыптасқан деп ойлайтын. Жоқ, облысымызда да көмейінен жыр төгілген керемет жыршылар бар екен. Көрмей жүр екенбіз, лайықты бағасын бермей жүр екенбіз. Мұны Қарағанды қаласындағы К.Станиславский атындағы орыс драма театрында актаңгер жырау, көмекей әулие атанған Бұқар жырау Қалқаманұлының мұрасын дәріптеу мақсатында өткен халықаралық жыршылар фестивалінде көзіміз көріп, құлағымыз естіді. Фестивальдің салтанатты ашылу рәсімінде сөз сөйлеген ұйымдастырушылар



**Алмас АЛМАТОВ,**
**жырау, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері:**

*– Жыршылық өнеріміз, шыны керек, өте кенже қалып қойды. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында бүгінде атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Облыс әкімі Ерлан Қошанов мырзаның ұйытқы болуымен көптеген іс-шаралар жоспары жасақталды. Сол шаралардың беташары ретінде бүгінгі фестиваль қолға алынып отыр. Оның басында көмекей әулие Бұқар бабамыздың тұруы, сөз жоқ, құптарлық. Өйткені хандарға кеңесші болған, билік айтқан Бұқардың ой-толғамдарынан тұратын толғаулары мен дастандары осы өнерді дамытуға толық сұранып тұр. Түркі халықтарының жыраулық өнері және эпикалық дәстүрінде Бұқар жыраудың алар орны ерекше. Енді мұны халықаралық деңгейде өзге тілдерге аудартып жырлау үшін ықпал жасау керек. Елбасының Мәңгілік ел идеясында мәңгілік рухани құндылықтарымызды насихаттап, дамытып жатқандығы белгілі. Біздің елдігімізді сақтап, даңқымызды асыратын да осы біздің мәңгілік мұраларымыз. Сондықтан бұл фестивальдің қоғам үшін, келешек ұрпақ үшін маңызы зор деп есептеймін.*

жыршы-жыраулық дәстүрді жаңғыртып насихаттау, ұрпақты ұлттық ата-дәстүр рухында тәрбиелеу, халықтың рухани, мәдени мұраларын келешек ұрпаққа жеткізу және оны елдің санасына сіңіруді мақсат еткен шара келешекте де жалғасын табатындығын айтты. Игі шараны халықаралық деңгейде өткізіп тұруға атсалысатындықтарын сөз етті.

Даңғайыр жырау Бұқардың мерейтойына арналған халықаралық жыршы-жыраулар фестивалін жүргізу үшін Астанадан белгілі айтыс ақыны Аманжол Әлтаев арнайы келіпті. Тоғыз сағатқа созылған шараны әдемі жүргізіп, шырайын кіргізіп, арасында өзі де Бұқардан үзінді оқып, халық ықыласына бөленген Аманжол әр жыраулар мектебінің тарихын тарқата айтып жеткізді.

Алғашқы болып жыр түндігін серпіген жырау, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Алмас Алматов Бұқардың «Он бір тілегін» төкпеледі.

Жыр жәрмеңкесінде мәртебелі меймандар – Ресей Федерациясы, Моңғолия, Қырғызстан орындаушылары келіп қатысуы фестиваль аясын кеңейте түсті. Айдын Құрманов, Ресей Федерациясы Алтай Республикасындағы саны аз телеңгіт халқының өкілі, кайчы (жыршы), халықаралық конкурстардың бірнеше дүркін лауреаты, «Оскус уул» эпосының орындаушысы көпшілікті таңдай қақтырды. Телеңгіт халқының мәдени мұрасын сақтаушы Айдын Қазақстанда осыдан бірнеше жыл бұрын сурет және сызу пәнін оқып кеткендігін мәлімдеді. Қырғыз елінің өкілі, ырчы, «Құрманбек» эпосының орындаушысы, Қырғызстандағы республикалық және халықаралық конкурстардың жеңімпазы Айпери Кулбаева да көптің көңілінен шықты. Жыршы, Моңғолия Республикасының халық артисі, «Наранхуу хаан» эпосының орындаушысы Авирмед Балдандорж көрерменге қол соқтырды. Қазақ елінің тіл байлығын, қонақжайлығын айтып, ризашылығын білдірді. Сыр сүлейлерінің жырына сусындатқан қызылордалық Бидас Рүстембеков, Марат Сүгірбай, Майра Сәрсенбаеваның орындау шеберлігі жоғары болды. Түбі бір, діні бір, ділі бір, жыры мен ыры бірдей бауырлас елдің арасында тек қана достық бар екендігін алға тартқан айтыскер, жыршы – Баянғали Әлімжанов Тарақты Байғозы батыр туралы толғады. Арқалана жырлаған Баянғали жырау Манасты айтып барып, тізгін тартты. Маңғыстаулық Амандық Көмеков, оралдық Армат Исламғалиев және Ерболат Шалдыбеков (Астана), Фархат Оразов (БҚО), Демеубай Жолымбетов (Ақтөбе), Шаттық Уатқан, Қазбек Әдікей (Алматы), айтыскер ақын Дидар Қамиев, Бұқар жырау ауданының түлегі Әлібек Бимендин шараның сәнін кіргізді. Қазақтың жыр-дастандарын, толғау-термелерін көмейінен төгілте орындайтын түрлі деңгейдегі шараларға үнемі қатысып, халқымыздың өнерін кеңінен насихаттап жүрген өрендердің жырын жиылған қауым сүйсіне тыңдап, құлақ құрышын қандырды. Өнері көпті тәнті еткен жыршыларға облыс әкімінің орынбасары Жандос Әбішев, «ТҮРКСОЙ» ұйымының өкілі Асқар Тұрғанбаев, Бұқар жырау ауданының әкімі Шагурашид Мамалинов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова сынды өнердің жанашырлары алғысын жеткізіп, барлығына сый-құрмет көрсетті. Қарағанды облысы әкімдігінің қолдауымен өткен игі шара Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестігі ұжымының әншілері мен Тәттімбет атындағы академиялық халық аспаптар оркестрінің арнайы концерттік бағдарламасымен кеш шымылдығын жапты.

**Қуаныш АМАНҚҰЛОВ,**
**Нұрдос КӘРІМ**
*Суреттерді түсірген*
*Д.КУЗМИЧЕВ*

Қарағанды облысы

БАЙҚАУ

## ЖАС ДРАМАТУРГТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

**Жуырда Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен Талдықорғандағы Б.Римова атындағы драма театры ұйымдастырған «Ел тарихы – Жер тарихы» атты республикалық байқаудың қорытындысы жарияланып, жеңімпаздар анықталды.**

Байқауға қатысқан шығармаларды талдап, әділ бағалаған әділқазылар алқасының құрамында жазушы, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дулат Исабеков, «Өнертану» ғылымының кандидаты, театр сыншысы Анар Еркебай мен ақын, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әрін болды. Қазылар алқасы конкурс кезінде қаламгерлердің қабілет-қарымын жоғары бағалады.

Байқаудың атауы мен талаптарына сәйкес пьесалар Жетісу өлкесінде болған тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалар жайында жазылған. Көркемдік, мазмұндық деңгейіне қарай ең үздік деп танылған драмалық шығарма Орбұлақ шайқасының 375 жылдығына арналған Қолғанат Мұраттың «Орбұлақ» тарихи драмасы болды. Бас жүлдені еншілеген шығарма иесі арнайы диплом мен 700 000 теңгелік ақшалай сертификатқа ие болды. Жүлделі 1-орынға Ұлпан Тоқаева, ал 2-орынға Зәмзәгүл Сарноқасова лайық деп танылса, 3-орын Әлішер Айтуарға бұйырды. Ал Мұса Жанәділов пен Айжарық Сұлтанқожаның шығармалары да үздік деп танылып, жас қаламгерлер диплом және 100 000 теңге ақшалай сертификатпен марапатталды. Айта кетейік, бас жүлдені иеленген «Орбұлақ» тарихи драмасы келер жылы аталмыш театрда сахналанады.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ



## «ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕГІ ЖАУЫНГЕРЛЕР»

**Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейінің ұйытқы болуымен «Халық жүрегіндегі жауынгерлер» атты қайырымдылық концерт өтті. Шараға соғыс ардагерлері, театр өнерпаздары және шекара комитетінің курсанттары қатысты.**

Қайырымдылық кештің мақсаты – бейбітшілік жолында қаза болған ерлердің есімін ұлықтап, қазіргі уақытта арамызда жүрген ардагерлердің батырлығын жастарға үлгі ету және өскелең ұрпақ бойында патриоттық сезімді ояту.

Кешке жиналған қауым шейіт болған батырларды бір минут үнсіздікпен еске алып, мектеп оқушылары ардагерлерге гүл шоқтарын табыс етті. Шара барысында музей директорының орынбасары Бейбітқали Қақабаев, Қазақстан жылыжайлар қауымдастығының өкілі Маржан Қанатқызы, Медеу ауданындағы ардагерлер кеңесі төрайымының орынбасары Валерий Соволев лебіз білдірді. М.Ю.Лермонтов атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрының әншілері менҚазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті шекара қызметінің курсанттары майдан жылдарындағы әндерді шырқады. Шин Владимирдің жетекшілігімен «Родина» халық қоры Шәмші әндерінен поппури орындап, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы мен «Аяжан» медицина колледжінің студенттері қазақ биімен көпшіліктің ықыласына бөленді. Сонымен бірге «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» экспозициясы көпшілік назарына ұсынылды.

КЕШ

## «ДҮР ДҮНИЕНІҢ ПАРАСАТ ТӘЖІ»

**Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада Халықаралық «Шабыт» шығармашыл жастар фестивалінің лауреаты, бірнеше республикалық мүшәйралардың жүлдегері, ақын Дәуірбек Дүйсебаевтың «Дүр дүниенің парасат тәжі» атты шығармашылық кеші болып өтті.**

Іс-шара барысында филология ғылымының докторы, ақын Жанат Әскербекқызы, жазушы, сыншы Айгүл Кемелбаева,Қазақстан Жазушылар одағының Астанадағы филиалының төрағасы, ақын Бауыржан Қарағызұлы, журналист Қыдырбек Рысбекұлы, ақындар Дәулеткерей Кәпұлы,Қалқаман Сарин және өзге де қаламгерлер сөз сөйлеп, ақын шығармашылығына одан әрі табыс тіледі.

Сөз сөйлеген қаламгерлер мен ғалымдардың дені шет елдердің жауһар шығармаларын қазақ тіліне және еліміздің асыл мұраларын басқа тілдерге тәржімалауға атсалысу Дәуірбек сияқты шет тілін білетін мамандардың тікелей міндеті екендігін қадап айтты.

Кеш аясында өткен «Менің тілім өлмейді» атты жыр оқу сайысында елордадағы мектеп оқушылары аталмыш автордың өлеңдерін жатқа оқыды.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ



## МӘҢГІЛІК ЕЛ – АСЫЛ МҰРАТЫМЫЗ

**Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің №4 кітапханасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында сынды «Жаңарған Қазақстан – жаңарған ұрпақ: Мәңгілік ел – асыл мұратымыз» атты тақырыпта дөңгелек үстел өтті.**

Бұл шараның мақсаты: бізге бейбіт өмір мен тәуелсіздікті сыйлаған батыр бабаларымыздың биік тұлғаларын ардақ тұтып, құрмет көрсету, жастардың бойында ұлттық сананы, патриотизмді қалыптастыру.

Дөңгелек үстелге республикалық «Желтоқсан ақиқаты» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болат Құрымбаев, жазушы, Талғат Айтбайұлы, ақын, Болат Шарахымбай, «Желтоқсан ақиқаты» қоғамдық бірлестігінің Бостандық ауданы бойынша төрайымы Шолпан Антаева, журналистер Бағдат Айтмұқаева, Көлбай Адырбекұлы және басқалар қатысты.

Қонақтар «Желтоқсан – Тәуелсіздік бастауы», «Заман келбеті және ұлттық мәселелер», «Ұлт тағдыры болашақ ұрпақ қолында» тақырыптары аясында ой бөлісіп, бүгінгі жас ұрпақты тарихты, ұлттық құндылықтарды ұлықтауға шақырды.

**Алтынбек ИБРАГИМ**

КӨРМЕ

## Ынтымақтастық айғағы

**Қазіргі еліміз рухани жаңғыруға бет алған кезеңде ұлтымыздың тарихы мен мәдениетін, өнері мен әдебиетін әлем жұртшылығына таныстыру, үздік шығармаларды насихаттау маңызды міндеттердің бірі.**

Таяуда Біріккен Араб Әмірліктерінің астанасы Абу-Даби қаласында 2018 жылғы Абу-Даби халықаралық кітап көрмесі өтті. Оған 63 елден 1500 қатысушы қатысты. Көрменің ашылуында Біріккен Араб Әмірліктері Сыртқы істер министрі Шейх Абдулла бен Зайед әл-Нахайан биылғы жылдың құрметті қонағы – Польша елінің стендін салтанатты түрде ашты. Польша делегаттары құрамында зиялы қауым өкілдері, суретшілер, музыканттар және аспаздар болды. Олар поляк әдебиетінің алтын классикасы мен Нобель сыйлығы лауреаттарының шығармаларын, сондай-ақ қазіргі заманғы шығармалар арқылы поляк мәдениетін, дәстүрін, өткен кезеңін және қазіргі динамикалық дамуын араб халқына жан-жақты таныстырды. Кәсіби бағдарлама кезінде поляк кітаптар нарығы мен аударма, авторлық құқықтарды басқару сөз болды. Балаларға арналған іс-шараларда поляк артистері өнер көрсетті, аспаздар ұлттық тағамдарының тарихын түсіндірді.

Аталмыш көрмеге Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар қауымдастығының ұйымдастыруымен қазақстандық бір топ баспа ісінің мамандары қатысты.

Қазақстандық делегация құрамында «Дәуір» РПБК директоры Светлана Назарбаева, коммерциялық директоры Балжан Ракишева, ҚР Ұлттық кітапханасы Сыртқы байланыстар және франдрайзинг тобының жетекшісі, «Қазақ энциклопедиясы» баспасының директоры Жадыра Тойбаева, «By production» директоры Маржан Сәдуақасова, аудармашы Перизат Қайрат және осы жолдар авторы, т.б. қатысты. Қазақстан стендінде қазақ, ағылшын, араб тілдерінде 200-ге жуық басылым көрме қатысушыларының назарына ұсынылды. Онда көркем әдебиеттермен қатар балаларға арналған кітаптар, оқулықтар, құжаттамалық-деректі басылымдар бар.

Көрменің бірінші күні, Абу-Даби Мәдениет және туризм басқармасының арнайы шақыруымен «Дәуір» республикалық баспа полиграфия кешенінің директоры Светлана Назарбаева кәсіби бағдарламаға қатысып, «Мәдениет. Кітап ісі: Қазақстандағы тұрақты даму жолындағы қозғалыс» атты баяндама жасады. Баяндамаға елшілер, дипломаттар, араб елінің зиялы қауым өкілдері қатысып, Қазақстанның мәдениеті, табиғаты, салт-дәстүрі және баспа саласының тарихы мен жетістіктері туралы толық мағлұмат алды.

Шараға Қазақстанның Біріккен Араб Әмірліктеріндегі Елшісі Қайрат Лама Шариф тікелей қолдау білдіріп, көрменің сәтті өтуіне барлық жағдайды жасады. Бұл кітап көрмесі Қазақстан мен БАӘ арасындағы мәдени, рухани байланыстарды нығайту бағытындағы нақты қадамдардың бірі болды.

Мұндай іс-шаралар Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы мәдени, рухани байланыстардың жаңа кезеңіне қадам басқандығын аңғартады.

**Баян ҚАБЫЛАШ,**
**Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының қызметкері**

№20 (1434)
17 – 23 мамыр
2018 жыл

ТІЛІ МЫҚТЫНЫҢ – ЕЛІ МЫҚТЫ

**Күн санап өзгеріп жатқан аумалы-төкпелі заманда сана-сезіміміз бен дүниетанымымызды жаңғыртып, заман ағымына сай бейімделу басты міндетімізге айналды. Себебі Елбасымыз өзінің 2017 жылы жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіріп, көш басындағы елдермен иық түйістіруге дайын болуымыз керектігін дәлелмен келтірген еді. Атап айтар болсақ, рухани жаңғырудың бастауы – ұлттық сана, тірегі – ұлттық тіл, арқауы – білім, мекені – туған жер, дербестігі – мәдениет, мақтанышы – азамат болуы керек деген жүйелі басымдықтарды сөз еткен болатын. Аталған мақалада қамтылған бастамалардың бәрі де өзекті, бәрі де мағыналы. Соның бірі 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын әліпбиіне көшіру бастамасы. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жаңа әліпбиге көшу жөнінде: «Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деген болатын.**

# ЖАҢА ӘЛІПБИДІҢ жаңалығы көп



**Жібек ЖОЛШЫБЕКОВА,
Павлодар облысының
тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының бас маманы**

Әлемдегі дамыған мемлекеттердің көшінен қалмау үшін және бүкіл дүниежүзілік ақпарат пен технологияның, білім мен ғылымның кеңістігіне енуі үшін аса қажет латын әліпбиін үйрену, меңгеру және сол графикада жазуға қадам жасауымыз заман талабынан туындап отырған шешім деп түсінуіміз керек.

«Елу жылда – ел жаңа» дейді дана халқымыз. Яғни заман талабына сай болып жатқан өзгерістер мен реформаларды дұрыс қабылдап, оларды бойымызға сіңіру, олардың іске асырылатынына сену және сол игілікті қадамдарға өз үлесімізді қосу баршамыздың міндетіміз деп білеміз.

Осы орайда «латын әліпбиіне көшсек, оның біз үшін тиімді тұстары қандай болмақ» деген сұрақ туындайтыны сөзсіз. Біріншіден, XXI ғасыр – ақпарат ғасыры, цифрландыру заманы десек, осындай компьютер заманында интернет жүйесінде үстемдік ететін латын әліпбиі екендігін мойындауымыз керек. Екіншіден, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын одан әрі кеңейтуге мүмкіндік береді. Тіл тазарып, тіліміздің жат дыбыстарды таңбалайтын әріптері қысқарып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Төртіншіден, латын әліпбиіне көшу арқылы тіліміздің табиғатын сақтаймыз, даму заңдылығының бұзылуына жол бермейміз, фонетикалық жүйесін қалпына келтіреміз. Жалпы өз сөзіміз өзімдікі болады.

Осылайша, аймағымызда Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы жарияланғаннан бері, сондай-ақ аталған бастаманы іске асыру мақсатында Аймақтық жобалар офисімен бірлесе «Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру» бойынша тиісті жұмыстар жүзеге асырылып келеді.

Бүгінде облыста Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанынан латын графикасына көшу бойынша жоғары оқу орындарының филолог ғалымдарынан, тіл жанашырлары мен өзге де зиялы қауым өкілдері мүшелерінен тұратын түсіндіру тобы құрылған. Түсіндіру тобының мүшелерімен қала, аудандарда жаңа әліпбиге көшу мәселесі бойынша кездесулер өткізіліп, республикалық, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында латын әліпбиіне қатысты мақалалары да жарыққа шықты.

Латын әліпбиінің алғашқы нұсқалары жарияланған кезеңдерде жоғары оқу орындарының ғалымдарымен «Латын графикасына көшудің ұтымды тұстары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліп, оның қорытындысы бойынша ғалымдар алғашқы нұсқалардағы диграфтар мен апострафтарға қатысты «бір әріп – бір дыбыс» принципін қолдауға қатысты ұсыныстары қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі Ұлттық комиссиясына жолданған болатын. Облыстың барлық жоғары оқу орындарында, тіл орталықтары мен Қазақстан халқы ассамблеясының этномәдени бірлестіктерінде, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалында латын әліпбиін енгізудің тарихи кезеңдері талқыланған дөңгелек үстелдер, жергілікті телеарналарда сұхбаттар, кездесулер, «Латын графикасына көшудің ұтымды тұстары» атты дөңгелек үстел, «Латын әліпбиіне көшу – заман талабы» атты пікірсайыс, қазақ тілі оқытушыларының біліктілігін арттыру мақсатында «Тіл білімі және латын әліпбиі» тақырыбында онлайн семинар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға қатысты түйінді пікірлер талқыланған «Тіл, мәдениет, жастар – жарқын болашақ!» атты жастар форумы өтті. Шара барысында «Латын графикасы және қазақ тілі» мен «Мемлекеттік тіл – жастар» тақырыбындағы секциялық бөлімдерде қатысушылар тарапынан латын әліпбиіне көшудің ұтымды тұстары мен пайдасы туралы тұжырымдар айтылып, жастар өз ойларын ортаға салды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының басым бағытының бірі үш тілді жетік меңгерген жастар арасында «Тіл шебері», «Тілдарын» облыстық шаралары өткізілді.

Осы жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы Жарлығы бекітілді.

Басқармада «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді. Жоспарға сәйкес латын кабинеті ашылып, тұрғындарға қазақ тілі әліпбиінің латын графикасына көшуі бойынша ақпарат ұсынылуда. Сонымен қатар «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» облыстық филиалының мүшелерімен кездесу, мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешілеріне арналған тайм-менеждмент тренингі өтті. Алдағы уақытта аталған жоспар шеңберінде «Қазақ тілінің латын графикасына көшу тиімділігі» тақырыбында диалогтық алаң, онлайн режимі арқылы тіл мамандарына арналған «Терминологияның өзекті мәселелері» ақпараттық сағат, қазақ тілінен флеш-тренинг курстарында ашық дәрістер, қазақ тілі әліпбиінің латын графикасына көшуі бойынша қазақ тілі оқытушыларына арналған онлайн семинар, тіл мамандарына арналған вебинар және тағы да басқа шаралар өткізу жоспарланған.

Бүгінгі таңда өңірімізде Басқарманың бастамасымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында республикалық тізімге енгізілген 4 жоба жүзеге асырылуда. Олар: тілдік-туристік-мәдени бағыттағы «Тіл – керуені» жобасы, «Отбасымен бірге үш тілді үйренеміз» жобасы, зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтарға арналған «Күн сәулесі» жобасы, сондай-ақ жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған «Тілдік келісім» жобасы.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп дана халқымыз айтқандай, екі қолды сыбанып нақты әрі нық қадаммен алға бассақ, айтарлықтай үлкен кедергілер жоқ. Негізінен, халықтың көзқарасы, ниеті бір болса, қиындықтарды жеңіл шешуге болатыны анық. Жастар жағы, орта буын өкілдері компьютерді толық меңгергендіктен олар үшін латынды үйрену қиындық туғызбайды деп ойлаймыз. Латын әліпбиі негізінен төл әліпбиіміз болғандықтан, халқымыз үшін қиындықсыз іске асырылып кететіне сенім мол.

Демек, баршамыз елдік істе ұйысып, кемел жұмыстың қолдаушысы болсақ, болашақта ұлттың табысты болуының кепілі болатыны айқын.

ШАРА

# Достыққа дәнекер

**«Тіл – ұлт бірлігінің, жұрт тірлігінің кепілі» дейміз. Қандай да ұлт тілсіз қалыптаса да, сақтала да алмасы анық. Соңғы уақытта елімізде қазақ тілінің тұғырын биіктету, болашағын жарқын, келешегін баянды ету мақсатында игі істер атқарылып келеді.**

Осы орайда, «Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында маңызды шаралар қолға алынуда. Жақында Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының ұйытқы болуымен «Тіл татулық тірегі» тақырыбында басқосу өтті. Аталмыш шара басқарманың 2018 жылға арналған жоспарына сәйкес Алматы қаласындағы этномәдени бірлестіктердің өнер ұжымдары мен өнерлі этнос өкілдерінің қатысуымен болған концерттік бағдарлама негізінде жүзеге асты.

Кештің қадірлі қонағы болған Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі, философия ғылымының докторы Қазақбай Қасымов талай сын кезеңдерден өткен қазақ тілінің болашағы Қазақстанда тұратын әрбір ұлт өкіліне де байланысты екенін алға тартты.




– Тілі өркендемеген ел ешуақытта ұлттық мемлекет болып салтанат құра алмайды. Тіл бірлігі болмаса не мемлекет, не тәуелсіздік баянды болмайды. Бүгінгі тәуелсіздігімізді сақтап, қорғау үшін біз ең алдымен мемлекеттік тілімізді меңгеруіміз керек. Барша қазақстандықтарды жұдырықтай жұмылдыратын негізгі күш – мемллекеттік тіл. Қазақ елінің, қазақ жерінің нағыз патриотымын деген әрбір ұлт, этнос өкілі осы жерге, елге деген патриоттық сезімін тілді құрметтеуден бастау керек. Оған бүгінгідей тілімізді дәріптейтін кештердің маңызы зор. Әр этнос өкілдері өз ұлттық билерін билеп, әндерін салып, бір-бірімен қазақ тілінде сөйлесуі бұл біздің мемлекеттік тіліміздің салтанат құрғаны, – деді Қазақбай Таштемірұлы.

Қазақ тілінің мәртебесі, қазақ тілінің болашағы туралы сөз болған жерде өз пікірін білдіретін тіл жанашыры, қоғам қайраткері Асылы Осман тіл мәртебесі жөнінде:

– Мұндай іс-шаралардың тіліміз үшін маңызы зор. Бірақ құр өткізіп қана қоймай, тілдің күнделікті қолданыста болуына баса назар аударуымыз керек. Қазақстанды әлемге танытатын рухани дүниенің ең негізгі жеткізушісі – тіл. Сондықтан тіл өзінің деңгейінде болуы керек, – деген пікірін білдірді.

Мемлекеттік тіл саясатын насихаттау, ұлт бірлігін нығайтуды мақсат еткен шарада оған қатысушылар өнерлерін ортаға салды. Шара соңында қатысушыларға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар тапсырылды.

**Ақбота МҰСАБЕКҚЫЗЫ**

ОҚЫРМАН ОЙЫ

**Әр халықтың өзгеге ұқсамайтын өз тілі бар. Әр халық өзін тек ана тілінде ғана толық таныта алады. Тілдің түп-тамырын, құндылығын, маңыздылығын, ерекшелігін, елдің терең тарихын жан-жақты түсіну үшін қасиетті тіл ұрпақтан-ұрпаққа мұраға беріліп отыратыны бесенеден белгілі.**

# ЗАҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖАЗЫЛУЫ ТИІС

Еліміздің тарихи тұғыры берік болу үшін ұлттық тіл мен ділді, салт-дәстүрді, тәуелсіздікті ғаламдық өзгерістердің ықпалынан қорғап отырып, сақтап қалуымыз керек. Мысалы, Жапон, Корей мемлекеттері қаншама жаһандану процесіне етене арласып, экономикалық, технологиялық жағынан озық мемлекеттердің бірі бола тұрып, салт-дәстүрлерінің ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық түрлерін сақтап, оны мемлекеттің, қоғамның, корпоративтік қызмет дамуы барысында тұрақты қолдануда (бас иіп сәлемдесу, үлкенге ізет-құрмет, жиындарда ұлттық киім кию дәстүрлері, ана тілінде сөйлесуі). Бұл жерде Сергей Аверинцевтің «тілді ауыстыру – ойлауды ауыстыру» деген пікірі еске түседі. Яғни басқа тілде сөйлесетін болсақ, онда біздің ойлау ұстанымымыз, көп жағдайларға көзқарасымыз сол тілдің мәдениетіне қарай бейімделіп, өзгереді деген сөз.

Ұлттық тіл, сонымен қатар мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды факторларының бірі. Бүгінгі таңда Ресейде де қазіргі заманға сай пайда болған ағылшын тіліндегі сөздердің орыс тілінде аудармасы жоқ болғандықтан, не ағылшын тілінде сөйлесуді сәнге айналдырғандықтан, «сары» газет-журналдарда сленг қолдануда мәтіннің жартысы ағылшын тілінде жазылып кетуіне байланысты бірте-бірте орыс тілі жоғалып кете ме деген қауіп төнуде. Орыстың әйгілі сыншысы В.Белинскийдің пікірінше, «шет тіліндегі сөзді, оған тең орыс тіліндегі сөз тұрғанда қолдану – ол дұрыс мағынаны да, дұрыс талғамды да қорлау болып саналады».

Қазіргі таңда мемлекеттік органдарда қазақ тілінде іс жүргізу республикамыздың оңтүстік өңірлерінен басқа аймақтарында тек формальды түрде жүзеге асырылуда деп айтуға болады.

Қолданылып жатқан заңдар бірінші орыс тілінде жазылып, кейіннен қазақ тіліне аударылуда. Тәуелсіздік жылдарында қазақ тілінде үш Заң ғана жазылған, ал қалған заңнамалық актілер Ресей заңнамасынан, не шетелдік үлгілік заңдардан көшіріліп, қазақшаға аударылуда. Егер сол заңдар қазақ тілінде жазыла бастаса, жоғарыда атап өткеніміздей, «тілді ауыстыру – ойлау қабілетін ауыстыру» дегендей, заң жобаларын жазу барысына ұлттық менталитетіміз қамтылатындай болар еді.

Заң актілерінен басқа, мемлекеттік мекемелерде iсқағаздарын жүргізу тілінде де көптеген шешілмеген мәселелер бар. Олардың бірі, қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазының айтуынша, «iсқағазын қазақ тілінде жазып, министрлікке жолдасаңыз, ондағылар орыс тіліндегі нұсқасын сұрайды, өйткені көп қызметкерлер қазақ тіліндегі жазылған құжатты оқи да, түсіне де алмайды». Сондай-ақ заң актілерінің не құжаттардың орыс тіліндегі мәтінімен қатар қазақ тіліндегі мәтіні болғанымен, оны оқитындар өте аз (сондықтан нормативтік қаулылардың қазақ тіліндегі мәтінінде өрескел қателер өріп жүр). Егер заң актілерін не қызметтік хаттарды қазақ тілінде ешкімнің жазуға құлшынысы жоқ болса, онда «орыс тілінде жазылған мәтіндерді аударудың қажеті қанша?» деген сұрақ туындайды.

Тағы бір айта кететін жайт, мемлекеттік органдарда, әсіресе Ішкі істер министрлігіне қарасты органдарда қызметкерлердің iсқағаздарын толтыруда қазақ тілінде ғана емес, сонымен қатар орыс тілінде де грамматикалық, орфографиялық қателер жіберетіні аңғарылуда. Мұндай өрескел қателерге жол берілуінің басты себептері – мемлекеттік органдар қызметкерлерінің, әсіресе жас мамандардың арасында жиі кездесетіні, бұрынғыдай кітап, журнал оқымай, тек интернетте ауызша сөйлеу тілінде тілдесіп, бос уақытын өткізетінінде, мектеп мұғалімдерінің сол оқушылардың білімсіздігіне көз жұмып қарайтынында деп ойлаймыз. Оқушылар мектеп қабырғасында алған білімімен озат студент болып, одан кейін ұстаз атанып, келешек ұрпаққа терең білім бере алмауда. Елімізде мұндай келеңсіз жағдайлар орын алмас үшін мұғалімдерді, оқытушыларды жұмысқа қабылдағанда конкурстан, емтиханнан өткізіп алған жөн деп есептейміз.

**Ләззат ТҰРҒАНБАЕВА,
ҚР Әділет министрлігі жанындағы
«Заңнама институты» лингвистика
орталығының ғылыми қызметкері,
заң ғылымының кандидаты**

*Қазақстан Республикасы Президентінің
2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығына қосымша*

*Қазақстан Республикасы Президентінің
2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығымен бекітілген*

**Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі**

| № | Жазылуы | Дыбысталуы | № | Жазылуы | Дыбысталуы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | A a | [а] | 17 | Ń ń | [ң] |
| 2 | Á á | [ә] | 18 | O o | [о] |
| 3 | B b | [б] | 19 | Ó ó | [ө] |
| 4 | D d | [д] | 20 | P p | [п] |
| 5 | E e | [е] | 21 | Q q | [қ] |
| 6 | F f | [ф] | 22 | R r | [р] |
| 7 | G g | [г] | 23 | S s | [с] |
| 8 | Ǵ ǵ | [ғ] | 24 | T t | [т] |
| 9 | H h | [х], [h] | 25 | U u | [ұ] |
| 10 | I i | [і] | 26 | Ú ú | [ү] |
| 11 | I ı | [и], [й] | 27 | V v | [в] |
| 12 | J j | [ж] | 28 | Y y | [ы] |
| 13 | K k | [к] | 29 | Ý ý | [у] |
| 14 | L l | [л] | 30 | Z z | [з] |
| 15 | M m | [м] | 31 | Sh sh | [ш] |
| 16 | N n | [н] | 32 | Ch ch | [ч] |

ЖИЫН

# Ой-пікір алмасты

**Жуырда Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының 2018 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшірудің өзекті мәселелері» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция өтті.**

Конференция жұмысына Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссияның мүшелері, тілші ғалымдар, оқытушылар, білім, ғылым мекемелерінің мамандары, жас ғалымдар және т.б. қатысты.

Аталған жиынды Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының басшысы Рахат Шимашаеваашып, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы латын әліпбиіне көшу мәселесі терең тарихи логикаға негізделгенін атап өтті. Шара барысында латын әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізуге байланысты жоба кеңінен талқыланып, қазақ тілінің жаңа әліпбиіне қатысты өзекті мәселелер көтерілді. Қатысушылар латын әліпбиіне көшудің маңызды қырлары: дыбыс пен әріп арасындағы байланысты грамматологиялық бағытта талдауға, жаңадан жасалатын емлелердің сипатын анықтауға, әліпби мен жаңа емле-ережелерді оқыту мазмұнын саралауға ерекше көңіл бөлді.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі Әлімхан Жүнісбек «Жаңа латын әліпбиінің сингармологиялық талданымы», А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы Зейнеп Базарбаева «Латын графикасындағы орфографияның ғылыми негіздері», Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің профессоры, педагогика ғылымының докторы Фаузия Оразбаева «Латын әліпбиін игерудің әдіснамалық ерекшеліктері», А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, профессор Бағдан Момынова «Гибрид сөздер: тарихы мен қазіргі кездегі орфограммалануы» тақырыптарында баяндама жасады. Жиын барысында өзге де ғалымдар өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Конференция соңында барлық қатысушыларға арнайы сертификат тапсырылды.

**Абылайхан ЖҰМАШЕВ**

JIYN

# Oı-pikir almasty

**Jýyrda Almaty qalasy Tilderdi damytý basqarmasynyń 2018 jylǵa arnalǵan jumys josparyna sáıkes «Rýhanı jańǵyrý» baǵdarlamasy aıasynda «Qazaq álipbıin latyn qarpine kóshirýdiń ózekti máseleleri» taqyrybynda ǵylymı-praktıkalyq konferensıa ótti.**

Konferensıa jumysyna Qazaq álipbıin latyn grafıkasyna kóshirý jónindegi ulttyq komıssıanyń músheleri, tilshi ǵalymdar, oqytýshylar, bilim, ǵylym mekemeleriniń mamandary, jas ǵalymdar jáne t.b. qatysty.

Atalǵan jıyndy Almaty qalasy Tilderdi damytý basqarmasynyń basshysy Rahat Shımashaeva ashyp, Elbasy N.Á. Nazarbaevtyń «Bolashaqqa baǵdar: rýhanı jańǵyrý» atty maqalasyndaǵy latyn álipbıine kóshý máselesi tereń tarıhı logıkaǵa negizdelgenin atap ótti. Shara barysynda latyn álipbıiniń biryńǵaı standartyn engizýge baılanysty joba keńinen talqylanyp, qazaq tiliniń jańa álipbıine qatysty ózekti máseleler kóterildi. Qatysýshylar latyn álipbıine kóshýdiń mańyzdy qyrlary: dybys pen árip arasyndaǵy baılanysty grammatologıalyq baǵytta taldaýǵa, jańadan jasalatyn emlelerdiń sıpatyn anyqtaýǵa, álipbı men jańa emle-erejelerdi oqytý mazmunyn saralaýǵa erekshe kóńil bóldi.

A.Baıtursynuly atyndaǵy Til bilimi ınstıtýtynyń bas ǵylymı qyzmetkeri, fılologıa ǵylymynyń doktory, Qazaq tili álipbıin latyn grafıkasyna kóshirý jónindegi ulttyq komıssıanyń múshesi Álimhan Júnisbek «Jańa latyn álipbıiniń sıngarmologıalyq taldanymy», A.Baıtursynuly atyndaǵy til bilimi ınstıtýtynyń bas ǵylymı qyzmetkeri, fılologıa ǵylymynyń doktory Zeınep Bazarbaeva «Latyn grafıkasyndaǵy orfografıanyń ǵylymı negizderi», Abaı atyndaǵy Qazaq ulttyq pedagogıkalyq ýnıversıtettiń professory, pedagogıka ǵylymynyń doktory Faýzıa Orazbaeva «Latyn álipbıin ıgerýdiń ádisnamalyq erekshelikteri», A.Baıtursynuly atyndaǵy Til bilimi ınstıtýtynyń bas ǵylymı qyzmetkeri, fılologıa ǵylymynyń doktory, professor Baǵdan Momynova «Gıbrıd sózder: tarıhy men qazirgi kezdegi orfogrammalanýy» taqyryptarynda baıandama jasady. Jıyn barysynda ózge de ǵalymdar óz usynys-pikirlerin ortaǵa saldy.

Konferensıa sońynda barlyq qatysýshylarǵa arnaıy sertıfıkat tapsyryldy.

**Abylaıhan JUMASHEV**

ТӘРЖІМАТАНУ

**Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыты бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. 2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастауға тиіспіз» деп нақты тапсырма жобасын бекіткен болатын. Бұл жоба жас ұрпақтың бойына жаһандық ой-сана құндылықтарын сіңіруге ерекше серпін береді деп ойлаймыз.**

# КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БОЯУ



Осы орайта айта кетерлігі, бүгінгі таңда аудармада түпнұсқаға адал бола отырып, балаламалап образды аудару тәсілі кемшін түсіп отырғаны байқалады.

Аудармашы ең әуелі аударатын мәтіннің қай ұлттікі екендігін жақсы білуі керек деп есептеймін. Сонымен қатар екі ұлттың тарихын, мәдениетін, этнографиясын, салт-дәстүрін, арман-тілегін, ұлт мұратын толық меңгергені абзал. Сонда ғана ол өзі аударатын дүние жөнінде еркін құлаш сермей алады. Мысалы, қытай тіліндегі мына бір сөйлемге назар аударайық:人不能两次踏进同一条河流。Бұл сөйлемнің тікелей аудармасы: «Адам бір өзеннің ағысын екі рет кешіп өте алмайды» болып келеді. Біз бұл сөйлемді дәл осылай аударар болсақ қазақ оқырмандар үшін түсініксіз болады. Демек, аударма кезінде қазақ халқы мен қытай халқының дүниетанымына мән беруге, ұлттық бояуына үңілуге тура келеді.

Қытайлар ежелден су жағалап, Чаңжиян, Хуаңқы сынды алып өзендердің жағасында өмір сүргендіктен олардың дүниетанымы сумен тікелей байланысты. Аталған сөйлемде уақыттың зулап өтіп жатқанын меңзеп тұрғанын аңғаруға болады. Аударманы қазақи дүниетаныммен ұштастыра келе: «Өмір екі келмейді, өгіз аттай желмейді» деп аударуға болады. Кейбіреулер бұл аударманы түпнұсқамен салыстыра отырып «өмірдің өгізге не қатысы бар?» деуі мүмкін. Көркем аудармада автордың айтар ойын асқан шеберлікпен, астарлап жеткізу арқылы сөйлемнің бойына қан жүгірте аласың.

Келесі бір мысалға зер салайық: 落叶归根。Сөйлемнің тікелей аудармасы: «Ағаш жапырағы түбіне түседі». Бұл аударманы қазақ халқы түсіне бермейді. Демек, қазақ халқы мен қытай халқының дүниетанымы екі бөлек деген сөз. Бұл сөйлем арқылы автор барлық нәрсенің өз тегіне қайтып оралатынын меңзеп тұрғанын байқаймыз. Сол себепті осы мағынаны қазақи дүниетаныммен ұштастырар болсақ, былайша аударылады: «Ат айналып қазығын табады, ер айналып елін табады».

Біз жоғарыда келтірген екі мысалды баламалап, образды түрде аударма жасадық.

共产主义风的那一年中国知识分子戴红帽子，作家们不得不光写红文学了。Тікелей аудармасы: Коммунизм желі соққан сонау бір жылдары қытай зиялылары бастарына қызық бас киім киіп, жазушылар қызыл әдебиетті амалсыз жырлады. Егер біз қытай тарихынан хабарымыз болмаса, бұл жылдарда не болғанын білмейміз. «Коммунизм желі, қызыл малақай, қызыл әдебиет» деген терминді де түсінбейміз.

四面楚歌 деген сөйлемді де біз Қытай тарихын білмей тұрып аудара алмаймыз. Бұл сөздің шығу тарихына үңілер болсақ, кезінде 7 бектік қатар өмір сүрген алғашқы қытай мыңжылдығын көз алдымызға келтіреміз. Ондағы Шу елінің атағы алыстарды шарлап тұрған. Сол жылдарда шыққан идиом, тіркес «қайда барсаң да Шу елінің әні». Мұнда Шу елінен басқа 6 бектіктің тұйыққа тірелген жолын көрсетеді. Яғни жағымсыз мағынада қолданылған. Біз бұл ұғымды толық түсінгенде ғана оның қазақша баламасын іздейміз. Сол сәтте «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» деген қазақ тарихындағы Оғыз заманындағы Қорқыт ата аңызын арқау ете отырып аударма жасауға тура келеді.

«Қоржынның екі басы тең», «Екі сегізім он алты» деген тұрақты тіркестердің қытайша аудармасын тауып көрелік. Ең алдымен, қытай тілінде «қоржын» деген атау-термин жоқ екенін ескерген жөн. Қалай аудармақ керек? Мұндайда біз тағы да ұлттық бояуға қол созамыз. Қытай халқының сан-цифр мәдениетіне үңілсек, олар үшін екі мен сегіздің көбейтіндісі таразы баспайды. Керісінше үш пен жетінің көбейтіндісі олардың дүниетанымына, ұлттық бояуына сіңгені шындық. Сондықтан біз қытайшаға «үш жетім жиырма бір» деп аударамыз:管它三七二十一。

Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Арман қуып ауылдан аттанарда,
Анам маған адам боп өс деп еді, – деген өлең жолдарын қытайшаға тәржімаласақ, екі ұлттың сөзжасам заңдылықтарына, грамматикалық құрылымдарына үңіле отырып, аударма жасаймыз. Қазақ тілі жалғамалы тіл, ал қытай тілі түбір тұлғалы тіл. Сол себепті біз осы ерекшелікті негізге ала отырып, сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыш және толықтауышты тауып, жалпы сөйлемнің мағынасын түсінуге тырысамыз. Ол үшін түпнұсқаның негізгі өзегін аударсақ та жеткілікті.

Біз жоғарыда мысалға келтірген аудармаларда сөз қосу және сөз қысқартып аудару тәсілін байқадық. Аударма кезінде сөз қысқартып аудару тәсілін қолданып, айтпақ ойды екінші бір ұлттың тілінің заңдылығымен, түсінікті етіп өрнектесек жетіп жатыр. Тағы бір айта кетерлігі қазақ қара өлеңдеріндегі алғашқы екі жолдың жайғана ұйқас үшін өрілетінін де ескеруіміз керек. Сол себепті біз бұл өлең жолдарын қытайшаға:

追求愿望离开故乡的时刻，
握手的母亲还再说着 «忠诚 деп аударамыз. Бұл сөйлемді аудару кезінде үлкен қиындық тудаған жоқ. Ал «Екі аяғын бір етікке тығу» сөзі қытай тілінде 穿小鞋子 болып аударылады.

Көркем аудармадағы көркемдеу амалдарын көрсетіп аудару аударманы сәтті шығарудың тағы бір жолы. Аудармашы өзі аударып отырған шығарманы жазған жазушының отбасылық жағдайын, өскен ортасын, алған тәлім-тәрбиесін, діни ұстанымын, өмірге деген көзқарасын білу арқылы, дәл осы шығарманы жазуға себеп болған қоғамдық тарихи жағдайға жақсылап үңілу арқылы сәтті аударма жасай алады.

Ба Жин (Ли Фэйгань) 1904 жылы 25 қарашада Чэндудағы ақсүйек отбасында дүниеге келген. Бала жас кезінен ескіліктің қалдығынан ажырамаған ортада өсті. Оған берілген тәрбие де ескіден келе жатқан салттарды дәріптеуді үйрететін. Кейін ол анасымен бірге түпсіз терең көгілдір аспанға құлшылық етіп, шырақ жаққанын есіне алады. «Бар жан-тәніммен құдайға табынып, жер бетіндегі әрбір жанға бақыт тілейтін едім» деп жазады ол. Ба Жин ата-анасынан ерте айрылады. Болашақ жазушының тәрбиесін атасы қолына алады. Әулеттің салты бойынша, сауат ашу сабақтарын Ба Жин жалдамалы оқытушыдан алады. 1920 жылы ол Сычуань провинциялық шет тілдер мектебіне оқуға түсіп, ағылшын тілін меңгере бастайды. Білім алу, тіл үйрену мақсатында 1927 жылы Францияға оқуға барады.

Енді жазушының «Бір парша бұлт» әңгімесін аударған нұсқамыздан үзінді ұсынуды жөн көрдік: 傍晚Шам қояр шақтағы, ала көлеңкеде 我靠着逐渐暗淡的最后的阳光的指引，走过十八年前的故居。өзімнің он сегіз жылдың алдында тұрған ескі үйімді адасып жүріп әзер таптым. 这条街，这个建筑物开始在我的眼前隐藏起来，Табан іздерім қалған бұл көше мен үшін өте ыстық, жалаң аяқ, жалаң бас шауып жүрген балдәурен шағым жадыма оралып, жаным жасарғандай болды. 想在躲避一个久别的旧友。Төңірегіме балалық сезіммен еркелей көз жүгірттім десе де, бұл көше бүгін мүлде басқа кейіпке енген, мені танымай ту сыртын бере тосырқай қарайды.但是它们的改变了的面貌于我还是十分亲切。我认识它们，就像认识我自己。还是那样宽的街，宽的房屋。Бірақ мен баяғы көшемді танып тұрмын, сол бұрынғы кең көшемен дәу үйді жазбай таныдым. Бұндағы 傍晚 сөзінің қазақшада: кешке таман, апақ-сапақ, қараңғы, ақшам, ымырт, кешқұрым, күн ұясына батқан шақ, шам қояр шақ, бейуақ, т.б. синонимдері қолдануға болады. Біз мұнда жалпы сөйлемге ондағы 暗淡 сөзіне қарай отырып, шам қояр шақтағы ала көлеңке деп алдық. Ал 指引сөзін біз «адасып жүріп әзер» деп аудардық себебі ондағы 最后的阳光 деген анықтауышына қарадық. Мұндағы ең бір шығармаға шырай кіргізген түс ол 故居 сөзі. Бұл сөздің «туған жер», «балалық шағы өткен жер» деген мағыналарды меңзеуіне негізделе қазақшада: «жалаң аяқ, жалаң бас шауып жүрген балдәурен шағым жадыма оралды» деп жалпы контекске қарай отырып қытай сөзінің мағынасын ашуға тырыстық.

Тағы бір мысалға кезек берейік: 我只得失望地走了Салым суға кетіп，我想着来时的路回去келген ізіммен кері қайттым. 以江走了四五步Таяқ тастам жер жүргенім сол еді, 我忽然掉转头，қандай құдіретті күш екенін білмеймін, селт етіп артыма қарап, 再看那个建筑物 өзімнің балалық шағым шашылған бал күндеріммен амалсыз қоштастым。依旧是阴暗的一线微光Тек жаңағы үйдің терезесінен шыққан жарық сәулесі ғана мұнартады. 。我好像看见一个盛满希望的水碗一下子落在地上打碎了一般，我痛苦地在心里叫起来。Аттай тулап алып армандарға арқаланып келген менің тауым шағылып, ауыр жүк артқан арық аттай ілбіп келемін.

Бұл аудармадан біз жазушының ішкі жан әлемін анық аңғарамыз.Ол психологиялық бағытта жазатын, нәзік жанды жазушыны білу қиынға соқпайды. Әр сөйлем мен сөздердегі аударманы салыстыра қарасаңыз көркемдеу амалдарын қалай қазақ тіліне аударғанымыз анық көрінеді. Қытайшадағы «4-5 адым» сөзін біз «таяқ тастам» деп алдық. Енді бірде «қолымдағы бір шыны суым жерге түсіп тас-талқан болды» деген қытайша теңеуді, қазақшаға «Аттай тулап, армандарға арқаланып келген менің тауым шағылып» деп аудардық. Ал «ішкі жан дүнием езіліп жылап келеді» деген қытайша кейіптеуді қазақ тілінде «арқама ауыр жүк артқан арық аттай ілбіп келемін» деу арқылы жанды аудармаға айналдырдық.

Қорыта айтқанда: көркем аудармада ұлттық бояуды шығарып аударуда аударманың алты түрлі сатысын ұстана отырып, алты түрлі аудару тәсілін есте сақтап, екі ұлтты көз алдыңа елестетіп, сөз маржандарын су түбінен сүзе білу керек. Бұл орайда жазушының жан дүниесі мен шығарманың тарихи көрінісін жетік ұғыну да маңызды. Сөйлемдегі орны ауысқан сөздерді ажырата білу, синонимдерді таңдай алу, күрделі құрмалас сөйлемдерде сөйлемнің негізгі үш мүшесі бастауыш, баяндауыш, толықтауышты тану, сол арқылы аударманың желісін табу негізгі талаптардың бірі.

Қорыта айтқанда, көркем аударма жекелеген қалам қайраткерлерінің ғана емес, бүкіл бір елдің әдебиетіне үлкен әсерін тигізеді.

**Нұрхалық АБДЫРАҚЫН,**
**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қытайтану кафедрасының аға оқытушысы**

ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮР

**Әншілік және жыршылық өнерді қатар игерген – Бағымбай Жақсымұратұлы айтулы өнер иесі еді. Ол бізге Бесқала қазақтарының «Ән басы», «Көк айна», «Ыңғай-ау», «Асылаужай», «Құлпан» сияқты бірнеше әндерін жеткізді. Халыққа «Бағымбай жырау» деген атпен белгілі болған ол 1933 жылы Қарақалпақстанның Қоңырат өңіріндегі Арзымбетқұм деген жерде дүниеге келген. Өнер жолында жастайынан көп ізденіп, Кердері Әбубәкір, Құмолда (Тілеумағамбет), Таз жырау (Құдайберген жырау), Ережеп, Жоли Жақсылық, Шекті Жақсылық, Теңелбай сынды ақын-жыраулардың шығармаларын жаттап, ел көп жиналған мереке-жиындарда айтып жүреді.**

# «Асыл кисең тозбайды...»

Б.Жақсымұратұлы жұртшылыққа әншілігімен де көріне білді. Оның репертуарында жоғарыда аталған әндермен қатар басқа да көптеген туындылар болды. Жыршымен бір кездескенімізде өзі тәлім алған Ережеп, Жоли Жақсылық жыраулар жайында тамаша естеліктер айтып: «Менің жыршы болуыма Ережеп жырау қатты әсер етті» деген еді. Ал әншілігі басым Жақсылық Мамытұлына да шәкірт болып, одан көптеген әндер үйренеді, батасын алады.

1952-1956 жылдар аралығында Қарақалпақ мемлекеттік мұғалімдер институтының тарих факультетінде білім алып, зейнет демалысына шыққанға дейін орта мектептерде қызмет етті. Ұстаздықпен бірге жыршылық, әншілік өнерде де биіктен көрінген Бағымбай Жақсымұратұлының терме-толғаулары кезінде Қарақалпақ радиосы мен Өзбекстанның бас телеарнасындағы қазақ тілді «Замандас» хабарында халыққа дәріптелді.

Бағымбай жырау өнерді насихаттау жолында жыр айтып, ән салумен шектелмеді. Қолы қалт еткенде республикалық, аудандық баспасөздерге танымдық мақалалар жазып жариялайтын. Әрі өнерге қызығушылық танытқан жастарға бар білгенін жалықпай айтып, халықтың асыл қазынасын кейінгіге жеткізуге үлес қосты. Өнерін ұлы Сағымбай мен қызы Зәурешке үйреткен.

Бұрынғы ақын-жыраулардың үлгісімен өзі де термелер жазған:

«...Домбыраны сөйлеткен,
Он саусақтың саласы.
Қызыл тілді сөйлеткен,
Отыз тістің қаласы.
Аруана мая күңіренер,
Бауырында болса баласы.
Арғымақ мінсең азбайды,
Аяғында болса тағасы.
Асыл кисең тозбайды,
Алтын-зер болса жағасы.
Құлақ салып тыңдасаң,
Мінекей сөздің сағасы.
Бұл сөздерді шығарған,
Алдарында отырған
Өздеріңе белгілі,
Менің атым – Бағымбай,
Мен Жақсымұраттың баласы».

Ал желілі жырлардан «Асау-Барақ», «Асқар батыр», «Алтын балық» сияқты жыр-қиссаларды жырлаған.

Бағымбайдың анасы Үміт – Төлеген Айбергеновтің туған апасы. Ақиық ақынмен бірге ойнап-өскен Бағымбай Төлегеннің «Апаларым» атты толғауын жыр сарынына салып орындап, ақынның балалық шағы жайында қызықты естеліктер айтатын.

Кезінде Қоңырат өңіріне барған фольклорлық экспедицияның адамдары жыршыдан «Алтын балық» қиссасын, «Теңелбай мен Құрбанбай ақынның айтысын» және бірнеше термелер жазып алады. Аталған мұралар Өзбекстан ғылым академиясы Қарақалпақстан бөлімінің Н.Дәуқараев атындағы тарих, тіл, әдебиет институтындағы қолжазба қорында сақтаулы.

Біз жыршының сексенге келіп, қайраты қайтқан шағында дидарластық. Бірнеше рет кездесіп, сұхбаттас болып құнды деректер мен мұраларды жазып алдық. Бесқала қазақтарының әндерін жеткізуші өнерпаз ретінде жоғары бағаланатын Бағымбай Жақсымұратұлы 2017 жылдың 26 шілдесінде Жамбыл облысының Меркі ауданында бақилық болды.

**Күнқожа ҚАЙРУЛЛА,**
**Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының оқытушысы**




**«Ана тілі» газетінде жарық көрген мақалаларға байланысты басылымның сайтында көптеген пікірлер жазылады. Олардың арасында ойлы ұсыныстар, сүбелі пікірлер мен көзқарастар аз емес. Солардың бірқатарын ықшамдап назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.**

## «ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?»

**5-сәуір, авторы: Дина ТАЗАБЕКҚЫЗЫ**

**Нұрбол:**

*ҰБТ-да балаларымыздың тағдыры сыналатындай. Ата-аналар мен ұстаздарға да оңай емес.*

**Қымбат:**

*Қазақ мектептерін бітірушілер орыс тілінде тест тапсырмайтыны жақсы болды.*

**Мұғалім:**

*ҰБТ-ның төңірегінде даулы мәселе көп. Сондықтан мектеп бітіруші түлектердің болашағына бейжай қарауға болмайды. Ата-аналар, ұстаздардың жан-жақты қолдауы маңызды.*

## «ӘЛЕМГЕ ТАНЫЛҒАН ӘМІРЕ» туралы көркем фильм көрерменге жол тартты

**5-сәуір, авторы: Дина ИМАМБАЕВА**

**Жазира:**

*Кинотуынды әлемнің түкпір-түкпіріндегі көрермендерді бейжай қалдырмасы анық. Өйткені мықты актерлар таңдалған.*

**Инабат:**

*Фильмді асыға күттік. Еуропалық кинотуындының стилінде түсірілсе де ұлттық құндылықтың бояуы қанық. Кино ұнады. Актерлар да рөлдерін жақсы ойнады. Шығармашылық ұжымға алғыс айтамыз.*

**Айжан:**

*Қазақтың Әміре сияқты әлемдік деңгейдегі тұлғасы туралы киноны көріп, кеудемізді ұлтымызға деген мақтаныш сезімі кернеді. Фильм өте жақсы түсірілген, көңілімізден шықты.*

*Актерлар да жақсы таңдалған. Енді Мағжан Жұмабаев туралы да фильм немесе сериал түсірілсе деген үмітіміз бар. Мәдениет министрлігіне, продюсерге алғысымыз шексіз.*

**Әділ:**

*Елімізде отандық кинолардың көбейгені қуантады. Көрермен сапалы фильмдерге таңдау жасайтын болады. Кәсіби мамандардың еңбегі көлеңкеде қалмайды.*

## «АУЫЛ СПОРТЫНА МӘН БЕРІЛСЕ...»

**5-сәуір, авторы: Есет ДОСАЛЫ**

**Дәрия:**

*Мықты спортшыларымыздың көбісі ауылдан шыққан қара домалақтар. Қанша дегенмен, ауыл баласының жігері, ұмтылысы, талпынысы, рухы мықты болады. Әрі ауыл баласы – еңбекқор.*

## «ЖАҚСЫ ІСТЕР ЖАЛҒАСА БЕРГЕЙ»

**12-сәуір, авторы: Нұрперзент ДОМБАЙ**

**Сағыныш:**

*Қоғамдық көлік мәселесі расында да көңілге қонбайды. Автобустардағы жүргізушілердің мәдениетсіздігі, көліктердің ластығы, жол ережесінің бұзылып, жолаушылар өмірінің қауіпке тігілуі, жүргізушілердің уақытылы жүру кестесін сақтамауы деген сияқты кемшіліктер бар.*

**Дайындаған Үміт ЖҰМАДІЛОВА,**
**«Қазақ газеттері» ЖШС-нің веб-сайты**

ҰЛЫ ДАЛА АТАУЛАРЫ

# МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

**Көріктітөбе** – төбе. Түпқараған ауданында орналасқан. Ел аузындағы дерек бойынша: «Тастан ою ойып, ағаштан түйін түйген хас шебер – Тоқтамыс Қаражүсіптің көрігі орнаған төбе» делінеді.

**Көсем** – қорым. Маңғыстау ауданында орналасқан. Антропонекроним. Көсем – Жеменейдің Есен тақтасынан тараған. Шамамен XIX ғасырда өмір сүрген, көріпкел адам болған (С.Қондыбай, 2000, 24).

**Көсікті** – құдық. Бейнеу ауданында орналасқан. Көсік – «құмды жерде өсетін, тамыры сәбіз тәріздес жабайы өсімдік» (ҚТАС, 344). Мағынасы: «көсік көп өскен жердегі құдық».

**Көшербай** – құдық, мешіт. Бейнеу ауданында орналасқан. Антропотопоним. Көшербай Қаражігітұлы – Адайдың Қырықмылтық руынан шыққан, балаларға араб-парсы тілдерін, жағрафия, математика ғылымдарын үйреткен, халықты адалдыққа, дін жолынан таймауға тәрбиелеген ахун (Бейнеу, 118).

**Көшкін** – қорым. Түпқараған ауданында орналасқан. Көшкін – «көшпенді жұрт, босқын ел» (ҚТТС, 5 т. 248). Мағынасы: «көшпенді жұрт, босқындар жерленген қорым».

**Күмбет** – төбе, қорым. Маңғыстау, Түпқараған аудандарында орналасқан. Күмбет – арабша «күмбез». Мағынасы: «шаңырақ тәрізді төбе» және «күмбезді қорым».

**Күмісбай моласы** – мола. Маңғыстау ауданында орналасқан. Мағынасы: «Күмісбайдың моласы».

**Күйекжал** – жал. Маңғыстау ауданында орналасқан. Атау күйек (зат есім) және жал (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы: «малдан күйек алынғаннан кейін ғана ойға құлайтын жал, асу».

**Күйекжол** – Батыс Ақтау жотасынан асып түсетін ежелгі көш, керуен жолы. Атау күйек (зат есім) және жол (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы: «малдан күйек алынғаннан кейін ғана ойға құлайтын ежелгі жол».

**Күйектақыр** – шатқал. Маңғыстау ауданында орналасқан. Атау күйек (зат есім) және тақыр (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы: «күйектей, яғни үлкен тақыр».

**Күйкенұшқан** – тау. Бейнеу ауданында орналасқан. Антропоороним. Таудың Күйкенұшқан аталу себебі Мұрын Сеңгірбаев жырау жырлайтын «Қырымның қырық батыры» цикліне кіретін «Манашыұлы Тұяқбай» дастанында көрініс тапқан. Онда аңыз былай өрбиді: «Ащыағар сайдың бойында отырған ноғайлы ауылдарын қалмақтар шабады. Олар ноғайлылының ақылшысы Орманбетке бізге көн деп талап қояды. Би көнбейді. Қалмақтар оны өлтіріп, қалған он бір биді шақыртады. Он бір би қалмаққа келе жатып, Манашы мырзаның үйіне түседі, оған бізбен бірге жүр дейді. Оларға Манашының шешесі Күйкен де ере жүреді. Ащыағар сайдың бойындағы қалмақтарға он бір би: Үш күнде қайтып келеміз, елді көндіріп келеміз деп, Манашыны аманатқа тапсырып кетеді. Бірақ қорқақ билер үш күнде келмей, ауылдарын жасырып, көшіріп әкетеді. Қалмақтар Манашыны кескілеп өлтіреді. Оның күйігіне шыдай алмаған анасы Аралтөбе тауының бір шыңынан ұшып өледі. Содан бері бұрынғы Ащыағар сайы «Манашы», Аралтөбе тауы «Күйкенұшқан» аталып келеді» (Ж.Дүйсенбаева, 59).

**Күйіктөбе** – төбе. Маңғыстау ауданында орналасқан. Атау күйік (сын есім) және төбе (зат есім) сөздерінің бірігуі



арқылы жасалған. Мағынасы: «өртенген, өрт шалған төбе немесе қайғы-қасірет әкелген төбе» болуы мүмкін.

**Күркіреуік** – бұлақтар. Маңғыстау ауданы Жармыш ауылының оңтүстік-шығысында орналасқан. Аққанда күркіреп дыбыс шығаруына байланысты аталған.

**Күш** – мола, тау аңғары. Маңғыстау ауданында орналасқан. Э.Мурзаев: «коми тілінде күш – «ашық», «жалаң», «өсімдіксіз дала» деген мағынаға ие сөз» деп көрсетеді (Мурзаев, 1984, 325). Ал түркі тілінде: куч – «қоныс, уақытша қоныс» деген мағынасы кездеседі. Соған байланысты атаудың мағынасы: «шөбі аз, уақытша ел отыратын тау аңғары» болуы мүмкін.

**«Маңғыстау облысының топонимиясы» кітабы бойынша дайындаған**
**Абылайхан ЖҰМАШЕВ**

МЕРЕЙ

**Алматы қаласындағы Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен көрнекті жазушы, сыншы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Марал Ысқақбайдың 80 жасқа толуына арналған мерейтойлық кеші өтті. Кешті Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып ашып, жүргізіп отырды.**
**Марал Ысқақбай кезінде әдебиетке жан-жақты дайындықпен келген қаламгер. Алғашқы туындылары «Етікші», «Көкжал» әңгімелерін, «Қырық қыз» хикаятын оқырмандар жылы қабылдады.**



# БЕКЗАТ суреткер

М.Ысқақбай кезінде жауапты қызметтерде болды. Қазақ кеңес энциклопедиясында, Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде, «Қазаққітап» бірлестігінде, сондай-ақ Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде қызмет атқарды. «Мектеп», «Жазушы» баспаларына басшылық жасады. Тәуелсіздік алған жылдары ҚР Авторлық құқық жөніндегі мемлекеттік агенттігін басқарып, қазіргі күндері «Қазақстан авторлары қоғамына» жетекшілік етіп келеді.

Жазушының «Қырық қыз», «Сұлутөрдің бөктері», «Ұят туралы аңыз», «Жойқан төбе», «Көңіл жұбанышы», «Пенде ғұмыр», «Ғашық боп көрмеген келіншек», «Шілде басталғанда», «Менің көршілерім» деп аталатын прозалық кітаптары, «Шығарма шырайы – шындық», «Мүйізді Өтеген», «Баба ұраны» атты сыни, зерттеу кітаптары жарық көрді.

Әңгіме, хикаяттарының желісі бойыншаа «Қырық қыздың ауылы», «Қияндағы қыстау» секілді телеқойылымдар, «Тамшы» көркем фильмі түсірілді. Қазақтың 1100 әнін құрастырып, «Қазақша караоке» деген атпен CD-ға жаздырды.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдәулет құттықтау сөзінде әдебиеттің, жазушының қоғамда алар орны жөнінде айта келіп, былай деді:

– Марал ағамыз кезінде «Ұят туралы аңыз» деген шығарма жазған. Сонау кеңес заманында жұрттың ары мен ұятын оятуға тырысқан. Тырнақалды шығармаларыннның бірі «Көкжал» деп аталатын. Бұл әңгімеден ұлт мінезін аңғаруға болады. Қаламгер туындыларында қазақ халқының қарапайым тіршілігін, ой-санасын, психологиялық ирімдерін дөп баса біледі. Ағамыздың мерейтойы жазушылар қауымының ғана емес, халқымыздың тойы деп айтуға әбден болады. Өйткені ол кісі біздің бірегей, үлкен жазушымыз.

Мерейтой иесінің шығармашылығы жөнінде сыншы Бақыт Сарбалаев баяндама жасады.

Баяндамашы өз сөзінде қаламгердің осыдан қырық-елу жыл бұрын жазған шығармалары бүгінгі күні де оқылатынын, еш ескірмегенін тілге тиек етті.

– Ең бастысы – ол осы келелі де кемел шығармаларында өз басы мен кейіпкерлері қандай қоғамда ғұмыр кешті, қалай өмір сүрді, не бітірді, қандай адам екендіктеріне жақсы жауап берген. Нақ осы тұрғыдан келсек, ол алғашқы қадамдарынан бастап-ақ әдебиеттің өз адамы, төл қолтаңбасы айқын шебер, тілі таза, ділі дарқан батыл да бекзат суреткер. Алла тағала жомарт қабілет дарытса, өз басың сол талантыңды түсіне бағалап, қадірлеп, қуатын барынша ашып, шуағын шашып пайдалансаң, жақсы шығарма тууы соншалықты қиын да емес. Алайда тұла бойы текті, ойы тәрбиелі суреткерге мұның өзі де аз. Сондықтан шығармасын қарақан бас қамы үшін емес, халқы үшін жазғандықтан ол өмір мен өнердегі қайсыбір қадамында батылдыққа барып, бекзаттық бітім танытып келеді, – деді ол.

Баяндамашы өз сөзінде тұтас қарастырғанда Марал Ысқақбайдың шығармашылығында мазмұны нәрсіз, айтары әрсіз, көркемдігі әлсіз дүниелер жоқтығын айтпағанда, басты емес, күллі қазақ әдебиеті аясынан келіп шолғанда да осал, ортақол шығармалар жоқтың қасы екеніне айрықша тоқталды. Яғни туындылардың қай-қайсысы да айтары жөнінен жаңалық көркемдік келбеті жөнінен даралық білдіретін дарқан дүниелер.

Б.Сарбалаев сөзінің соңында сұңғыла сыншы, саңлақ суреткер, кемеңгер Әбіш Кекілбайдың мерейтой иесінің еңбектеріне қатысты кезінде атап өткен мына сөзін келтіре кетті: «Адамның пенде болмаққа да, Құдай болмаққа да хақысы жоқ. Адам адам болып қалуы керек. Басына бақ қонса да, іс түссе де адамдығынан айнымауы керек. Ысқақбай шығармашылығының ұқтырары – осы».

Жиын барысында ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Қ.Тоқаевтан бастап, бірқатар министрлер мен облыс әкімдерінің құттықтау лебіздері оқылды.

Қаламгерді мерейтойымен ақын-жазушылар, М.Рәш, С.Оспанов, Б.Нұржекеев, Р.Ниязбек, Ш.Сариев, Ә.Асқаров, С.Ақсұңқарұлы, суретші А.Ақанаев, Жамбыл облысы Қордай ауданынан келген азаматтар және басқалар құттықтап, сыйсияпаттарын ұсынды.

Белгілі өнер иелері Р.Стамғазиев, Е.Шүкіман, С.Медеуов, Ж.Омаровтардың орындауындағы әндер кеш ажарын аша түсті.

Кеш соңында сөз алған М.Ысқақбай жиынды ұйымдастырушыларға, жылы сөздерін арнаған қаламдас әріптестеріне ризашылығын білдірді.

**Нұркен ЖАНДӘУЛЕТҰЛЫ**

ЕШКІМ ДЕ, ЕШТЕҢЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

# Бейбіт күн бізге аманат!

**Қаншама жылдар өтсе де соғыс жаңғырығы ұрпақтар санасынан ешқашан өшпейтіні анық. Бұл түсінікті де, себебі Ұлы Жеңіске Қазақстанның барлық аймақтары, әр ауыл, әр шаңырақ өз үлестерін қосты. Сұм соғыс сол кездегі мұнай техникумы атанған колледж өміріне де өзгеріс енгізді. Көптеген қызметкерлер майданға аттанды. Әркімнің ел қорғанысы үшін стратегиялық маңызды өндірістік міндеттері болды.**



Оқытушылар уақытпен санаспады, жұмыс күнінің ұзақтығы тәулігіне 12-14 сағат, кейде одан да асып кетіп отырды. Техникум ғимаратында орналасқан госпитальда жаралыларға оқушылармен бірге күтім жасады, жылы киім-кешек жинауды ұйымдастырды, үйлеріне хат жазды, олардың көңіл-күйлерін көтеріп концерт қойды. Мұрағат құжаттарында С.В.Назаров, Н.Д.Рогаткин, П.В.Гайдай сияқты оқытушылардың қажырлы еңбегі туралы деректер сақталған. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бір сөзбен айтқанда, мұнай техникумы қиын-қыстау сәтте елмен бірге болды.

Колледжде ардагер оқытушы Шолпан Андакулованың жетекшілігімен бес жылдан бері студенттік драмалық клуб жұмыс жасайды. Биыл Ұлы Жеңістің 73 жылдығына музыкалық-театрландырылған «Бейбіт күн бізге аманат!» қойылымын Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлері, қоғамдық ұйым өкілдері, оқытушылар мен студент жастар тамашалады.

Аталмыш кеш барысында соғыс жылдарындағы әндер шырқалып, басқа да көріністер көрсетіліп, оқиғалар тізбегі жалғасты. Әр сәттің орны бөлек... Жүрек толқытар үнсіздік минуты... Әуелете шырқалған «Тырналар» әні... Мамаев қорғанындағы әсерлі көрініс... Қалың тұман арасынан буалдыр бейне болып көрініп, ақырындап жоқ болып кеткен, оралмаған солдат бейнелері қойылым кезінде көрсетілді.

Шара соңында майдангерлер А.Айбаров, О.Қарасаев, А.Захарова қатысушыларға ең ізгі тілектерін жеткізді. Әсіресе олардың жас ұрпаққа айтқан ұлағатты сөздері әр жүрекке жетті. Осынша жасқа келіп талай қиыншылықтарды өткерсе де әлі сапта келе жатқан ардагерлерге кешке қатысушылар құрмет танытты.

Ардагер журналист Л.М.Монастырская сөзін ардагерлерге тағзымнан бастады. «Бес жылдан бері тұрақты түрде осы оқу орнындағы Жеңіс салтанатына арналған шараға қатысып келемін. Осы күнді асыға күтемін, себебі жаңа күш алып, қуаттанамын. Бүгін де көз жасымды тоқтата алмадым. Көріністер өте әсерлі, ақиқатты көрсете білген. Соғыс зардабын мен де бір кісідей білемін, оның зардаптарын өз басымнан өткізген едім. Көптеген жақындарым осы соғыста опат болды. Әкем майданға қатысты. Қаншама өрімдей жастар әке, ана, жар атана алмай бұл дүниеден жастай кетті. Өте аянышты жағдай, ауыр тағдырлар. Біз бейбітшілік пен тыныштықтың құны үшін ардагерлерімізді құрметтеуіміз керек.. Аман болыңыздар, ардагерлер, ардақты жандар!» деді ол.

Бұл, әрине, Жеңіс күні мерекесіне арналған шаралардың бір парағы, мүмкін негізгі парағы. Осындай ой салар тағылымды кештен кейін Елбасының жиі қайталайтын – бейбітшілік пен келісім біздің берекелі үйіміз Қазақстанның ең басты байлығы дейтін сөзінің байыбын жете түсінгендей боламыз.

**Бақыт ШЕРКЕШБАЕВА,**
**С.Мұқашев атындағы Атырау политехникалық колледжінің директоры, қалалық мәслихат депутаты**

АТЫРАУ

ЖҮЗДЕСУ

# Ақын шығармашылығына арналды

**Жуырда Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде «Мәңгілік Ел» қайраткерлері: ақын Абдрахман Асылбек» тақырыбында белгілі ақын А.Асылбекпен шығармашылық кездесу өткізілді.**

Қазақстан Республикасы Президенті Архиві қорларында ХХ ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап, Қазақстанның саяси-экономикалық, мәдени жағдайына байланысты құнды құжаттар сақталуда. Олардың қатарында 1925 жылы құрылған Қазақстан Жазушылар одағына қатысты бірегей құжаттар да бар. Аталған көрмеде Кеңес Одағы құрамындағы және Тәуелсіздік жылдардағы Қазақстан Жазушылар одағының қызметіне және одақтың көрнекті өкілі, ақын А.Асылбектің қызметіне қатысты құжаттар көпшілік назарына ұсынылды. ҚР Президенті Архивінің директоры Борис Жапаров кездесудің ашылу салтанатында қалам иесіне деген ризашылығын жеткізді.

Архив сарапшысы Малика Қарақұлова ақынның шығармашылығы туралы баяндама жасады.

Шақырылған қонақтар өз сөздерінде ақынның ерекше талант иесі екенін атап өтті. «Кез келген ақын балалар ақыны бола алмайды. Абдрахман Асылбектің өлеңдері мен ертегілері біздің балаларға өте қажет» деді ақын, драматург Байғали Мақұлбекұлы. Сонымен қатар кеште өнер иелері Алтынбек Қоразбаев пен Медеу Арынбаев ақынның сөзіне жазылған әндерді орындады.

Архив кітапханасы іс-шараны кітап көрмесіне жалғастырды. Шығармашылық кездесуге жазушылар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, тарихшылар, архивистер, жоғары оқу орындарының студенттері қатысты.

**Әйгерім БАҚТЫБАЕВА,**
**ҚР Президенті Архивінің бас сарапшысы**

ШАРА

**Астана қаласындағы республикалық «Әзірет Сұлтан» мешітінде оқу жылының аяқталуына орай «Діни сауат ашу курсының» шәкірттеріне сертификат табыстау рәсімі өтті. Шара шымылдығын ашқан ҚМДБ төрағасының бірінші орынбасары, «Әзірет Сұлтан» мешітінің бас имамы Наурызбай қажы Тағанұлы жиылған жамағатты қасиетті жұма күнімен құттықтап, білім үйренудің маңыздылығына тоқталды.**

# Діни сауат ашты

«Тал бесіктен жер бесікке дейін ілім ізде» деген Пайғамбар (с.ғ.с.) өсиетіне сай асыл уақыттарын босқа жұмсамай, әрбір әрпі сауапқа тұнған қасиетті Құран жаттауға арнаған шәкірттер қауымына өз алғысын білдіріп, жылы лебізін жеткізді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «бұл мешіт құлшылық орны ғана емес, білім-ғылымның, мәдениеттің ордасы болуы тиіс» деген сөзін Наурызбай қажы Тағанұлы негізге ала отырып, «Әзірет Сұлтан» мешітіндегі білім беру жүйесі жайлы таныстырды. Ол, сонымен қатар барша ұстаздар қауымына шынайы ризашылығын білдіріп, арнайы «Алғыс хатпен» марапаттады.

Айта кетейік, биылғы жылы Наурызбай қажы Тағанұлының бастамасымен алғаш рет ұстаздар қауымы арасында үздік нәтиже көрсетіп, ең көп шәкірт тәрбиелеген мешіт қызметкеріне «Үздік ұстаз» атағын беріп, ынталандыру мақсатында арнайы «Диплом» табыс етілді. Тұңғыш рет беріліп отырған «Үздік ұстаз» атағы наиб имам Ғазиз Ахметке бұйырды.

Бұдан бөлек, мешіт басшылығының ұйымдастыруымен шәкірттер арасында түрлі білім жарыстары, спорттық ойындар мен ұжымдық серуендер ұйымдастырылып, ынтымақ пен бірлікке ұйысқан жамағат қалыптастыру жолында іргелі істер атқарылып келеді. Соның бірі ретінде мешіт шәкірттері арасында тұрақты түрде өткізіліп келе жатқан «Құран жарысын» ерекше айтсақ болады. Мешіт шәкірттерінен құралған «Сұлтан» командасының биылғы жылы «Салауатты жамағат» V қалалық спорттық ойындар жарысында жеңімпаз атанып, топ жарғаны да бірлік пен ынтымақтың нәтижесі екені сөзсіз.

**Айдос ИМАНТАЙ**

АСТАНА

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН

**Ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби: «Ұстаз – жаратылысынан өзіне айтпағанның өзін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі» деген екен. Сол айтқандай, профессор Гүлжауһар Шағатайқызы ұлы бабамыздың осы қағидасын берік ұстанған һәм сол қасиеттер бойына дарыған ғалым және ұлағатты ұстаз болатын. Тағдыр ұстазымызды арамыздан алып кетпегенде, биыл мамыр айында 75-жасқа толушы еді.**

# ҰЛАҒАТТЫ ұстазымыз еді...

Гүлжауһар Шағатайқызы Жамбатырова 1943 жылы 29 мамырда Ресейдің Челябі облысы Верхнен ауданындағы «Солнце» селосында дүниеге келген. Өзінің қайсар мінезі мен білімге деген құштарлығы 1961 жылы Челябі облысындағы Чесмен ауданының Горький орта мектебін үздік бағамен бітіргеннен кейін Челябі қаласындағы Мемлекеттік педагогикалық институттың тарих факультетіне түсуге мүмкіндік туғызады. Дегенмен, елге, атамекенге деген сағыныш 1963 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне ауысумен аяқталды. ҚазМУ-дегі білімін 1966 жылы толық тәмамдайды.

Жоғары оқу орнын бітірген жас маман, ең алдымен, Мемлекеттік өнер институтында аға лаборант қызметін атқарып, 1970 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіндегі жалпы тарих кафедрасына ассистенттік қызметке қабылданады. Кафедрада қызмет атқарған төрт жыл көлемінде ұстаздық тәжірибесі шыңдала түскен Гүлжауһар Шағатайқызының ғылыми ізденіске деген бейімділігі де айқын аңғарылған еді. Аспирант кезінде әлемдік халықаралық қатынастар тарихы мен еуропалық дипломатияның қыр-сырын білуге талпынды. Жалпы халықаралық қатынастар тарихына ерекше көңіл бөлуі, оның болашақ тағдырына тікелей әсер еткені сөзсіз. Осы бағыттағы ізденістің нәтижесі 1978 жылы 17 мамырда кеңестік дәуірде танымал болған тарих ғылымының докторы, профессор И.С.Галкиннің ғылыми жетекшілігімен М.В.Ломоносов атындағы ММУ-дің тарих факультетіндегі жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасы жанында «07.00.03. – жалпы тарих» мамандығы бойынша кандидаттық диссертацияны қорғауымен аяқталды.

Мәскеу аспирантурасындағы білім алу мерзімі аяқтала салысымен, өзін шыңдаған білім ордасы, Қазақ мемлекеттік университетіне қайта оралып, тарих факультетіндегі жалпы тарих кафедрасында аға оқытушы, кейін доцент ретінде қызметін жалғастырған болатын. Көп ізденіп, оқып-тоқығаны сол кезде де, кейінде өзіне үлкен жәрдем болды, қандай іс бастаса да нәтижеге жетті. Білім күші деген сол болар. Қай салада еңбек етсе де халық игілігі үшін деп қаракет жасады. 1977 жылы Қазақстанның үкіметтік делегациясының құрамында Түркияның Бурса қаласындағы Құрылтайға қатысуы қоғамдық жұмыстардағы белсенділігін де аңғартады.

Гүлжауһар Шағатайқызы табандылықпен, еңбекқорлықпен әр уақытта дегеніне жетті. Соның нәтижесінде 1984 жылы Қазақ КСР Оқу министрлігінің «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен марапатталады. Өзінің білімін жетілдіру мақсатында 1988 жылы Берлиндегі Гумбольдт атындағы университетте ғылыми тағлымдамадан өтті. Сонымен бірге осы жыл ішінде Германия Федеративтік Республикасының Гармиш қаласындағы Дж.Маршалл атындағы Қауіпсіздік мәселелерін зерттеу бойынша Еуропалық орталықта халықаралық конференцияға қатысып, «Аймақтық тұрақтылық және Орталық Азиядағы қауіпсіздік» атты тақырыпта баяндама жасайды. Бұл ғылыми сапарлар Гүлжауһар Шағатайқызының білімдарлық өрісін биіктете түсті.

Ұйымдастыра білген ұтады дегендей, Г.Жамбатырова өзінің еңбекқорлығы мен ұжымдағы беделінің арқасында 1992-1993 жылдарда тарих факультетінің сырттай оқу бөлімінің деканы қызметін атқарса, 1993 жылдан 1995 жылдың ортасына дейін тарих факультетінің деканы болды. Дәл осы кезеңде тарих факультетінде де заманның талабына сай халықаралық қатынастар саласындағы мамандарды дайындау үдерісі қалыптасқан еді.

1992 жылдың басында профессор Жарас Омарұлы Ибрашевтің тарих факультеті аясында елімізде қазақтың алғашқы халықаралық қатынастар саласындағы мамандарын дайындау туралы ұсынысын қолдағандардың алғашқы шебінде Гүлжауһар Шағатайқызы болды. Ал жыл басталысымен жаңа мамандық бойынша ашылған топтарда халықаралық қатынастар тарихы бойынша дәріс беруге құлшына кірісті. Аспирантура кезінде алған білімі мен шетелдік сапарларда жинаған тағылымы жаңа мамандықта дәріс оқуға көмектесті. Дәріс оқу кезіндегі ұшқыр ой түйіндеулер мен мәселені жеткізудегі өзіне тән мәнері студенттерді баурап алатын. Сонымен бірге киім киюдегі талғампаздығы оның эстетикалық және ағартушылық қасиеттерін толықтыра түсетін.

Халықаралық қатынастар мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттер қатарының жылдан жылға арта түсуі, тарих факультеті шеңберінен шығып, жаңа факультеттің іргесін қалаудың кезі жеткендігі байқалды. Бұл үдерісті бақылауында ұстаған кафедра меңгерушісі, танымал профессор Ж.Ибрашев 1995 жылы факультеттің ашылуына ұйытқы болды. Профессор Ж.Ибрашев өз естеліктерінде жаңа факультеттің деканы ретінде тарих факультетінің деканы Г.Жамбатырованың ұсынылғандығын және бұл өте орынды таңдау болғандығын айтады. Онды шешімнің нәтижесінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультетінің тұңғыш деканы болып Г.Жамбатырова тағайындалады. Сөйтіп Халықаралық қатынастар факультетінің деканы ретінде қызмет еткен 1995-2001 жылдар аралығында жаңа мамандықтың аяғынан тік тұруына орасан зор еңбек сіңірді.

Г.Жамбатырова өзінің ғылыми зерттеу бағыты бойынша еуропалық интеграцияның мәселелері мен қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастар мәселелеріне қатысты бірқатар ғылыми еңбектердің, оқу және әдістемелік құралдардың авторы. Ғылым саласында да жас ізденушілерге ғылыми жетекшілік жасауға уақыт таба білді. Оның ғылыми жетекшілігімен бірқатар жас ғалымдар өз диссертацияларын ойдағыдай қорғады.

Университет, факультет шеңберінде өткізілетін студенттік мәдени-шаралардың нағыз жанкүйері болды. Халықаралық, республикалық және университеттік деңгейде ұйымдастырылатын ғылыми конференциялар, саяси пікір-сайыстар сияқты іс-шараларға студенттердің белсенділік танытуын жан-тәнімен құптайтын. Факультеттің «Дипкорпус» КВН тобының университет шеңбері ғана емес республикалық деңгейдегі жеңістері Гүлжауһар Шағатайқызының қолдауының арқасында болды. Студенттермен бірге Ыстық көлде өткізілетін студенттік шараларға да қатысып, жанашырлық көрсетті.

Гүлжауһар Жамбатырова – халықаралық қатынастар мамандығының қалыптасу үдерісінің қайнаған ортасында жүрген, сол ортаның елеулі де қалаулы тұлғасы ретінде танылған, болмыс-бітімі жас ұрпаққа ғана емес, замандастарына да үлгі-өнеге боларлық жан еді.

Ол үлкенге де, кішіге де нағыз ақылшы дос бола білді. Қабағына қарап-ақ көңіліндегі кірбіңді байқап, қолұшын беруге тырысатын. Сондай жаны нәзік сезімтал еді, бір нәрсені ол кісіден жасырып қалу мүмкін емес. Адамның ішкі жан дүниесін түсініп, бірге күліп, бірге күрсіне алатын. Осындай адамгершілік қасиеттеріне тәнті болып, сүйсінетінбіз.

Жұртына өшпес мұра қалдырған, ұлағатты ұстазымыз, қазақтың біртуар зиялы қызы Гүлжауһар Шағатайқызының бейнесі ешқашан ұмытылмақ емес.

**А.ӘЛІПБАЕВ,**
**Б.БӨЖЕЕВА,**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің халықаралық қатынастар факультетінің доценттері**

ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМДЕРІ

# ҚАЖЫЛЫҚҚА алғаш барған қазақтар

**Қасиетті Меккеде мұсылман елдерінің арасында қазақ ұлты тіркелмегендіктен зиярат етуге жіберілмеген Нұрпейіс Байғараұлы хазіреті көп қиындықты басынан өткеріп, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) өсиеті негізінде халқымызға жол ашып, тиесілі жерді алғанын тарихи деректер дәлелдейді.**

### ҰЛТЫН ЖАСЫРҒАНДАР «БҰХАРАЛЫҚ САРТПЫЗ, НЕ ТАШКЕНТТІК ӨЗБЕКПІЗ» ДЕЙДІ ЕКЕН

Ақтөбе өңіріне жолымыз түскенде жергілікті халық өкілдері Қарғалы ауданы «Қарабұтақ» ауылындағы ертеде тұрғызылған Нұрпейіс хазіреті көне мешітінің жаңартылып, ас берілгені, еліміздің түкпір-түкпірінен ел жиналғаны облыстағы елеулі оқиға болғанын айтып жүрді. Нұрпейіс хазіреті туралы бұрыннан баспасөз беттерінен оқып, ел аузынан естіген де едік. Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Қазақ шежіресі» атты еңбегінде: «Орта жүзден Тобықты Құнанбай бастаған жиырма кісі, Кіші жүзден табандаған жүз кісі болыпты. Ішінде Нұрпейіс хазірет, Досжан қалпелер бар дейді. Қазақ мұнан бұрын бүйтіп бас қосып, қажыға бармаған екен. Жүз жиырма кісі болып, арасын айырмай, тізе қосып, қол ұстасып жүрген соң және өздері көзге түсерлік әр топтың қасқа мен жайсаңы болғандықтан көргендер таңғаларлық болыпты. Ал оның Құнанбай қажымен бірлесіп салдырған тәкия үйін 1905-1906 жылдар аралығында қажылыққа барғанда көргенін, Досжан хазірет атында екенін Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы жазып кеткендігін» жазған еді.

Тарихи тақырыпқа көп қалам тербеген жазушы Дүкенбай Досжанов 1994 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген көлемі 366 беттен тұратын «Абай айнасы» атты кітабында Нұрпейіс хазірет туралы құнды деректер келтіреді. «Шәкәрім шежіресіндегі «Қажы марқұм тәкияны мен бастап алсам да Кіші жүз қажылары көп ақша берді деп еді» деген сөзге айрықша назар аударған жөн («Жұлдыз» журналы», 1991 жыл, №1)». Шәкәрім шежіресінде, одан жәдитше жазуды қазіргі кириллицаға түсіргенде стильдік селкеуліктер кеткен. Ол сөйлемді былайша оқыған ләзім: «Қажы марқұм, яғни марқұм Құнанбай айтып отыратыны есімде қалыпты, ол кісі айтушы еді: тәкия жайды мен бастап салғызсам да, Кіші жүз қажылары жерге, құрылыс жабдығына көп ақша өткізіп, күш жұмсап еді» болып оқылуы қажет. Құнанбайдың әлгі тәкия жайды қалай салғызғаны, кімдер қолұшын бергені, қандай қиыншылықтар көргені туралы басқа деректер тапқан едік. Сол деректерге жүгінсек, әңгіменің түп төркіні, оқиғаның нағыз шындығы ашылып шыға береді. Енді оқырманды жаңадан табылған деректер ізіне түсіріп жетелеп, әңгіменің анық-қанығына көз жеткізелік. (Тәкия жай – қажылар түсетін қонақүй. Ө.Ө.).

Шымкент қаласының байырғы тұрғыны Мұқатайұлы Рахметолла «Меккедегі қазақ тәкия жайы» деген атпен төмендегі естелікті жариялады. Әлгі шағын естеліктің керек-ау деген жұлынды тұсын оқушы назарына ұсына кетелік. «Мен бала кезімде қазақ халқының шежіресін, атақты батырлар мен билерді, олар айтқан нақыл сөздерді жатқа білетін әкемнің ауыл ақсақалдарына айтып отыратын әңгімесі – өткен ғасырдың соңында Кіші жүздің атынан Абайдың әкесі Құнанбай, қырғыз халқының атынан атақты Шәбден мырзаның мұсылмандардың қасиетті қаласы Меккеде тәкия жайларды қалай салдырғанын айтып отырғанын естіген едім. Әкемнің айтуынша, XIX ғасырдың ортасына дейін қазақ пен қырғыздан қажылық жасауға барғандар өз ұлтын жасырып, «бұхаралық өзбекпіз, не ташкенттік сартпыз» деп айтады екен. Өйткені қазақ пен қырғыз халықтары Меккедегі мұсылмандар тізіміне жазылмай қалған көрінеді. Сондықтан қазақ пен қырғыз өкілдерін қасиетті орынға зиярат етуге жібермеген. Осындай қорлыққа шыдамаған Жайық бойындағы қарадан шығып, хазіреті дәрежесіне жеткен Нұрпейіс молда қажылыққа баратын бірнеше кісілерді басқарып Меккеге жетеді. Бірақ Нұрпейіс хазіретті Қағбаға зиярат етуге жібермейді. Сонан соң қасындағылар еліне қайтып кетеді де, Нұрпейіс хазіреті Меккеде қалып қояды. Сонымен, ол қайыршылық жағдайда жеті жыл жат елде жүріп, қазақ пен қырғыз халықтарын Меккедегі мұсылмандар тізіміне енгізіп қана қоймай, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с) өсиеті негізінде қазақ халқына тиесілі жерді алады».

Шөл төсіндегі пайғамбардың табаны тиген, құмы алтыннан, тұщы суы зәмзәмнан қымбат ыстық жерді қалай иемденді деп іштей, әрине, қайран қаласыз. Хазіреттің қажырын тасқа жанығандай табандылығы, бірбеттілігі кімді де болса тәнті еткізгендей еді. Серіктері елге кеткен соң жат жерде қалтасы қағылып, жалғыз қалған хазіреті тек қана адал бейнетіне сенеді. Күн демей, түн демей тер төгіп еңбек етеді. Меккенің сыртындағы бір таудан күніне екі мес тұщы суды арқалап әкеліп, оның бірін базарға сатып, түскен тиынына тамақтанады. Бір месін құм үстінде күнге шыжып отырған кемтарларға бөліп береді. Жеті жыл бойы белі бүгіліп, ыстық күнде меспен су тасиды, маңдай терін тамшылатып, самай шашы күнге ағарып жүріп жат елдің тілін, ғұрпын меңгереді. Ыстық күннің астында бүкшие ілбіп мес арқалап, су тасыған хазіреттің сұлбасын елестетіп көріңізші. Жеті жыл осылай. Неткен дүлей қайсар мінез десеңізші!




Тағы да жоғарыдағы естелікке жүгінелік.

«Арада біраз уақыт өткен соң Нұрпейіс хазіреті Меккеде зиярат ету үшін келген араб дін басыларының қабылдауында болады. Сонда Бағдат ханы Нұрпейістің талабын қолдаған екен. Қазақтарды қасиетті жердегі мұсылмандардың тізіміне енгізу, пайғамбардың өсиетіне сәйкес оларға тәкия жай – қонақүй салу үшін жер бөліп беруге рұқсат етеді. Тәкия жай салуға бөлінген жерді алған бабамыз Нұрпейіс хазіреті оны теңдей төртке бөледі: қазақтың үш жүзіне және қырғыз халқына еншілейді. Кіші жүзден Жаппас руының ең бай адамы ақмешіттік Мырқы мырзаны, Орта жүздің Тобықты руынан Құнанбайды, Ұлы жүзден Қасымбек датқаны, қырғыздан Шәбден батырды таңдайды. Шәбден батыр қырғыз халқының ел басшысы болған Асқар Ақаевтың бабасы көрінеді.

Нұрпейіс хазіреті ең бірінші хабарды Жаппас Мырқы мырзаға жібереді. Сол дәуірде Кіші жүзде Мырқы мырзадан бай кісі болмаған екен. Оның байлығының мөлшері жайында ағасы Аппаз мырза: «Мырқы мырзаның алтын ақшалары Еуропаның ірі банктерінде жатыр. Түйелерінің өзі отыз тоғыз мыңнан қайтты» деп отырады екен. Мырқы мырза бірнеше миллиондаған сом қаржымен қасына нөкерлерін ертіп, тәкия жай – қонақүй салғызуға Меккеге жүріп кетеді. Оның қасында араб тілін жетік білетін татар молдасы болған. Сол татар молдасы осы әңгімені 1901 жылы Кенесарының баласы Сыздық төре мен Ресейдегі Мемлекеттік II думаға делегат болып қатынасқан бабам Мұңлыбекке айтқан екен».

Жаппас Мырқы мырза Кіші жүзге арнаған тәкия жайын үш жылда салып бітіріпті. Айшығы әсем ғажайып жайды көріп тамашалаған Бағдат ханы тәкия жайды Нұрпейістің атымен атауды ұсыныс етеді. Сонда Нұрпейіс былай депті: «Бұл ғимаратты қаншама қаржы жұмсап салдырған мына отырған сақы Мырқы мырза, бұл тәкия жай осы кісінің атымен аталғаны жөн» («Жас Алаш» 1933 жыл, 30 наурыз). Осы күнге дейін әлгі әсем ғимарат Мырқы мырзаның атымен аталатын көрінеді. «Тас қашап, там салғанның аты қалады, қылыш қайрап, ұрыс салғанның басы жоғалады» деген сөз осындайдан шыққан, бәлкім.

Енді Орта жүздің ақылды адамы Құнанбайдың қасиетті жерге қалай барып, қалай үй салғызғаны туралы әңгімелеуді жөн көрдік. Құнанбай қасына аса жігерлі, өжет мінезді Ізғұттыны ілестіріп, 1870 жылы Меккеге сапар шегеді. Жолда ат тұяғын күйдірген шөлден, құс қанатын талдырған таудан өтеді, көп қиындықпен Меккеге жетеді. Меккеде өзге елден келген мұсылмандардың жататын үйі болады екен. Үйсіз, күйсіз босып жүрген тек қана қазақтар мен қырғыздар. Кейде арабтардың үйін уақытша жалдап тұрады, кейде көше бойында қонып қалады, көргендері азап пен мазақ. Осыны байқаған Керей Андамас мырза Көшербайұлы бір тайлақ пен дөнен шығар жылқы сатып алып сойып, бір үйге қазақ қажыларын қонақ етеді.

### «МЕШІТ САЛДЫРУҒА БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛСЫН» ДЕГЕН ПАТША ЖАРЛЫҒЫН АЛҒАН

«Содан бес қажы Меккенің әкіміне жолығып, бес үйдің орнын, құрылыс материалдарын сұрайды. Алғашқы екі үйдің орнын жасымыз үлкен деп Құнанбай мен Түйте иеленеді. Үшінші үйдің орнын қарашаңырақтың иесімін деп Мінайдар иеленеді. Андамас пен Қосшығұлға орын қаланың шетінен тиеді. Құрылысқа қажетті заттар да осы ретпен бөлінеді. Үйдің іргетасын салғанда Түйте қажы ауырып қайтыс болады. Өлер алдында ол кісі барлық қаражатын Құнанбайға тастайды... Сонымен, қазақ қажыларына арналған бір мәрмәр, үш кірпіштен салынған төрт үй бітеді. Әркім өзі салдырған үйдің маңдайшасына аты-жөнін жаздырады». Бірінші естелікті айтқан кісі «Әкемнің аузынан естідім» деп шежірелеген Рахметолла Мұқатайұлы. Бұл әңгімеде қазақ қажылары үшін арқа еті арша, борбай еті борша болып, меспен су тасып жүріп, жер сұрап алған Нұрпейіс хазіреті. Екінші естелік архив шаңының арасынан алынды, оны жарыққа шығарған Рахымжан Отарбаев, барша әңгіме сол деректен тарқатылып жазылғаны мәлім. Мұнда Меккедегі қонақүйіне арналған жерді алуға және үй салуға күш салған Андамас Көшербайұлы болып суреттеледі. Екі әңгіменің де тоғысар тұсы – уақыт кезеңі, тәкия жайдың 1870 жылдардың басында салынуы, осынау қажылар түсетін ғимарат үйдің біріне Құнанбайдың иелік етуі еді. Қалай айтсақ та, Құнанбай заманынан иығы оза туған, қолы ашық, елі үшін қам жеген қарымды, қажырлы кісі Нұрпейіс қажымен таныс-біліс болуы да әбден мүмкін. Андамас Көшербайұлымен жат жерде мұңдас, сырлас, қанаттас болғаны тағы мәлім.

Қасиетті Мекке жеріне алғаш табаны тиген Нұрпейіс хазіреті – белгілі дінбасы, қоғам қайраткері, діни сауаттылығымен қатар араб, парсы тілдерін меңгерген ғұлама, ғалым болған. Нұрпейіс Байғараұлы қазіргі Батыс Қазақстандағы Шыңғырлау ауданының Қаратөбе, Томарөткел елді мекенінде дүниеге келген. Атақты ғұлама 1817-1880 жылдар аралығында өмір сүрген. Жас кезінде ауыл молдасынан сабақ алған ол кейін білімін жетілдіру үшін Бұхарадағы «Көгілташ» медресесінде алты жыл оқиды. Одан соң араб елінің Шам шаһарында төрт жыл оқып, елге оралады. Елге келгеннен кейін Петербургке барып, Ақ патшаның қабылдауында болады. Ақ патша Нұрпейіс хазіретке мұсылманша дінді таратып, насихаттау үшін, діннің әлсіздеу жері деп Жайық, Елек, Ор, Қарғалы өзендерінің бойына барып, осы жерлерде бірнеше мешіт салдыруға кеңес береді. Сол жылы жаз ортасында бұрынғы ұлы қорым, атақонысын тастап, Нұрпейісті жалғыз жібермейміз деп, Қаржаудың төрт ұлы – Байғара, Қосуақ, Жұрын, Меңдібек – Шыңғырлау, Қоңырат деген жерлерден қоныс аударған. Хазірет ата Шыңғырлаудан көшіп, Қия деген жерде екі жыл қыстайды. Қазіргі «Қызыл партизан» ауылында ескі мешіт бар. Кезінде Нұрпейіс хазіретінің қолында «Мешіт салдыруға барлық жағдай жасалсын» деген патша жарлығы болған екен. Қия деген жер ұнаңқырамай, ата әрі қарай жайлы жер іздейді. Елек бойындағы Көкі тамасы Есет әулиенің басына келіп, дұға қылады. Сол жылы Бестамақ деген жерде киіз үйде қыстайды. Жаз шыға, мал төлдеп болған соң, тағы да қозғалып, Ор өзені бойындағы Ақсу-Шиелі деген жерге орналасады.

Қоныс таңдау Нұрпейіс атаның еркіне берген жерлер: Жайық сағасы, Елек бойы, Ор бойы, Қарғалы өзен бойы болатын. Нұрпейіс Байғараұлы Жағалбайлы ақсақалдарының, соның ішінде сол кездегі Жетіру жеріндегі Дербісәлі Беркімбаев болыстың «Біздің жерге молдалық құрып отырыңыз» деген шақыртуы және халықты оқытып, сауаттандырамыз деген ұсыныс жасауы бойынша 1864 жылы Ор өзені басындағы Ақсу-Шиелі деген жерден 14 үй болып, қазіргі Қарғалы өзенінің бойына, «Қарабұтақ» ауылына көшіп келеді. Бұл ауыл екі өзеннің – Жақсы, Қарғалының бас жағындағы Ащылсай саласының тоғысқан жерде орналасқан, табиғаты әсем, шұрайлы жер еді. Ата жаңа қонысында 16 жыл тұрады. Нұрпейіс хазіретінің жайлау, қыстауларын осы уақытқа дейін халық пайдаланып келеді. Нұрпейіс хазіреті «Қарабұтақ» ауылына қоныстанған соң мешіт салу жұмысын бастайды.

Бүкіл саналы ғұмырын халқының жарқын болашағына арнаған, қанша азапты күндерді басынан өткерсе де алдына қойған мақсатына жету үшін асқан қажырлылықпен еңбек еткен хазіреті атамыз өзі мешіт тұрғызып, елдің басын құраған ауылдың іргесіндегі қорымда қалған шаруаны кейінгі ұрпағына аманат етіп тапсырып, жаны жай тауып жатқан жайы бар.

**Өтеш ҚЫРҒЫЗБАЙ,**
**Қазақстанның Құрметті журналисі**

АҚТӨБЕ

ТАҒЗЫМ




# АЗАМАТ ЕСІМІ АРДАҚТЫ

**Тіл, дін, дәстүр, тарих және атамекен. Осы бес құндылықты көзінің қарашығындай сақтап, бойтұмары еткен болашақ ұрпақ бағзы бабалар аманатынан адаспаса керек. Баға жетпес бес рухани байлыққа «Бес анық» деп ат қойып, айдар тағыпты ұлтының ардақты азаматы. Өз ұлтын, қала берді өз-өзін тереңірек танығысы келген адам Мұхтар Арынның тәрбие туралы толғамдарын бір парақтап, оқып шыққаны жөн-ақ.**

Кешегі кеңес кезінде Алаш азаматтарын ардақтаудан тайсалмай, қазақ тілінің тағдырына алаңдаушылық білдірген, егемендіктің алғашқы жылдарында ұлт мүддесін қорғайтын жүйелі заң шығаруға ықпал етіп, адалдық пен ар-намысты бәрінен биік қойған арда ұлға Бақалы ауылдық Мәдениет үйінің алдынан еңселі ескерткіш-мүсін ашылды. Тағылымды шараның салтанатына алыс-жақыннан белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, елге танымал ақындар мен журналистер, ғалымдар мен саясаттанушылар келді.

Мұхтар Арын есімін мұқым ел біледі. Дүниеден озғанына ширек ғасырға жуық уақыт өтсе де, ой-толғамдары ел ортасында әлі күнге дейін айтылып келеді. Өміршең сөздері кейінгі жастарға өшпес өнеге. Алаш үшін атқарған абыройлы істері қазіргі қоғам үшін айнымас темірқазық. Балалық шағы сұрапыл соғыспен тұспа-тұс келіп, тар заманда есейген ауыл баласы алысқа көз тікті. Білімге деген құштарлық Алматы Шет тілдері институтына жетелеп, филология ғылымының кандидаты дәрежесіне дейін көтерді. Әр жылдары бірнеше жоғары оқу орнында, министрлікте абыройлы қызметтер атқарды. Ғұмырының соңғы он екі жылын Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ректорлығына арнады. Қандай қызметте жүрсе де, ұмыт қалған ұлттық мұраларды қайта жаңғыртуға күш салып, тағылымды ғылыми еңбектер жазды. Халықтың рухын оятып, қызыл саясаттан сарғая бастаған тілін тірілтетін мақалалар жариялады.

Саналы ел ерін ұмытпайды. Оған аядай ауылға жиналған алқалы топ дәлел. Аймақта өткен Алаштың атаулы күніне халық көп жиналды. Ұлын ұлықтады, көзіне жас алып, кемеңгерлігін сөз етті. Қабірстаннан аттамайтын қазақ алдымен Бақалы өңірінде мәңгілік тыныс тапқан Мұхтар Арынның кесенесіне келіп, рухына құран бағыштады. Еңселі ескерткіштің ашылу рәсімінде Сарқан ауданының әкімі Ерғазы Қошанбеков осындай өнегелі іске Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы түрткі болғанын айтып, шараға қатысып отырған Мұхтар Арынның зайыбы Райхан Бердіқожақызына ізгі тілегін арнады. Сонымен бірге облыс әкімі Амандық Баталовтың сәлемін жеткізді. Шарада тұғырлы тұлғаның үзеңгілесі, философия ғылымының докторы, профессор Амангелді Айталы сөз сөйлеп, қайраткердің сан қырын тебіреніспен еске алды.

Мұхтар Арындай елге танымал азаматтың ұрпағын өрбітіп, киелі шаңырағының отын маздатқан Райхан анамыз да алқалы әлеумет алдында ақтарыла сөз сөйлеп, барша жұртқа рақметін айтты. Сондай-ақ ескерткіштің авторы, белгілі мүсінші Қадыржан Кәкімовке аналық алғысын жаудырды. Салтанатты шараның екінші бөлігі «Мұхтар Арын: ұстаз, ағартушы, қайраткер» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференциямен жалғасын тапты.

**Қуаныш ТҰҢҒАТАР**

Алматы облысы

СЕРПІН

# Ғылыми жоба талқыланды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінде «Жарқын Болашақ» үйірмесі жұмыс істейді. Жуырда «Физика» мамандығының 3 курс студенттері ҚазҰУ жобалары негізінде ғылыми-инновациялық «Al-Farabi university – smart city», «Айналаңды нұрландыр!», «ҚазҰУ студенті оқуға тиісті 100 кітап», «Green Campus», «SmartHealth» тақырыптарында баяндамалар жасап, пікірталас сабақтарын өткізді.**

Сабақ барысында инновациялық тәрбие жобаларының ҚазҰУ-дың өміріне, келешегіне деген маңыздылығы айтылды. Университет ректоры Ғ.Мұтанұлының бастамасымен қолға алынған жобалардың жеткен жетістіктері де қызу талқыға салынды. «Үш тұғырлы тіл» саясатын негізге ала отырып, баяндамалар үш тілде қорғалды. Әр жобаның өз ерекшелігі бар. Мәселен, «Green Campus» жобасы жарқын болашаққа таза табиғат, экоинновация және энерготиімді технологияларды енгізу арқылы, «жасыл ел» жобасы арқылы нық қадам басуды нұсқайды. Сонымен қатар ҚазҰУ қалашығында 2014 жылы өз есігін ашқан «SmartHealth» медициналық орталығы туралы толыққанды ақпараттар берілді. «ҚазҰУ студенті оқуға тиісті 100 кітап» жобасы сөз болып, олардың толықтырылған тізімі студенттерге сенімді түрде тапсырылды. «Айналаңды нұрландыр!» жобасы да көпшіліктің қолдауына ие болды.

«ҚазҰУ-тің студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасының аясында 100 кітаптың тізімі ұсынылған. Тізімде қазақтың танымал классикалық шығармалары және әлемдік әдеби кітаптар бар. Көркем әдебиетті қазақ, орыс, ағылшын тілінде оқыту арқылы қазақ халқының мәдениетін және өзге ұлттың мәдениетін сыйлауға тәрбиелеу жүзеге асырылады. Университеттің шет тілдер кафедрасы осы жобаны дәріптеуге өзінің мол үлесін қосуда.

Сабақ барысында ҚазҰУ жобалары туралы толық мағлұматтар берілді. Аталмыш үйірме студенттерге ағылшын тілін үйретіп қана қоймай, болашақта олардың мықты маман болуына өз үлесін қосуда. Айта кетейік, бүгінде елімізде көптеген жоғары оқу орындарында студенттерге арналған түрлі бизнес-инкубаторлар жұмыс істейді. Онда білім көкжиегін арттырып, ғылыммен айналысам, тәжірибемді бизнеске айналдырам деген кез келген студентке барлық жағдай жасалған.

**Ш.ҒҰМАРОВА,**
**А.РУСТЕМОВА,**
**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушылары**

ХАТ ЖОЛДАРЫНАН

# Жаңартылған білім оқушы қабілетін шыңдай ма?

**Мемлекет басшысы «100 нақты қадам» – Ұлт жоспары және «5 институционалдық реформа» бағдарламалық құжаттарында, «Мәңгілік Ел» идеясында халықаралық стандарттарға сәйкес білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту үшін алдымызға нақты міндеттер қойды. Осыған байланысты отандық білім беру жүйесі қайта құруды, халықаралық стандарттарға сәйкестендіруді және заман талабына лайықты азаматтарды даярлауды қажет етеді.**

«Жаңа Ғасыр» гимназиясы білім берудің сапасы мен деңгейін жан-жақты көтеріп, жаңаша ойлайтын, оқыту мен тәрбиенің жаңа технологиясын күнделікті жұмысында қолдана білетін білім ордаларының бірі. Гимназия ұжымы жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушылардың қабілетін, оқыту тиімділігін арттыруда, дарынды балалармен жұмысқа ерекше көңіл бөліп, оқытудың озық әдістемесін зерделеп, мектеп тәжірибесін жақсартуда бірнеше эксперимент түрінде жұмыстар атқарды. Мәселен, Алматы қаласының химия-биология бағытындағы (ХББ) және физика-математика бағытындағы (ФМБ) Назарбаев Зияткерлік мектебімен (НЗМ) тәжірибе алмасу мақсатында кәсіби желілік қарым-қатынас орнатып, семинар, дөңгелек үстел, конференция, кездесу, т.б. шаралар ұйымдастырылып, нәтижелі жұмыстар жүргізілді. Гимназия ұжымы критериалды бағалаудың, кері байланыстың тиімділігінің жемісін де көруде.

Елбасы шахмат сабақтарын енгізуді және шахмат қозғалысын дамытуды іске асыруға да зор мән беруде. Бұл орайда академик Шахмардан Есенов атындағы халықаралық ғылым-білім беру қорының қолдауымен гимназиямызда «Мектептегі шахмат» атты пилоттық жоба іске асуда. Бұл пилоттық жобаға Алматы қаласы бойынша 4 (№172, 175, 33 және 97 мектептер) мектептің 2-сынып оқушылары қатысты. Аталмыш қор гимназиямыздың шахмат кабинетін қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етті.

Осы пилоттық жоба аясында мектеп психологы А.Қанатқызымен «Равеннің прогрессивтік матрицасы» және «ОКДАТ» әдістемелері арқылы оқушылардың интелектік даму деңгейін бағалау жұмысын жүргізіп, ақыл-ой даму деңгейін, олардың тез ойланып, тапсырманы нақты, әрі жеке-дара орындай алу қабілетінің дамығандығын көрсетті. «Мектептегі шахмат» пилоттық жоба жұмысының нәтижесін 18 мамырда өткізілетін қалалық турнирде де көрсетіп, жоғары нәтижеге жетеміз деген сенім мол.

Гимназиядағы «Робототехника» кабинеті де оқушылардың зор қызығушылығын тудырып отыр. Алматы қаласының Білім басқармасы мен ГЦНТО-ның шешімімен мектебімізге «Робототехника» кабинетінің толық комплектісі, яғни ноутбуктар, роботтар, 3D-принтер материалдары және т.б. келді. Нәтижесінде «Робототехника» командасы түрлі жарыстарға қатысып жеңіспен оралуда.

Жаңартылған білім мазмұны оқушыларымыздың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Біздің басты мақсатымыз – ұлттық құндылықтарға сусындап өскен, бойында ұлтжандылық қасиеттері тұнып тұрған әрі жаңаша ойлайтын, креативті тұлға тәрбиелеу. Сондықтан бірнеше тілді еркін меңгеру бүгінгі күннің басты талабы екенін ұмытпауымыз керек. Аптаның әр сәрсенбі күні «ағылшын тілі» күні деп жарияланып, осы күні оқушылар да, мұғалімдер де бір-бірімен ағылшын тілінде сөйлесуге, әртүрлі қызықты іс-шаралар өткізуге дағдыланған. Қарап отырсақ, бүгінде оқушыларымыз жан-жақты ашылып, қала, республика және халықаралық деңгейде өткізілген жарыстарда биік белестерді бағындырып жүр. 10-сынып оқушысы Мөлдір Кенжеғұл республикалық оқушылардың пәндік олимпиадасында 1-орынға ие болса, 7-сынып оқушылары Айым Мәділ мен Гүлім Мәділ Париж қаласында өткен халықаралық байқаудың жеңімпаздары атанды.

Шығармашылық жұмысқа да мән беріп, түрлі жарыстарда да көш бастап жүрміз. Бұл тұрғыда бастауыш сынып оқушылары республикалық «Зерде» ғылыми жоба байқауында өздерінің таланттарымен ерекше бағаланып келеді.

Байқап отырсақ, заман талабынан туындаған жаңартылған білім жүйесі баланың таным-түсінігінің артуына, өзін қалыптастыруына мол үлес қосуда. Демек, біздің болашақ – осындай білімді жастардың қолында екеніне сенім мол.

**Гаухар МАНЕКЕЕВА,**
**«Жаңа Ғасыр» гимназиясының директоры**
**Әсел АЛТАЕВА,**
**химия пәнінің мұғалімі**

АЛМАТЫ

ДЕНСАУЛЫҚ

**XXI ғасырда әр ұлттың, әрбір халықтың бәсекеге қабілеттілігі оның білімімен, интеллектуалдық деңгейімен, түрлі салалардағы жаңашыл көзқарасымен өлшенетіні белгілі. Осы айтылғандармен қатар өзіміз көп ескере бермейтін бір мәселе бар. Ол, әрине, денсаулық мәселесі. Мақал-мәтелдерге жүгінетін болсақ, халқымыз «Тәні саудың – жаны сау», «Бірінші байлық – денсаулық», «Артық байлық не керек, ден сау болса болғаны», «Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің» деп, денсаулықтың орнын адам өмірінің ең маңызды дәрежесіне қояды. Өйткені денсаулық қай заманда да, қай ғасырда да өзінің құндылығын жоймаған. Себебі адам ғұмырының өлшемі де, тіршілік көзі де осы құндылыққа тікелей байланысты.**




# БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТҚА БЕТБҰРЫСЫМЫЗ ҚАЛАЙ?

Иә, зерттеп қарасақ денсаулық туралы аз жазылып, аз айтылып жүрген жоқ. Теледидарды қоссақ та, газет-журналдарды оқысақ та, осы саланың білікті мамандары ақыл-кеңестерін айтып, пікірлерін білдіреді. Денсаулықты нығайту, сақтау туралы ақпараттың көптігі сонша, оған назар салып, мән беріп жатқанымыз да шамалы. Бір қарағанда бәрі де түсінікті сияқты: денсаулықты сақтау керек, жаман әдеттерден бойымызды аулақ ұстауымыз керек, спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстануымыз керек. Бұл пікірмен көпшілігіміз келісеміз. Теріске шығармаймыз. Алайда солай екен деп халықтың денсаулығы нығайып, науқастар саны азайып кеткен жоқ. Неліктен олай деп бір сәт ойланатын болсақ, әрине, көптеген факторларды алға тартуға болады. Ол экология, ол дұрыс тамақтанбау, тағысын тағылар. Дегенмен, мәселенің барлығы осы айтылған дүниелерге ғана қатысты десек, қателескен болар едік. Ең бастысы, әр адамның өз денсаулығына жеткілікті түрде мән беріп, жауапты қарауға үйренуінде жатыр.

Бізде халық арасында «адам сырқаттанса немесе денсаулығы сыр берсе, аурухана, емханалар емдейді» деген көзқарас қалыптасып кеткен. Өз денсаулығын нығайту үшін ешқандай әрекет жасамай, денсаулықты сақтауды емханаларға ғана тапсырып қойып жүре беру түбегейлі қате көзқарас екенін түсінетін кез келді. Дүниежүзінің дәрігерлері адам денсаулығының 90 пайызы оның өз қолында екенін баяғыда-ақ дәлелдеген. Керек десеңіз, әр адамның денсаулығы оның бойындағы тек қана өзіне тиесілі баға жетпес капиталы. Біз белгілі бір дәрежеде қымбат дүние-мүлкіміз болса, оны барынша қадірлеп ұстауға, сақтауға тырысамыз да, ал одан да зор байлық болып саналатын – денсаулығымызды қадірлеп, қастерлеп ұстауға ынта-жігеріміз жете бермейді. «Ауырсам дәрігерлер емдейді ғой» деген түсінікпен жүреміз. Осы бір жылдың ішінде яки бір айдың, бір аптаның ішінде денсаулығымызды нығайту үшін не істедік деп өз-өзімізге есеп беретін болсақ, күмілжіп қалатынымыз рас. Оның орнына денсаулыққа кері әсер еткен дүниелерді атап бере алатынымыз шындық. Тамақтануда, ұйықтауда белгілі бір режим сақтамадық, бәлкім артық салмақ қостық, дене жаттығуларымен жүйелі шұғылданбадық, оған жан-тәнімізді қинамадық, жаяу жүрмедік, табиғат аясына шығып, таза ауа жұтпадық, кешкісін далаға серуендеп қайтудың орнына теледидар алдына жайғастық, т.б.

Мамандардың айтуы бойынша, адам денсаулығы 100 немесе одан да көп жылдарға жеткілікті болатындай уақытқа жететін табиғи ресурсқа жатады екен. Осы жылдар ішінде ол белсенді өмір сүріп, өзінің әлеуетін толыққанды пайдалана алатын мүмкіндікке ие. Мысалы, тарихқа қарайтын болсақ, әлемде 130,150, 200 және одан да көп жыл өмір сүрген адамдар қаншама. Бұған ешқандай таңғалуға болмайды. Демек, адам өмірінің ұзақтығы оның денсаулығының тіршілік етуіне мүмкіндік сыйлайтын қалыпты дәрежеде болуында жатқаны анық. Сонымен қатар біз денсаулық туралы ата-бабамыздан келе жатқан халықтық білімдерден айырылып қалғанымыз анық. Олай дейтін себебіміз, денсаулық мәселесіне көбінесе қазіргі заман медицинасының, дәрі-дәрмектердің тұрғысынан ғана зер саламыз. Өзіміздің ағзамызды жеткілікті дәрежеде тани бермейміз. Халықтың денсаулық туралы бағзыдан келе жатқан ұғым-түсініктері жөнінде дәстүрлі емші Ерхан Мәдіғалиевтің пікірін білген едік, ол кісі Гиппократтың сақтар, яғни біздің ата бабаларымыз туралы айтқан мынадай бір сөзін келтірді: «Сақтар өз денсаулықтарын жылқы малын күткендей күтеді. Яғни алыс жолдан немесе жорықтан келгенде су да, тамақ та ішпей, ұйықтап қалады». Гиппократтың осы сөзін тарқатып беруін сұрағанымызда, Ерхан Мәдіғалиев адамның бойында ыстық пен суық болатынын, ыстықтың мөлшері шамадан асып тұрғанда су да, тамақ та ішеуге болмайтынын айтты. Яғни өзіміз үшін үйреншікті әдетке айналып кеткендей, даладан келе салып бойдағы ыстық басылмай салқын су ішу денсаулықты бұзады. Қазақтың алыс жолдан келген жылқыға бірден су бермей, оны белгілі бір уақыт аралығында суытып алуының сыры да осында екен. «Біз шын мәнінде, денсаулық туралы халқымыздың дәстүрлі дүниетанымынан қол үзіп қалдық» дейді емші. Сонымен қатар халық емшісі мына бір пікірін де қоса кетті: «Адамның өз-өзіне деген сенімі күшті болуы керек. Рух жоқ жерде сенімділік болмайды. Қазір біз рухымыздан айырылып қалдық. Ал рухтан, сенімділіктен айырылған адамның денсаулығы да осал болады. Ондай адам өзгені кінәлағыш келеді. Ауырса да, жұмыс таппаса да сонысын өзгеден көруге даяр тұрады. Сырқаттанса жазылып кететіне сенбейді. Содан келіп адамның психологиясы өзгереді» дейді.

Тақырыбымызға денсаулық мәселесін арқау етіп отырған соң мұндағы негізгі мақсат – адамның өз денсаулығына деген көзқарасын өзгерту. Нақтылай айтқанда, денсаулық мәселесінде біз өмір салтымызды өзгертуіміз керек. Мысалы, бүгінгі жастарымыз ата-бабамызда болмаған тағамдарға үйірсек болып кетті. «Хот-дог», «чипсы», «сэндвич» тәрізді каллориясы көп және ағзаға пайдасы аз тағамдарды жиі пайдаланады. Сонымен қатар құлағымыз жиі шалатын, күнделікті естіп жүрген «бұқаралық спортты» дамыту жайы да қалыс қалып келеді. «Бұқаралық спорт» деген әлемнің дамыған елдерінде кең тараған ұғым. Оған ең біріншіден халықтың өзі мүдделі. Қолдары қалт еткенде спорттық алаңдардан табылады, бірігіп жүгіреді, жарыстарға қатысады, сол арқылы балаларын, жас ұрпақты да белсенді өмір сүруге тәрбиелейді.

Қайбір жылы сонау Жапониядан Қазақстанға саяхаттап келген қарияларды кездестіріп, тілмаш арқылы әңгімелесудің сәті түсті. Көбінің жасы тоқсанды алқымдаған, тіпті арасында тоқсаннан да асып кеткендері бар. Солар жылына болмаса да, екі үш жылда бір еліміздің табиғатын тамашалауға келіп жүреді екен. Ақсу-Жабағылыдағы қызғалдақтарды қызықтайды, Маңғыстаудың ғажайып табиғатын тамашалайды. Бұл орайда айтайын дегенім, жапон қарияларының мықтылығы. Өздері жүріп тұрады, тау-тасқа шығады, бірнеше шақырымдарды шаршамай-шалдықпай жаяу еңсереді. Қалай қызықпайсың! Олардың денсаулығы біздікінен артық жаратылмағаны белгілі. Бірақ дұрыс күтіне білудің арқасында, сауатты тамақтанып, салауатты өмір салтын ұстанғандарының нәтижесінде әлі де сергек күйлерін сақтап келеді. Жан мен тәннің үйлесімді болуын жақсы меңгерген. Өйткені олар тек қана тән саулығын ғана емес, жан саулығын да, яғни рухтарын да биік деңгейде сақтай біледі. Спорт, дене жаттығуларымен жүйелі шұғылданады екен.

Өкінішке қарай, біз мықты денсаулыққа кепілдік беретін «спорт философиясын» оншалықты жақсы түсіне алмай келе жатқан халықпыз. Спортты міндетті түрде чемпион болу, сол саланың мықтысына айналу деп қабылдаймыз. Шындығында, спорт – адамның өмір бойы жан серігіне айналуы керек құндылық емес пе? Тал бесіктен жер бесікке дейінгі адам өмірін, денсаулығын сақтауға мүмкіндік беруші құндылықтың бірі де бірегейі – спорттың кереметтілігі сонда, ол жас талғамайды, онымен әрбір адам кез келген жерде шұғылдана береді. Керек десеңіз, бала кезде мектеп қабырғасынан үйренген дене жаттығуларын жасауымыздың өзі нағыз спорт. Осындайда бір тәжірибелі жаттықтырушының айтқан мына сөзі еске түседі: «Қазақтың «дене шынықтыру» деген сөзі бар. Қандай жақсы сөз! Осының мәнін енді түсіндім. Әр адам денесін шынықтыруы керек. Отырып тұру арқылы, жүгіру, қандай да бір жаттығулар арқылы… Ал оның аржағында денсаулықты нығайту мәселесі тұр. Бүкіл спорттың философиясы осы сөзде жатыр» деген еді. Келісуге болатын пікір. Спортпен шұғылдану үшін міндетті түрде үлкен кешендерге, бағасы қымбат жаттығу залдарына барудың қажеті шамалы. Бар болғаны спорт өмір салтымызға айналуы керек.

Мысалы, Бразилияда футбол әлдеқашан өмір салтына айналып кеткен. Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін футбол десе, ішкен асын жерге қояды. Бұл да сол елдегі өмір салтының бір көрінісі іспетті. Ал біздің өмір салтымыз не? Өмір салтымыз әртүрлі, олардың ішінде спортқа қатыстысы шамалы. Демалыс күндеріміз той тойлаумен, ойын-сауықпен, қонаққа барумен өтіп жатады. Той тойлаған жақсы, бірақ өзіңді өмір бойы алып жүретін денсаулық мәселесіне де бір сәт назар аударып қойғанымыз одан да жақсы.

Бір таңғаларлық мәселе бар. Біз денсаулықты сақтау жолдарын білсек те, оны орындауға салғырт қараймыз. Кейде денсаулықты бүгін бұзсақ күні ертең өз қалпына келе қоятындай қабылдаймыз. Теріс әдеттерге бой ұрып, денсаулыққа зиян келтіретін небір тәуекелдерге барамыз.Денсаулық күн сайын, жыл сайын өз қуатын жоғалтып, мөлшерін азайта беретін маңызды құндылық екен.

Қозғап отырған тақырыбымыздың соңын халқымыздың «Ауру – астан» деген мақалымен аяқтауды жөн көрдік. Шын мәнінде, біз дұрыс тамақтануға көп мән бермейміз. Тамақтану мәдениеті кемшін соғып тұр. Мысалы, биологиялық тұрғыдан бір-біріне сәйкес келмейтін тағамдарды қатар пайдалана береміз. Тағамның калориясы, ондағы майлар мен көмірсулардың мөлшері қандай, бұл жағынан да хабарымыз шамалы. Қай кезде тамақтану керек, қай кезде тамақтанбау керек екенін, өз ағзамыздың ерекшелігін, оның не қалап тұрғанын да жақсы біле бермейміз. Біркелкі тамақ емес, құнарлы, әртүрлі дәрумендерге бай тағамдарды пайдалануды да есімізден шығарып аламыз. Ойлап қарасақ, ағзаны қалыпты деңгейде ұстау – үлкен өнер. Оны жетік меңгермесек те, қыр-сырын танып білуге ұмтылудың еш айыбы жоқ. Бұл орайда денсаулығымызды нығайтуға қатысты жасаған әрбір қадамымыз маңызды рөл атқаратынын ұмытпайық. Әрине, бұл мақаламыздан «көпшіліктің барлығы дерлік осындай екен» деген ой тумауы керек. Арамызда денсаулығын күте білуде үлгі етерлік азаматтар баршылық. Тек олардың қатары көп болғанын қалаймыз...

**Дәуіржан ТӨЛЕБАЕВ**

ТАҒЗЫМ

## Орбұлақ шайқасы – ғасырлар куәсі

**Қазақ тарихында аумалы-төкпелі, қиын-қыстау күндер мен оқиғалар аз болған жоқ. Бүгінгі ұрпақ соның ішінен өз керегін алып, ақиқатты дерек іздейді.**

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында көптеген игі істер атқарылып, рухани құндылықтарға мән берілуде. Мемлекет басшысының «Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек» деген сөзі осы орайда айтылса керек-ті.

Биыл Орбұлақ шайқасына 375 жыл толуына байланысты Астана қаласының №5 кітапханасында «Орбұлақ шайқасы – ғасырлар куәсі» атты шара ұйымдастырылды. Аталған кітапхана ұжымы өткізген шараға тұрақты оқырмандар мен қалалық №50 мектептің мұғалімдері, жоғары сынып оқушылары қатысты. Шара барысында Қазақ мемлекетінің тарихы, Қазақ хандары мен қолбасшы батырлары туралы жан-жақты әңгімеленіп, оқырман назарына тақырыптық деректі бейнефильмдер ұсынылды. «Қазақ хандығы» атты көп сериалы тарихи кинодастаннан үзінділер көрсетілді.

Елдік пен ерліктің символы болған батыр бабаларымыздың ел қорғаудағы ерліктері туралы баяндалып, осы арқылы өскелең ұрпақты отансүйгіштікке баулу, патриоттық рухты көтеру мен рухани-адамгершілік құндылықтарды, ұлттық мәдени дәстүрлерді насихаттауды мақсат еткен шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Оған қатысушылар ұйымдастырушыларға алғыс айта отырып, мұндай шаралардың жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызы зор екенін атап өтті.

**Гүлнәр ЕСІМСЕЙІТОВА,**
**кітапхана қызметкері**

АСТАНА

ӨНЕР

## Аспаптар үндесуі

**Жуырда Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде «Әлемдік джаз этно-фьюжн» концерті өтті.**

Неміс музыкалық «Morgenland Festival» аясында ұйымдастырылған кешке Германияның Алматы қаласындағы бас консулы Йорн Розенберг, сириялық әнші Ибрагим Кейво, Франция композиторы Михель Годард және т.б. өнер майталмандары қатысты.

Концертте Польшаның джаз шебері Бодэк Янке, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жыршы Ұлжан Байбосынова және қобызшы Раушан Оразбаева өнер көрсетті. Кеште «Аққу» күйі мен өзге туындылар домбыра, қобыз, туба сынды аспаптарда орындалды. Аталмыш шара «Хазар» тобының қатысуымен Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясында жалғасын тапты. Осы жылдың маусымында әлемдік джаз этно-фьюжн жанрының орындаушылары, 2009 жылы құрылған «Morgenland All Star Band» тобы және қазақстандық өнерпаздар Германияда өтетін негізгі фестивальге қатысады.

Айта кетейік, 2005 жылдан бері Германияда дәстүрлі шараға айналған «Morgenland Festival» қатысушылары Қазақстанда алғаш рет «ЭКСПО – 2017» көрмесінде өнер көрсеткен.

**Арай ЖҰМАТАЙ**

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

**Ұлттық спортымыздың бірі – асық ату екені белгілі. Қазіргі таңда асыққа көңіл бөлу елімізде жоғары деңгейде. 2010 жылдан бері Спорт және дене шынықтыру комитеті жанынан «Асық ату» республикалық федерациясы құрылып, жұмыс істеуде. Оның 5 облыста филиалы бар. Елімізде шамамен 202 адам ұлттық спорт түрлерімен шұғылданса, оның 1040-ы асық ойнайтын спортшылар көрінеді.**

## ЕПТІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕЙДІ

Осы тұста еліміздің 78 мектебінде асық үйірмесі бар, оның 63-і ауыл мектептерінде екенін айта кеткен жөн. Асық спортының тарихын толғай берсе қызық-ақ. 2011 жылы ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында ұлттық спорт түрлерінен асық ату III фестивальдің бағдарламасына енгізілген. 2013 жылы «Самұрық – Қазына» ұлттық ӘҚ қорының ұйымдастыруымен асықтан республикалық I Спартакиада ұйымдастырылды. 2014 жылы Берлин қаласында Еуропа қазақтарының кіші құрылтайында «Асық ату» ойыны көрсетіліп, жарыс өтті.

Осы ауылда асықтың бірден-бір жанашыры – облыстық асық федерациясының бас жаттықтырушысы Бауыржан Бейсенбиев. Ол кісінің асық ойынын дамытуды қолға алғанына ширек ғасыр болды. Өзі тәрбиелеген балалардың бірнешеуі ел чемпиондары атанды. Бесағаштың бес жасар баласынан 80-дегі ақсақалына дейін асық ойнап, осы ұлттық ойынға да құрметпен қарайды.

«Асық – қазақтың ғажайып өнері, спорттық ойыны. Облыс орталығынан асық ойнау орталығы ашылса» дейді Б.Бейсенбиев.

Осы орайда «Қазақстан асық ойынының үздігі» турнирі қалыптасып, жергілікті жерде іріктеуі өтіп, әр облыстың жеңімпаздары Астанада «Қазақстанның асық ойынының үздігі» турнирінде өнер көрсетіп жатса нұр үстіне нұр емес пе? Осылай ұлттық асық ату спорты жанданып, дамып, қанатын кең жайса деген тілегіміз бар.

**Ескен АЛДАБЕРГЕН**

Жамбыл облысы

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

**Адам жанына ерекше әсер ететін құдіретті күш – музыка. Ішкі жан дүниемізге, көңіл-күйімізге байланысты музыкаға қуана да, күрсіне де аламыз. Себебі бір ән жүрегімізді тербеп, көзімізге жас алдырса, бір ән сонша қуантып, көңілімізді көтере алады. Адамның қуанышын да, қайғысын да музыка бөлісе алуы ғажап, әрине. Өйткені музыканың құдіреттілігі сонша, бесіктегі баладан, төрдегі қартқа дейін өз әсерін тигізе алады. Музыка жасқа, ұлтқа, нәсілге, жынысқа да бөлініп жатпайды. Оның құдіреттілігі де сонда.**



## ӘН САБАҒЫ қалай оқытылып жүр?

Сондықтан болар музыка, тіпті балабақшадан бастап, мектептерде де арнайы пән ретінде оқытылады. Ал музыка үшін жаралған балаларды арнайы музыка мектебіне де беруге болады. Баланы кішкентайынан музыкаға баулып, оның таным-көкжиегін кеңейтуге, ой-өрісін арттыруға мүмкіндік бар. Алайда тілі жаңа шыққан балаға ән үйретіп, сөз жаттату оңай емес. Білім беру саласындағы ең қиын шаруа да осы. Себебі балабақшалардағы кішкентайлармен жұмыс істеу, оларға музыканың құдіреттілігін сезіндіру үлкен жауапкершілікті, қажырлық пен еңбекті талап етеді.

– Балабақшаларда әнге берілген уақыт 20-25 минут қана. Сол уақыттың ішінде біз балаларға әнді тыңдатамыз, оның мағынасына қарай заттар көрсету арқылы, сөзін екі-үш қайтара айтқызамыз, сосын балалар өздері алып кетеді. Яғни тыңдау, көру, жаттау арқылы жұмыс істейміз. Көбіне пианиномен дайындаймыз. Пианино кәдімгі музыкаға қарағанда балаға жеңіл болады. Әнге қатысы бар көңілді би, ойындармен байланыстырып отырамыз. Сабақ балалардың деңгейіне, тобына байланысты бөлінеді. Бала берілген әнді айта алады, бірақ сөз жаттатқызу қиын. Дегенмен, балабақшадағы кез келген бала әнді жақсы көреді, қалап тұрады, – дейді Қызылорда облысы Арал ауданы «Алмарай» балабақшасының музыка жетекшісі Назгүл Мейірхан.

Ал бүгінде жалпы білім беретін орта мектептерде ән сабағы ең жеңіл пән ретінде қарастырылады. Алайда осы пәннің мұғалімдері бұл пікірмен келіспейді. Музыка арқылы баланы жақсылыққа үйрету, қуану мен қиындыққа төзуге баулу, музыкаға қызығушылығы жоқ баламен жұмыс істеу, жалпы бір сыныпты ортаға алып, музыканың құдіреттілігін сезіндіру оңай шаруа емес. Ал осы ән сабағы мектептерде қалай оқытылып жүр? Біз бұл сұрақтың жауабын музыка пәнінің мұғалімдерінен сұрастырдық.

– Мектепте музыка пәні жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы негізінде, білім стандартына сәйкес аптасына 1 сағат оқытылып жүр. Музыкаға баулу үшін дауыс ерекшелігіне қарай оқушыларды топтау, дауыс жаттығуы мен диафрагма арқылы жұмыс жасап отырамыз. Әр сабақ сайын түрлендіріп, мультимедиялық техникаларды, аспаптарды пайдаланып, балаларды музыкаға баулимыз, – дейді Алматы қаласы №172 мектеп-гимназиясы, музыка пәнінің мұғалімі Арайлым Әлібекова.

Арайлым Камалқызының пікірінше, оқушыға ҰБТ тапсыру барысында да музыкаға байланысты сұрақтар келетіндігін естеріне салу арқылы музыка пәнінің маңызды екендігін түсіндіруге болады екен.

Қарапайым мектепте музыка пәнін оқытудың өз ерекшеліктері мен қиындықтары бар. Ал арнайы музыка мектебінде жағдай басқаша. Әлдеқайда жеңілірек деуге болады. Себебі оған әнге әуес болған бала өз еркімен келеді. Арнайы оқиды. Музыкалық білімді қалайды. Сондықтан мұндай мектептерде музыканы оқыту әдісі мүлде бөлек.

– Арнайы музыка мектебінде оқушының таңдаған класы, мамандық сабағы бойынша кәсіби тұрғыда оқытылады, әр баламен жеке 45 минут сабақ өтіледі, соған қоса топ сабақтары бар, 1-сыныпта сольфеджио (нота әліппесін үйрететін сабақ) және хор, 2-сыныптан бастап музыка әдебиеті, 3-сыныптан қазақ-орыс музыка әдебиеті қосылады да, 5-сыныпқа дейін жалғасады, оқу мерзімі 5 жылдық және 7 жылдық (таңдауы бойынша). Әр мамандықта оқыту бағдарламасына сәйкес сабақ жүргізіледі. Пәнді меңгеру музыка мектебіне келген әр баланың өзіне байланысты. Сабақты қызықты өткізумен қатар, оқушыларды әртүрлі концерттерге, конкурстарға қатыстыру арқылы олардың музыкаға деген қызығушылығын арттыруға болады. «Мен музыканы таңдадым, маған ұнайды» деп келген талантты балаларға көп көңіл бөліп, әрі қарай дамыту жеңілірек болады, өйткені бала да ізденіс үстінде жүреді, – дейді Қарағанды облысы Теміртау қаласы Ғазиза Жұбанова атындағы Балалар өнер мектебі дәстүрлі ән пәнінің мұғалімі Алтын Садықова.

Алтын Ғаниқызының айтуынша, музыка – баланың таным түсінігі мен ой-өрісін арттырады, мәдениеттілікке үйретіп, этика және эстетикалық тәрбие қалыптастырады. Осыны балаға оқыту, түсіндіру, үйрету – мұғалімнің міндеті.

Мәселен, арнайы музыка мектебінде оқитын балалар үшін қорытынды емтихандар «академиялық концерт» деп аталады. Арнайы кіші залдардың сахнасында оқушы өзінің жарты жылда үйренген шығармасын сахнада отырып, орындап береді, осының өзі балаға үлкен әсер етеді. Яғни мектеп жасынан бастап баланың сахнада өзін ұстауы, көрерменмен қарым-қатынасы барлығы дерлік үйретіледі.

Ал қарапайым мектептерде музыкаға икемі жоқ бала болса, оларға қосымша тапсырмалар беріледі. Мысалы, суреттер салу, реферат жазу, жоба тапсырмалары, музыкалық флипшарттар ойлап табу, т.б.

Яғни мектептердегі ең жеңіл пән музыка мен дене шынықтыру пәндері деген ойдан аулақ болған жөн. Дене шынықтыру пәні арқылы бала спортқа бейімделіп, денсаулығын жақсарта алады. Ал музыка пәні арқылы оқушы ой-өрісін кеңейтіп, әлемді музыка арқылы тани түседі. Себебі музыка адамдарды тілсіз түсінісуге ықпал ететін ғажайып дүние.

**Ақбота МҰСАБЕКҚЫЗЫ**

ӨНЕР



# ӘУЕЗОВ ТЕАТРЫ ОРАЛ ӨҢІРІНДЕ

**М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының ұжымы Батыс Қазақстан облысында бір апталық гастрольдік сапарда болды. Аталмыш ұжымның өнерін Орал қаласы ғана емес, Сырым, Теректі және Зеленов аудандарының тұрғындары да тамашалады.**

Ғасырға жуық тарихы бар театрдың Д.Темірсұлтанова, Д.Ақмолда, А.Сатыбалды секілді танымал өнерпаздары И.Сапарбайдың «Сыған серенадасы», М.Омарованың «Ақтастағы Ахико», Р.Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан», Ғ.Есімнің «Таңсұлу», А.Володиннің (аударған А.Маемиров) «Қоштасқым келмейді...» қойылымдарын сахналады.

Әуезов театрының жыл сайынғы дәстүрлі жазғы гастролі биыл Батыс Қазақстан облысынан басталды. Бір ерекшелігі, бұл жолы Әуезов театры өздерінің музей қорынан қызықты жәдігерлер әкеліп, көшпелі көрме де ұйымдастырды. Жарты ғасырлық тарихы бар театр музейінде алғашқы театр артистерінің киімдері мен фотосуреттері, афишалары, бағдарламалары, өмірден озған театр артистерінің өмірбаяндары, жеке материалдары, қолжазбалары, алған сыйлықтары сақталған. Театр музейінің жетекшісі Наргиз Асанжанова оралдықтарға әрбір жәдігердің тарихы жөнінде әңгімелеп берді.

– «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында театр гастролі өңірлерде бұдан былай да жалғасады. Бұған қоса біз биыл Францияда өтетін дүниежүзілік «Авенью» театр фестиваліне Қазақстаннан тұңғыш рет қатысайын деп отырмыз. Біз бұл додаға ақын-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Иран-Ғайыптың (Иранбек Оразбаев) «Қорқыт» драмасын әзірлеп жатырмыз, – дейді өнер ұжымының болашақ жоспарларымен бөліскен театр директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров.

Қорытынды кешке Қазақстанның Еңбек Ері, КСРО халық артисі, КСРО, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Асанәлі Әшімов, Халық артисі Есмұқан Обаев қатысып, ақжарма тілектерін білдірді. Театр директоры А.Маемиров әр қойылымды құшақ жая қарсы алған көрермен қауымға, театр артистерін арнайы қабылдап, құрмет көрсеткен облыс басшылығына алғысын айтты.

**Абылайхан ЖҰМАШЕВ**

ҚҰРМЕТ

**М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында белгілі ақын, «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының лауреаты Жарас Сәрсектің шығармашылық кеші өтті. Ердің жасы 50-ге келген ақын мерейтойына еліміздің түкпір-түкпірінен келген қаламгер қауымы, жалпы өлеңсүйер жұртшылық жиналды. Мәртебелі поэзия мейрамын ақын, Қазақ радиосының қызметкері Бақыт Жағыпар жүргізіп отырды.**



# СҮМБЕДЕН ҚАНАТТАНҒАН *сыршыл ақын*

Сыршыл өлеңдерімен оқырман жүрегінен орын тапқан ақынның өмірі мен өлеңі әдебиетке адалдығымен ерекшеленеді. Қаламгерлікті кәсіп емес, маңдайына жазылған тағдыры, Тәңірдің сыйы деп қабылдаған Жарас ақынның шығармашылығының түпкі өзегі сол адами асыл мұраттардан өрбиді. Шығармашылық кеште сөз алғанҚазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдәулет Жарас Сәрсектің әдебиетке келген 1990 жылдардан-ақ қазақ поэзиясынан өз орнын алғанын тілге тиек етті. «Алтын көпірліктер» аталған бұл буын өтпелі кезеңде қазақ әдебиетінің туын жықпай, содан бері әрқайсысы қабілет-қарымына қарай еңбек етіп келеді. Соның ішінде Жарас ақын өз қатарластарының алдыңғы жағынан көрінді. Жан-жүрегінің түкпірінде бұғып жатқан арман-аңсарын жыр жолдарымен жеткізген ақын өлеңдері шынайылығымен ерекше, сонысымен де тартымды.

Кеш барысында Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының құттықтау хатын жазушы Әлібек Асқар, Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаевтың жылы лебізін ақын қызмет ететін «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Бас директорының орынбасары Ләззат Ноғайбаева жеткізді. Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек те ақын мерейтойына орай құттықтау хатын жолдап, құрметін білдірді. Ақынның туған жері Алматы облысы Ұйғыр ауданынан арнайы келген әкімдік өкілдері Жарас Сәрсектің иығына шапан жауып, сый-сияпат көрсетті. Арысы Алтай мен Маңғыстау, берісі теріскейден келген ақын-жазушы әріптестері мен достары, аға буын өкілдері ақынның абыройын асырып, ән мен жырдан шашу шашты.

Сүмбе дейтін кішкентай ауылдан Алматыға өзін іздеп келген ақын ақ қағазбен қауышып, өзін өлеңнен тапты. Ширек ғасырдан астам уақыт бедерінде «Түнемел», «Жүрегімнің ішіндегі жүрегім», «Жан – арымның жарығы» және басқа кітаптары оқырман қауымның ыстық ықыласына ие болды. Ақын өлеңдеріне жазылған әндер де өнерсүйер қауымның сүйсініп тыңдайтын туындыларына айналған. Әсіресе белгілі әнші Сәкен Майғазиев орындап жүрген «Жүрегімнің ішіндегі жүрегім», Саят Медеуов орындайтын «Көшесінде Гогольдің» сияқты әндері көпшіліктің көкейінен шығып, тыңдарманын тапқан туындылар. Кеш барысында Жәудір Артықбаева, Роза Әлқожа, Айгүл Бажанова сынды композиторлардың Жарас ақынның өлеңдеріне жазған әндерін белгілі өнер иелері Рамазан Стамғазиев, Саят Медеуов және т.б. әншілер орындап, мерейін өсірді. Ғ.Мүсірепов атындағы жастар театрының артистері ақын өлеңдерінен композиция орындады.

Өмірде де, өлеңде де өзіне тән қоңыр тіршілігімен ерекшеленетін Жарас ақынның өзі де жыр оқып, әдебиет жайлы сырға толы ой-пікірлерімен бөлісті. Қазіргі әдебиеттің жай-күйі, ақынның шығармашылық зертханасының қыр-сыры қозғалды. «Өлең – жан тазалығын паш етудің құралы» деп санайтын қаламгер талғампаз оқырманды тәрбиелеу ақынның өз қолында деп есептейді. Ақ қағаз бетінде пенделікке орын болмауы тиіс екенін айтады. Жазу үстеліне он отырып, он тұратын ақын жазғандарына қайта-қайта шұқшиып, қажып барып нүктесін қояды. Сондықтан да аз жазса да саз жазады. Өлең жазудан сескенетіні де содан. Бірақ, бұл сескеніс өлеңнен қол үзу емес, өлең алдындағы адалдықты, жауапкершілікті түсінгендік.

Ақын жүрегі кең, ол ешкімді жау тұтпайды, жақын тартады, ешкімді алаламайды, бөле жармайды, бөтенсімейді. Өлеңінде де, өмірінде де тек дос іздейді. Қай тақырыпты да өзіне тән қоңыр даусымен жырлайды. Айтарын астарлап айтатын ақын жаратылысы жұмбақтығымен баурайды. «Баянды бола ма өзі Бостандығым, Қу көңіл соған тағы алаң бүгін» деп, елінің амандығын, ұлтының болмыс-бітімінің бүтіндігін тілейді. Ақ парақпен беттесер алдындағы мақсат-мұраты да елінің мұң-мүддесімен өзектес.

«Көнеден қалған көз едім, Айтылмай қалған сөз едім», деп өзі жазғандай, ақынның айтары әлі де алда. Шарын мен Іле арасын жайлаған киелі Қарадаласынан түлеп ұшқан ақынның өлеңдері оқырманын әлі талай қуантары анық. Даласы мен сол даланы жайлаған халқы аманда Жарас ақын да жасай бермек.

**Дина ИМАМБАЕВА**

ЖАҺАННЫҢ ЖҮРЕК ЛҮПІЛІ

СИНГАПУР

## Екі ел басшысы кездеспек



**АҚШ президенті Дональд Трамп пен Солтүстік Корея басшысы Ким Чен Ынның кездесуі маусымның 12-сі күні Сингапурде өтетін болды. Бұл туралы Ақ үй басшысы мәлімдеп, әлем асыға күткен бұл кездесуге үлкен үміт артатынын жеткізді.**

Ал әлем ақпарат құралдары Дональд Трамп пен Ким Чен Ынның алдағы кездесуін тарихи оқиғаға балап жатыр. Себебі бұған дейін АҚШ-тың бірде-бір президенті Солтүстік Корея басшысымен кездескен емес.

Екі мемлекет басшысының басқосуы туралы наурыз айында белгілі болды. Ұсынысты Солтүстік Корея жетекшісі Ким Чен Ын жасаған. Оның қай жерде өтетіні жөнінде түрлі жорамалдар айтылып, оның ішінде Пханмунджом шекара өткелі, Еуропадағы Швейцария мен Швеция секілді бейтарап елдер де аталған еді.

МАЛАЙЗИЯ

## Парламент сайлауы өтті

**Малайзияның осы жолғы парламент сайлауы тарих бетінде алтын әріппен жазылады. Себебі тәуелсіздік алған 1957 жылдан бері билеуші коалиция жеңісті қолдан бермей келді. Ал бұл сайлауда «Үміт альянсы» оппозициялық коалициясы көп дауыс жинап, аталған ұйымның 113 депутаты жеңіске жетті.**

Нақтылап айтсақ, парламенттегі 104 орынды осы ұйым құрамына кіретін «Халықтық әділеттілік» партиясы өкілдері иеленді. Ал «Демократиялық қозғалыс» партиясы 9 орынды меншіктеді. Жалпы Малайзияда депутаттар бір мандатты өңірлерде 5 жылға сайланады. Ал жеңісті ешкімге бермей келе жатқан «Ұлттық фронт» билеуші коалициясына бұл жолы небәрі 79 орын бұйырды. Бұл өзгеріске халық дән риза.

«Үміт альянсы» коалициясы 2015 жылы құрылған. Оның құрамына үкіметтік емес 4 партия кіреді. Бұл саяси ұйымның төрағасы – Махатхир Мохамад. Ол 22 жыл бойы Малайзияның премьер-министрі болған.

ОҢТҮСТІК АМЕРИКА

## Ереуілге шықты



**Елде салықтың өсуі көпшілік наразылығын тудырып, Аргентина халқы жаппай ереуілге шықты. Халық елдегі экономикалық ахуалды реттеу мақсатында Халықаралық валюта қорының көмегіне жүгіну туралы шешімді де қолдамайды.**

Өз кезегінде билік төл ақша песо бағамын тұрақтандыруға жұмыс жүргізіп жатыр.

Жыл басынан бері бұл валюта долларға қатысты 20 пайызға арзандады. БАҚ-тың мәліметіне сенсек, наурыз және сәуір айларында Аргентина Орталық банкі песо құнын ұстап тұру үшін 7 млрд доллар немесе валюта резервтерінің 10 пайызын жұмсады. Қазір елде инфляция шарықтап тұр.

Наразылық акциясын ұйымдастырушылар конгресс ғимараты алдында жиналды. Ереуілге қатысушы Алехандро Бодарт: «Шетелден алатын ақша елдің экономикасын жақсартпайды. Керісінше қарызға белшемізден батып, жағдай одан сайын ушығады» десе, Роберто Барадел есімді азамат дәл осындай жағдай бірнеше жыл бұрын қайталанғанын айтып, елдің Халықаралық валюта қорының көмегіне мұқтаж емес екенін, халықтың 80 пайызы бұл шешімді қолдамайтынын жеткізді.

ИНДОНЕЗИЯ

## Түрмедегі бүлік

**Ел астанасы Джакартадағы лаңкестер қамалған түрмеде бүлік шығып, бес полицей мен бір сотталушы қаза тапты. Бүлікшілер бір тәртіп сақшысын кепілге алған.**

Полицияның мәлімдеуінше, кикілжің жазасын өтеушілерге келген азық-түлік сәлемдемені тексеруден туған. Оның арты бүлікке ұласты. Қақтығыс кезінде сотталғандар күзетшілердің қаруын тартып алған. Ресми өкілдердің айтуынша, қазір бүлікшілермен келіссөз жүріп жатыр.

ЛИВИЯ

## Босқындар еліне қайтарылды



**Ливияның көші-қон ведомствосы Біріккен Ұлттар Ұйымының босқындар ісі жөніндегі агенттігі 132 мигрантты Триполиден Нигерге аттандырғанын хабарлады.**

Заңсыз мигранттарды Отанына қайтаруды көздеген бұл бағдарламаны БҰҰ мен Ливия үкіметі бірлесе жүзеге асырып келеді.

Ливия – босқындардың теңіз арқылы Еуропаға өтетін негізгі транзиттік жолы. Италия ішкі істер министрлігінің дерегіне сүйенсек, Жерорта теңізі арқылы Еуропаға 120 мың мигрант қоныс аударған. 2015 жылы Солтүстік Африка және Таяу Шығыс елдеріндегі жағдай ушығып, босқындар саны күрт артқан еді. Ливия билігінің дерегі бойынша, ел аумағында қазір 700 мыңға жуық мигрант бар.

**Әзірлеген Бағдагүл БАЛАУБАЕВА**

БІЛІМ КӨКЖИЕГІ

# Мектеп мұражайы – тарих шежіресі

**Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар.**

Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» деп ұстаздар қауымына да зор жауапкершілік жүктеді. Сонымен қатар 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатта айтылғандай биылғы оқу жылынан бастап «Қазақстан тарихы», «География» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша «Туған ел» кең ауқымды мақсатқа бағытталған «Туған жер» бағдарламасын іске асыру барысында сабақты мұражайларда, мәдени ұйым салаларында, тарихи ғимараттарда өткізу үшін жылына 5 сағат бөлініп отырғандығы мектептердегі мұражай жұмысын жолға қоюды қажет етеді.

Осындай жас ұрпақтың бойында отбасы, ата-ана, мектеп, Отан алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыруды, туған өлкенің тарихына, еліміздің өткені мен бүгініне құрметпен қарауды, адамгершілік-эстетикалық мәдениеті жоғары, ой-өрісі биік азамат ретінде қалыптастыруды мақсат еткен мектеп тарихы мұражайы ғасырлық тарихы бар «Жалпы білім беретін Жұмабай Мырзағалиев атындағы орта мектеп» мемлекеттік мекемесінде жұмыс жасап келеді. Мұражайдың негізі 1997 жылы қаланған. Мұражайды құруға, алғашқы кезде оның жұмысын жүргізуге зор үлесін қосқан өлкетанушы, тарихшы-мұғалімдер М.Насиханов пен марқұм М.Сидеғалиевалар болатын.

Мұражайда мектептің тарихы мен оқу-тәрбие қызметін баяндайтын, осы мектепте еңбек еткен барлық ұстаздар мен мектептен түлеп ұшқан мыңдаған түлектері туралы мәлімет беретін, олардың осы білім ордасындағы қызметтері туралы естелік-сыр шертетін 690-дай заттық, жазба жәдігерлер, 2000-нан астам фотоматериалдар жинақталған. Мұражаймен танысқан адам сонау 1917 жылы қараша айында Нарын құмындағы Бегайдар мекенінде ашылып, бүгінде мыңға жуық шәкіртке дәріс беріп жатқан мектебіміздің өсіп-өркендеу жолынан толық мағлұмат алады. Барлық жәдігерлер 3 экспозиция мен жәдігерлер қойылған бірнеше сөрелерге жинақталған.

Мұражайдың орталық бөлігіндегі экспозицияда 1992 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен мектепке есімі берілген, өлкеміздегі халық ағарту ісі саласында өзіндік орны бар, Ленин орденді ұстаз Мырзағалиев Жұмабай Көшекен немересінің өмір деректері мен осы мектептің қысқаша тарихы жазбалар мен фотосуреттер арқылы көркемдікпен берілген. Сонымен қатар осы экспозициядан хронологиялық ретпен қойылған, мұрағат деректерімен нақтыланған мектепке басшылық еткен мектеп директорлары мен оқу-тәрбие ісі бойынша мектеп директорының орынбасарлары туралы толық мәлімет алуға болады.

Мектеп мұражайының басты мақсаты – мұражайдағы тарихи құжаттар мен жәдігерлер арқылы жас ұрпақты отансүйгіштікке, ұстаздарға деген құрметке тәрбиелеу, оларға кәсіби қызметінде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген адамдарды, мектептің жетістіктерін таныту, мектептің оқу-тәрбие қызметіндегі бай тарихын уағыздау, түлектердің жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік жасау, олардың өлке тарихына қызығушылығын арттыру. Білім ордасындағы мұражай – оқушылардың жүрегіне ізгілік ұялататын, патриотизмге тәрбиелейтін, сезімін оятып, зеректігін арттыратын үлкен тәрбие құралы. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда мектеп мұражайы базасында біраз жұмыстар атқарып келеміз. Жыл сайын қазан айында (Ұстаздар күні қарсаңында) 1,5,8 сынып оқушыларымен және 18 мамырда (халықаралық мұражай күні) 2,6-сынып оқушыларымен мұражайға танымжорық жасау дәстүрге айналған. Өлкетану тақырыбына байланысты сынып сағаттары, тылда еңбек еткен ардагерлермен, ауған соғысының ардагерлерімен кездесулер, мектепті бұдан 20, 30, 40, 50 жыл бұрын бітірген түлектердің мектептегі кездесулері, «Шежіре» өлкетанушылар үйірмесінің сабақтары осында өтеді. Мұражай материалдарын мұғалімдер өз сабақтарына, оқушылар ғылыми жоба жұмыстарын, рефераттар жазуда қолданады. Мектебіміздің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында мұражай материалдарын (жәдігерлерін) пайдаланып «Ғасыр белесіндегі мектеп» атты мектеп тарихын баяндайтын деректі фильм түсірілді. «Туған жер» бағдарламасын іске асыру барысындағы сабақтарды мұражайда немесе мұражай материалдарын пайдаланып өткізудеміз. Соның ішінде өзім 5-сыныпқа өткізген «Мұражайға саяхат», «Жәдігерлер сыр шертеді» тақырыбындағы сабақтарым оқушылардың зор қызығушылығын туғызды.

Мектебіміздің мұражайы өлкетану қызметін де атқарады. Мектеп тарихы ауыл өмірімен тікелей байланысты екені дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Сондықтан да мектебіміздің мұғалімдері мұражай қорын пайдаланып оқушылармен, ауыл тұрғындарымен ағартушылық, танымдық-тәрбиелік шаралар ұйымдастырып, тақырыптық дәрістер оқып, жылжымалы көрмелер ұйымдастырып, ұрпақтар сабақтастығын жалғастырар тәрбиелік шаралар жүргізуде. Мерекелік күндерге, басты оқиғаларға, белгілі адамдардың мерейтойларына орай жылжымалы көрмелер ұйымдастыру дәстүрге айналған.

**Нұргүл ДҮЙСЕКЕНОВА,**
**Ж.Мырзағалиев атындағы орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі, мұражай меңгерушісі**

Атырау облысы
Исатай ауданы
Тұщықұдық ауылы

ЖИЫН

**Алматы қаласында Түркі халықтарының мәдениет қорының ұйымдастыруымен «Түркі әлемі – Рухани жаңғыру: Әйел. Еңбек. Өмір» атты әйелдердің халықаралық құрылтайы өтті. Конференцияға Қазақстаннан басқа Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан, Түрікменстан және т.б. елдерден, облыстардан делегаттар қатысты.**

# ӘЙЕЛ – АНА, ҚАЙРАТКЕР

Құрылтайды Түркі халықтары мәдениеті қорының президенті Ахмет Дағдуран құттықтау сөзімен ашып, қоғам мен мемлекет өмірінде әйел адамның рөлі жоғары екенін атап өтті. Сондай-ақ жиын барысында түрлі салада қызмет ететін әйел азаматтар бүгінгі күннің өзекті мәселелері жайында сөз қозғады. «Ана бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» демекші, бала дүниеге келгеннен бастап, оқыту, тәрбиелеу, қоғамға пайда келтіру, кәсіп таңдауына дейінгі бүкіл өмір жолында әйел-ананың орны ерекше. Құрылтайда әйелдердің саясатта, мемлекеттік қызметте, білім беру жүйесінде, т.б. түрлі салада абыройлы еңбек етіп жүрсе де, ана міндетін басты орынға қоятынына баса назар аударылды. Әйел, ең алдымен, әйел болып қалуы тиіс және ол қоғам мен отбасы үшін ана ретінде қымбат. Құрылтайда айтылған ойлардың өзегі осындай арнаға тоғысты.

Бүгінгі таңда әйелдер қауымы отбасы тіршілігімен шектеліп қана қоймай, әр салада ер-азаматтармен қатар еңбек етіп жүргені шындық. Елбасының әйелдер көшбасшылығының саясаттағы орнын 30 пайызға жеткізу тапсырмасы бойынша елімізде ауқымды жұмыстар атқарылуда. Нәтижесінде елімізде іскер әйелдер саны да жылдан-жылға артып келеді.

Басқосу кезінде әйелдердің қоғамдағы рөлі, білім беру, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау, бизнес және басқа да салалардағы нақты әрі өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары қаралды. Сонымен қатар әйелдердің қоғамдық-саяси өмірдегі рөлі, олардың әлеуметтік және қоғамдық мәртебесін көтеру, құқықтық және гендерлік саясатты жетілдіру, ана денсаулығын нығайту, әйел теңсіздіктері және басқа да мәселелер талқыланды. Нәтижесінде әйелдер қауымдастығы бір-бірімен ынтымақтаса жұмыстануға шешім қабылдады.

Жиын соңында Түркі халықтары мәдениеті қорының президенті Ахмет Дағдуран түркі халықтарының достығын нығайтуға белсенді үлес қосқаны үшін бір топ әйел азаматтарға Алғыс хаттар тапсырды. Құрылтай жұмысы концерттік бағдарламамен аяқталды.

**Насиха КЕНЖИНА,**
**Алматы қаласы Әуезов аудандық «Нұр Отан» филиалының мүшесі**

# СӘЙГҮЛІК жаршысы

*Бастағанбыз жылқы жылы жыр басын,*
*Жылқы деген, адам пенде, құрдасың.*
*Сергектік пен бақыт тілеп баршаға,*
*Сыр-сандықты аштық, тыңда, сырласым!*

*Бесінбай Бегеніш*

**Бесінбай Бегеніш – бір қарағанда қарапайым ғана адам болғанымен өзінің Ақан серідей таза, бегзат, серілік бейнесін өзі сомдап шығарған қоғам қайраткері, саңлақты – сәйгүлікті танытушы білгір маман.**
**Ол басып өткен өмір жолында – мектепте әдебиет пәнінің мұғалімі, мектеп директоры, кеңес төрағасы, партком хатшысы, т.б. маңызды-маңызды салаға тер төккен, қызмет атқарған белгілі азамат. Шәкірттерін ана тілін, дәстүрін қастерлеуге, тарихына терең үңілуге, өткенге салауат айтып, болашаққа үміт артуға үйретуді мақсат етті. Сондықтан да болар, саналы өмірін ұрпақ тәрбиесіне арнады, ол жай мұғалім ғана болған жоқ, ұстаздардың ұстазы атанып, көптеген мектептерде мектеп директоры қызметін атқарды. Абырой атаққа да жетті.**



Қай салада еңбек етсе де бала кезінен қанына сіңген ата-бабадан келе жатқан дәстүрге берік Бесінбайдың бойында жылқыға деген ерекше құмарлығы болды. Ат көрсе, айналсоқтап шыға алмай, тұлға пішініне, пошымына, ерекше назар аударып, төңіректей беретін. Сондықтан да болар, оның жазғандарының көбі – жылқы туралы болды, азаматқа қанат болған Адай жылқысын дәріптеумен өтті. Көпті көрген көнекөз қарттардан жылқының күтімі, сейістігі (ат бегі), жайылатын өрісі, жейтін шөбі, ішетін суы, күтім-бабы жайында әңгімелерді тыңдап, білмегенін үйренуге ұмтылатын. Осы жайлар хақында ол өткенді еске алып: «Ел ішінде абыройлы абыз ақсақалдардың біразын көрдім. Бәрі есімде – қажы Қадырдың Есбосыны, Матай Шәріп, Келжанның Жылқыбайы, Алданазардың Атшыбайы, Алшын Меңдалиев, Ержан Хазірет, т.б. Олардың әңгімелерін қызыға тыңдайтынмын».

Ал бәйге атын баптау, ол – ерекше өнер. Халқымыздың тарихында жүйрікті шаппай таныған, қыранды ұшпай білген не бір сұңғыла, көрегендер болған. Сондай қарттардың бірі Әділ ақсақал Бесекеңмен қоныстас болып, жылқы тарихына қатысты, халқымыздың атағын аспандатқан арғымақтар туралы айтылатын әңгімені тыңдаудан жалықпайтын. Әсіресе Балуанияз мінген құла ат туралы, оның адамнан зият мінез-құлқы туралы, туған жерге өскен ортаға, өзін баптаған балықшы Балуаниязға жанқияр адалдығы, ер серігі болғаны туралы тебіреніп айтқан әңгімесін тыңдағандар көздері жасқа шыланып, арғымаққа деген сүйіспеншілігі арта түсетін.

Осылайша Бесінбай сәйгүліктанушы болып, арғымақ аттың жаршысына айналды. Жай ғана жаршыға айналған жоқ. Өзі асау жуасытқан арда азамат, бәйгеге шапқан шабандоз бола жүріп, ат құлағында ойнап өсті.

Сәйгүлік үшін ғана емес, Бейсекең халқына қажетті еңбектің бәрінен де төбе көрсетті. Облыс көлемінде өткізілген әңгіме, очерк, суреттеме сайыстарында жүлделі орындарды жеңіп алып, қаламы қарымды жазушы екенін әлденеше рет дәлелдеді. Көпшілік ұйымдастырған әлеуметтік жұмыстарда бастамашыл топ қатарынан көзге түсті.

Ат десе ішкен асын жерге қоятын ол ата салтының алтын арқауын үзбей жалғады. Жылқының қыры мен сырына бір кісідей үңілді.

Қазақ халқы жылқы түлігін өте жоғары бағалаған. Мереке-қуанышта, қайғы-қасіретте, басқа түскен не ауыр күндерде бұл түлік адамның жан серігі, айырылмас досы болған. Сондықтан жылқыны «ердің қанаты» деп атаған.

Жылқы туралы аңыз әңгімелер, шығармалар, өлең-жырлар, ертегілер өте көп. Қобыланды батырдың Тайбурыл, Алпамыс батырдың Шұбар, Ертөстіктің Шалқұйрық, Қамбардың Қара қасқа, Ер Жәнібектің Көк дөнен деген аттары болған. Бұл аттар жай аттар емес, жүйрік, сұлу әрі батырдың ең жақын досы бола білген.

Жылқы өз бойын таза ұстайтын, өз жерін қашықтан танитын, аса сезімтал, адамға өте жақын келіп, сыр-сипатын қабағынан аңғарып тұратын қасиетті жануар. Жылқының тас қараңғы түнде жарты тарыны көретін жанарының өткірлігі сынды жаратылыс ерекшеліктерінің өзі қандай!

Қазақтар жылқыны ұрып-соғу былай тұрсын, киесі атады деп, желіден, жылқышы ұстайтан құрықтан, бақанның үстінен аттап өтпейді. «Бақан аттаған жарымайды» деген сенім бар. Сүрінген атты да ұрмайды. «Сайтан аттың көзін басып тұрса, қашып кетсін» деп, көзін оң қолымен сүртіп тазалайды. Жолаушы келе жатып, атының сауырынан ұрмайды. Жапанда жалғыз келе жатқан жолаушыны қолдап, жебейтін Қызыр пайғамбар аттың сауырында отырады деп жорылады. Көшпенді халықтың өмірінде осы түліктің маңызы зор болғандықтан, жылқыға байланысты салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдар өте көп.

Қазақ халқы жылқыны жеті қазынаның бірі әрі киелі жануар деп жыл қайыруда жетінші орын берген.

Халқымыз үшін, әсіресе жылқы – еркіндіктің, батырлықтың, серіліктің нышаны. Қазақтың ұлттық ойындарының бірсыпырасы да осы жылқы жануарымен тікелей байланысты болады. Спорттық ойын-сауықтарда Аламан бәйге, Бәйге, Құнан бәйге, Жорға жарыс, Көкпар, Аударыспақ, Ат омырауластыру, Ат үстінен тартыс, Қыз қуу, Салма ілу, Күміс ілу, т.б. азаматтың мерейін асыратын, шырайын келтіретін текті жануар деп есептеледі. «Жылқы сәндік үшін, түйе байлық үшін» деген мақалдың мәні де осыны меңзесе керек.

Қазақ қоғамында жүйрік жылқы тек иесінің ғана емес, бүкіл рудың, аймақтың мәртебесін өсірген. «Алаштың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» дейтін мәтелі де сондай мәнде шығарылса керек. Олар туралы әндер мен күйлер өмірге келіп, есімдері халық жадында ұзақ уақыт бойы сақталған. Жылқы тұқымын асылдандырудың, сәйгүлік болар жылқыны тай күнінен ажырата білудің, ат баптаудың қыры мен сырын жетік меңгерген мамандарды халық арасында атбегілер деп атаған.

Қазақ халқы жылқы малын 3 топқа бөлген. Қазақтар бәйгеге қосатын жүйрік жылқыларды тұлпар, арғымақ, сәйгүлік деп әлпештеп, ерекше күтімге алатын болған. Ал ауыр жүк артуға, алыс жолға төзімді жылқыны қазанат деп атап, оны да ерекше бағалаған. Ал еті мен сүті үшін өсіретін жылқыларды жабы деп аталған.

Жылқы малы қазақ өмірінде «Жесең тамақ, ішсең сусын, мінсең көлік» болып, тұрмыс-тіршілігінен еш ажырамаған.



Біздің кейіпкеріміз де әңгіме арасында: «Ат жалында өстім. Арғымақ мініп шаптым. Етін жедім, қымызын іштім. Жылқы туралы жазып, атымды шығардым» деп марқаяды.

Рас-ау, Бесекең айтса айтқандай, ат үстіндегі адам қиялшыл, сезімшіл, сергек келетінін өз ісінің өнегесімен көрсетті. Серілік те, серкелік те танытып жүрді. Осы түліктің арқасында Ақназар, Баланжан, Тұржан, Ұзақбай сынды атақты жылқышылармен де үзеңгілес жүрген кезі болды. Кейбірімен көршілес, қоныстас болып, көп сырға қанықты. Сондай атақты адамдар хикаясы мен түйгендерінен – «Балуанияздың құласы», «Қанатты қара» , «Жалды қара», Шабандоз Мизамның «Жауын сары қызыл аты», «Өткілбай торы», «Барахаттың көк байталы», т.б. әр қайсысына арнап қалам тербеді. Далаға тұлпарлар ізін алтын әріппен жазды. Бұл ғана емес, Адай жылқысы туралы, Маңғыстау түбегіндегі жылқы бағудан «Еңбек ері» атанған он адам хақында еңбек жазды. Кейінгіне өшпес мұра қалдырды. Ұрпаққа тұлпарлар туралы кітаптар сыйлады.

Бесекең жас кезінде мұғалім болуды қалай армандаса, өзі де ұстаздық биігіне солай көтерілді. Жылқы ғана емес, жылқы мінездес жырлары мен жазбалары оны биікке көтеріп келеді. Ол тек тұлпарды ғана жырлаған жоқ, тұлпар тектес, жылқы мінезді ұрпақ тәрбиелеуді де парызым деп білді.

Біз әдетте ойымызға тиянақ, сөзімізге түйін іздеу үшін ұлылардың ойына жүгінетін дәстүріміз бар. Қазақтың қанатына айналған жылқы, сәйгүлік, пырақ, тұлпар, арғымақ туралы ойлаған кезде, Әбіш Кекілбаевтың пікіріне соқпай кете алмаймыз.

Қаламгерлік қана емес, қайраткерлік, саясаткерлік қасиеттері Жоғарғы Кеңестің депутаты, төрағасы болған кезде байтақ еліміздің сөйлер сөзі, қиып түсер қылышына айналған Әбекеңнің – Әбіш Кекілбайұлының ойларына қайта-қайта жүгінеміз. Айталық, егемендігіміздің балаң кезінде шешімі қиын болған мәселенің бірі егеменді еліміздің елтаңбасын, тағы басқа рәміздерін қабылдау болды.

Елтаңбаны талқылау кезінде «аты несі, қанаты несі» – деп көптеген депутаттар оны түсінбей, бұра тартып, бастарын ала қашып, сан-саққа жүгіртті. Сондай бір мәселе әбден ушығып, тығырыққа тірелген сын сағатында Әбіш Кекілбайұлы: «Қазақ қазақ болғаны үшін мың өліп, мың тіріліп жүріп, қазақ болып қалғаны үшін атқа қарыздар. Қазақ аттың жалында, түйенің қомында жүріп, іргелі ел, қабырғалы халық болған. Қазақты жылқы мінезді дейді. Жылқының еті де дәрі, сүті де дәрі. Қазақтың жылқысыз күні жоқ. Жылқы қасиетті, киелі Қамбар атаның түлігі. Өңінде түгіл, түсінде атқа мінсең бақытты боласың.

Қанатты ат – қазақтың қырғидай қиялы, Алатаудай арманы. Қанатты ат – қазақтың жарқын болашағы, кемел келешегі. Қанатты ат – жақсылықтың нышаны, жаңалықтың жаршысы» дегенде депутаттар сілтідей тынып, бұл жобаға бірауыздан дауыс берді. Міне, данышпанның дуалы аузынан шыққан қасиетті, киелі сөздің құдіреті осылай болды, кереметін көрсетті!

Демек, біздің өткен-кеткен тарихқа үңіліп, жылқы жайында, сәйгүлік хақында баяндауымыз, әрине, осы өнердің тізгін-шылбырын қолына ұстап жүрген – Бегеніш Бесінбайдың сәйгүлікшілдік өнерінен туындап отыр.

Бурабай бір таза жер пері жүрген,
Онда жоқ жын мен шайтан өріп жүрген.
Ағашқа атын байлап көлеңкелеп,
Ақан ғой анда-санда келіп жүрген, – деп Ілияс Жансүгіров жырлағандай бегзат өнердің құлағын ұстап, пырақ түліктің сыны мен шынына үңіліп, өзі де ерттеген арғымақтай алшаңдай басып келе жатқан Бекеңнің жолы тіптен басқа. Сексеннің сеңгіріне сәйгүлік мініп жету көп адамға бұйыра бермейтін бақыт. Отбасылық өмірінде де – абзал әке, ордалы шаңырақтың отағасы бола білді. Қағаздай жарға сенімді серік болды. Тоғыз баладан немере-шөбере сүйіп, абыз атаға айналды.

Оның ұзақ жылдық іздену, зерттеу еңбегінің нәтижесінде: «Сәйгүліктер мекені», «Адай жылқысын түлеткендер», «Адай арғымақтары» атты кітаптары шықты. Осы кітаптардың құндылығын, маңыздылығын ескере отырып Бесінбай Бегенішке Қазақстанның педагогикалық академиясының професоры атағы берілді. Бесекең хақында А.Қуанышбаев, Ө.Оңғарбай, М.Болат, С.Әбдінасырұлы, т.б. қаламгерлер мен шәкірттері тебірене қалам тербеді.

Тағы бір қызығы, Бесекең ақын. Өлең жолдарын сөзбен өріп, шумақтар төге салатын өнері тағы бар. «Ақынмен сырлас ауылмын» деген өлеңін:

Жырлансын ауыл, жырлансын,
Ауылда туып, тұрғансың.
Жүйріктердің артында,
Будақ-будақ жыр қалсын! – деп аяқтайды. Қандай тамаша! Тура өзіне қаратып айтып тұрғандай.

Тағы да «Ат пен адам туралы сыр» атты өлеңінен де бір шумақ келтірейік:

Арғымақтар сұлу-сымбат көзіндей,
Шұрқырасып кездеседі өзімдей.
Жылқы мінез ұқсастығым кей кезде,
Қалмас деймін ара-тұра сезілмей, – дейді.

Шынында да, сәйгүлік туралы зерттеу, сол өнерге құнығудың өзінде ұлттың үлкен тектілік болмысы жатыр. Сол таза, пәк, арманшыл, елеңдеген киелі жануар бізге қарап кісінесе болды, ол Бесінбай ағамен бірге тұлпарлар туралы, ел мен жер туралы жар салып тұрғандай болады. Қазақ даласынан тұлпарлар дүбірі үзілмесін. Тұлпар сынды, сәйгүлік жырлы Бекеңнің әрбір қуаныш – тойы қазақ үшін сондай жағымды жаңғырық болып, туған даласын тербей берсін деп тілейміз!

**Өмірзақ ОЗҒАНБАЕВ,**
**тарих ғылымының докторы,**
**профессор**



# Бозкілемдегі белдесу

**Оңтүстік Қазақстан облысы Жетісай елді мекенінде қазақша күрестен Бақытжан Жаңбырбаев атындағы дәстүрлі жарыс өтті. Бұл жарыстың басқа күрестен айырмашылығы топжарған дарабоздар әлемдік жекпе-жектерде ел намысын қорғауға мүмкіндік алады. Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының білікті мамандарының назарына түседі. Аталған сайысқа Ресей, Қытай, Өзбекстан, Тәжікстан елдерінен келген балуандармен қатар, Алматы, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан 130-ға тарта балуан қатысып, екі күн бойы бас жүлдені сарапқа салды.**

Жарыстың салтанатты ашылу рәсімі Әнұранмен басталып, Мақтарал ауданының әкімі Жамантай Бейсенбаев жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Аудан басшысы, Қазақ күресін әлемдік деңгейге шығарған, Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының вице-президенті, ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы, профессор Серік Түкеевтің 60 жасқа толуына орай, Мақтаарал ауданының атынан, төл күресіміздің дамуына үлес қосқаны үшін, күміс ерлі тұлпар тарту етіп, үстіне жағалы шапан жапты.

Сонымен, Жетісай орталық футбол алаңында жайылған бозкілем үстінде балуандар 5 салмақ дәрежесі бойынша екі күн бойы күш сынасты. Енді әр салмақ бойынша топжарғандарды таныстыратын болсақ: Оңтүстік Қазақстан өңірірінен Аманхан Өскенбаев Балуан Шолақ клубының спортшысы Асылжан Сейдуалыны жеңіп, чемпион атанса, финалда мақтаралдық Даврон Дадаев Алматы облысынан келген қарсыласы Дамир Бөкесовтен басым түсті. Ал ОҚО балуаны Еркінбек Бөлен Ахмад Бабаевтан айласын асырды. Оңтүстіктің мақтаныштары Ерсұлтан Мұзаппаров пен Ақылбек Сағидоллаев арасында өткен тартысты белдесуде Ерсұлтан жеңімпаз атанды. 90 келіден жоғары, ең ауыр салмақтағы балуандар арасында әлем чемпионы Талғат Әміренов қарсыласы ОҚО Балуан Шолақ клубының балуаны Бакдәулет Абызовты жеңіп, чемпиондық биікке көтерілді.

Түйе балуандар арасындағы жекпе-жектер көрермендерге ұмытылмастай әсер қалдырды. Бозкілемде осы салмақта күресуге үміт білдірген 20 балуан бас жүлде үшін өнерлерін ортаға салды. Ақтық сында ОҚО балуаны Ерсұлтан Мұзаппаров пен Шығыстың жұмыр денелі, шымыр ұлы қазақ күресінен Минск қаласында өткен әлем чемпионатының жүлдегері Талғат Әміреновпен кездескен еді.Екеуі де жеңіске сай балуандар. Әттең жүлде біреу болғандықтан төрешілер үшін де бұл кездесу үлкен сын болғаны анық. Хош, сонымен негізгі уақытта бір-бір жамбас ұпайларымен тең аяқтаған қос қабыланның мықтысы қосымша берілер белдесуде анықталатын болып шешілді. Қоян-қолтық шешуші сында Талғат Әміреновтің тәжірбиесі жоғары екендігі айқын көрініп, ұрымтал сәтті тиімді пайдаланды. Қазақ күресінің ережесіне сәйкес бас жүлдеге тігілген автокөлік кілті шығыс балуаны Т.Әміреновке табыс етілді.

Жарыс соңында сөз алған Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының вице-президенті, ҚР еңбегі сіңірген жаттықтырушы, профессор Серік Адамболсынұлы Түкеев мырза, доданың жоғары дәрежеде өткеніне баға бере отырып, бүгінгі таңда қазақ күресінің әлем деңгейіне көтеріліп келе жатқандығын, оған балуандардың қосар үлесі зор екендігін айтты. Сонымен қатар төл күресіміздің өзге сайыс түрлерінен ерекшелігін әдемі көрсете білген, өсіп келе жатқан дарынды жастарымыздың алдағы әлем, Еуропа, Азия сайыстарына қатысып, ел намысын қорғауда мүмкіндіктері мол екенін жеткізді.

**Ақын ОРДАБАЙҰЛЫ**

## ҚҰРАҚ КӨРПЕ



## Селдің қауіптілігі қандай?



**Сел дегеніміз аңғарларынан тау өзендері мен бұлақтарының бойымен төменге, жазықтыққа қарай тасқындап, жолындағы кедергілердің бәрін шайып өте шығатын тасты-топырақты топан. Бұл – аса қауіпті апаттардың бірі.**

Тау шатқалдарында тастар мен қиыршықтар топырақ, мұз сынықтары мен қар бөгеттері жиі-жиі үйіліп қалады. Таудағы мұздықтар қауырт еріген жағдайда осынау бөгеттердің алдына су жиналып, ешқайда ағып кете алмағандықтан тұтас бір су қоймасы немесе көл пайда болады. Моренадан, яғни қатты кесектер мен ұсақ қиыршықтардан, құмнан, балшықтан, үлкен-үлкен қойтастардан түзілген бөгет ығында пайда болған көлдер морена көлдері деп аталады. Мореналық материалдан тұрғызылған мұндай бөгеттер сорғыш тәрізді өте ылғалды болады. Жоғарыдан үсті-үстіне құйылып жатқан қар суының әсерінен бұл бөгет бір сәтте тас-талқан болып, шатқалмен төмен қарай құлдилайды. Алапат топан үрейлі дыбыс шығара төмен қарай жөңкіліп, жолындағы тастар мен топырақты қосып алып, шатқал бойындағының бәрін сыпыра, ағаштарды тамырымен қопарып тас-талқан етеді. Бастапқыда топанның биіктігі ондаған метр болады, келе-келе шатқалдан шығар тұста ол жайыла тарап, жылдамдығы мен биіктігі кемиді, сөйтіп ақыр аяғында әлденеге тіреліп барып толастайды.



Сырғалы құлақ бір,
Үн-түнсіз сұрап тұр.

(Сұрақ белгі)



Құлын іздегендерге
Тұлып іздегендер қосылды.
Құлын іздегендер мен
Тұлып іздегендерге
Киік іздегендер қосылды.
Қосылды да, жосылды, жосылды!



## Ең ұзын каналдар



**Дүниежүзіндегі ең ұзын үш каналдың біріншісі Жерорта теңізі мен Қызыл теңізді қосатын Суэц каналы – оның ұзындығы 161 шақырым, ені 120-318 метр.**

Екінші орындағы канал Нордзе-канал деп аталады. Ұзындығы 99 шақырым, ені 49-150 метр, тереңдігі 12,2 метр канал Солтүстік теңізі мен Балтық теңізінің арасын жалғастырады. Атлант мұхиты мен Тынық мұхитты қосатын Панама каналының ұзындығы 81,6 шақырым, ені 150-305 метр, тереңдігі 12,5 метрді құрайды.



## Кенеден сақтану керек

**Табиғатта кездесетін кене жәндігінің қауіптілігі туралы не білеміз?**

Көктем шығып, күн жыли бастаған кезде пайда болатын кенелер қоңыр күзге дейін қауіп төндіреді. Ол, сонымен қатар адам өміріне аса қауіпті жұқпалы ауруларды – кене энцифалитін және боррелиозды таратады. Кенелердің жүретін жері – кәдімгі көк шөп. Демек, сол көк шөп өсетін дала да, егістік те, саябақ та, саяжай да, орман іші де кене кездесетін аймаққа жатады. Далаға шыға салып, көк шөпке аунай кетуден сақтану керек. Ең алдымен, киім сақтайды. Шама келгенше кененің дененің ашық жерлеріне жетпеуін ойлап, жеңіл де болса, киімнің барлық денені жауып тұрғаны жөн. Кене шаққан жерді спиртпен, йодпен, кез келген дезинфекфиялық затпен тазалау керек. Жалпы мұндай заттарды күні бұрын алып жүрген жөн. Кенені өлтірдім демей, ол шаққан күнде бірден медициналық көмек көрсететін жерге барып қаралу керек. Олар тегін көмек көрсетуге міндетті. Соңғы кезде пайда болған кененің жаңа түрлерінің уыты күшті. Шұғыл медициналық көмекке жүгінбесе адам өміріне қауіпті екенін есте ұстау керек.



## Бұршақ үлкендігі қандай?



**Бұлт арасында болу мерзімінің ұзақтығына және жер бетіне дейін жүріп өткен қашықтығына байланысты бұршақтардың үлкендігі әралуан болады: олардың көлемі миллиметрдің бірнеше бөлігінен бірнеше сантиметрге жетеді.**

Бірде Америка Құрама Штаттарында диаметрі 12 сантиметр, салмағы 700 грамдық, Францияда үлкендігі адамның алақанындай, салмағы 1200 грамдық бұршақ жауып, оның кей түйірлерінің диаметрі 10 сантиметр, салмағы 600 грамм болған. Атап айтқанда бір жайт – тропикалық елдерде түйдекті жауын бұлттары өте қалың келеді де, осынау қуатты ортаға тап болған бұршақтар одан әрі қатып, салмағы килограмнан асатын алып мұз кесектеріне айналады. Атап айтқанда, мұндай жағдайлар Үндістан мен Қытайда ұшырасқан. 1981 жылдың көктемінде Қытайда жауған бұршақтың кейбір түйірлерінің салмағы 7 келіге жеткен.

**Әзірлеген Нұрлан ҚҰМАР**

АТАДӘСТҮР

(Басы 1-бетте)

Оның барысында Ташкент мәдениет және өнер мемлекеттік институтының профессоры Уразалы Ташматов (Өзбекстан), Ақпарат және мәдениет ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары Дилшод Рахимов (Тәжікстан), «Қырғыз фольклор қоғамы» бірлестігінің директоры Әсел Исаева (Қырғызстан), туризм саласындағы білікті маман, материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комитеттің мүшесі Бақытхан Оразымбетова және осы саладағы басқа да танымал тұлғалар күн тәртібіндегі өзекті мәселеге қатысты ой толғады. Талқылаулар түйінінде семинарға қатысушылардың болашақтағы өзара іс-қимыл мен ынтымақтастық әрекеттері жайлы тұжырымдар түзіліп, Ұлытау өңірінің тарихы мен тарихи жәдігерлері



# «КӨКМАЙСА»

## этнофестивалі – Ұлытау төрінде

туризмді түлетудің берік негізі болуға лайықты деген мазмұндағы ортақ мәмілеге келді.

Этнофестивальдің ресми ашылу салтанаты Ұлытау тауының етегіндегі «Айбас дарасы» аталған биік жотаның іргесіндегі алқапта доғалана тігілген ақшаңқан киіз үйлер ауылында өткізілді. Барша қауымға арнаған ыстық ықыласты аудан әкімі Әнуар Омар жеткізді. Ол этнофестивальдің ұлт рухын ояту мақсатымен ұйымдастырылып отырғанына назар аударды. Аудан басшысының сөзін «NOMAD EXPLORER» компаниясының басшысы, кәсіпкер-меценат Марғұлан Сейсенбаев жалғастырды. Қайраткерлігі қарымды азамат Ұлытау төрінде өткізіліп отырған этнофестивальдің ресми мазмұннан мейлінше ада халықтық болмыстағы шара екендігін тілге тиек етті. Туристер қауымын Ұлытау өңіріне жиірек ат шалдыруға үндеп, жергілікті халықты осы саланың қыр-сырына қанығып,істі ұйымдастыру тетіктерін жетік меңгеруге шақырды. Ұлы Дала Ұлытауының қойнауында қатпарлы тарих шежіресі тұнып жатқанын сөз етті. Сонымен қатар мағыналы жиынға қатысушыларды қоғам қайраткері Мұрат Әбенов пен Алматыдағы Халықаралық бизнес академиясының президенті, ғалым Асылбек Қожахметов құттықтады.

Аудан әкімі «Көкмайса» этнофестивалін ұйымдастыру жұмыстары кезінде қолғабыс жасап, Ұлытаудың ұлағатын ұлықтауға жан-тәнімен ықыласты болған тұлғаларға Алғыс хаттар табыс етті.

Салтанатты рәсімге қатысушылар қатарында Жәния Әубәкірова бастаған қазақстандық өнер және мәдениет өкілдері де болды.

Ескі күндердегі ел басынан өткен тарихи оқиғалар легінің жалқы бір сәті С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театры артистері әзірлеген «Кетбұқа» спектаклінің үзінді көрінісімен елес берді. Сол арқылы ұлт перзенті – абыз Кетбұқаның ел іргесіне Шыңғыс ханның қалың әскері төніп келгенде парасатты шешім қабылдап, халықты қанқұйлы жағдайдан құтқарып қалу үшін батыл әрекетке бас тіге отырып барғаны хақында нанымды баяндалды.

Көрермен бард әншілер – алматылық Еркін Жағаев пен ақын, әнші-сазгер Қуаныш Мақсұтов және басқалары орындаған тартымды туындыларға қанықты. Концерттік бағдарламадағы сырт аймақтардан келген көне ұлттық аспаптарда орындаушылардың өнері мен жергілікті «Ұлытау сазы» фольклорлық ансамблінің құлақ құрышын қандырған күйлері де көпшілік көңілінен шықты.

Ұлттық ойындар өткізілген алаңдағы дода дүбірі «арнасынан» асып жатты. Бабалардан қалған бәсекенің бірі «Қатын күресті» тамашалаушылар қарасы да тым қалың болды. Бұл жолы шалғайдағы Маңғыстау облысынан, қасиетті Қарқаралыдан келген және Ұлытау-Жезқазған өңіріндегі балуандар күш сынасты. Нәтижесінде бас жүлде Сандуғаш Қасымғалиеваға (Ұлытау ауданы Сарлық ауылы) бұйырды. Екінші орын жүлдесіне Қарлығаш Ахметова (Қарқаралы ауданы Қарағайлы кенті) қол жеткізсе, Шынар Тілеубергенова (Аманкелді атындағы ауыл) үшінші орынға табан тіреді.

Бура санды, сом білекті жігіттер сынға түскен «Аударыспақ» ойынында Егінді ауылының атпал азаматы Ернар Қазыбаевтың бағы жанып, мерейі өсті. Жамбыл облысының Қордай ауданынан келген Азамат Дәніғұлов екінші орынды еншіледі. Олжас Жақияновқа (Ұлытау селосы) үшінші орын жүлдесі бұйырды.

Киіз үйлерге іргелес тартылған желі басындағы жылқы үйірінен шу асауларға алыстан арқан лақтырып бұғалық салу әдісі елден тысқары аумақтардан келген қонақтарды айрықша тәнті етті. Мұндай ғажайыпқа өмірінде бірінші рет куә болып тұрған туристер әлгі асауларды жігіттер ауыздықсыз-жүгенсіз мініп, бас білдіру кезінде бас шайқап, таңырқағандары байқалды.

Дәл осы сәтте олардың қазақ жігіттерінің ептілігі мен жүректілігіне деген сүйіспеншілігі еш бүкпесіз аңғарылды.

Мешкейлер сайысында месқарын жігіттердің әрқайсысы бір-бір табақ майлы етті 10 минут уақыт аралығында жеп тауысуға тиісті болды. Қорытындысында «Ең мешкей адам» атағын жезқазғандық Бекзат Жармағамбетов жеңіп алды. Одан сәл ғана қалыс түскен ұлытаулық Жасұлан Елеусізов екінші орынды иеленді. Ал үшінші орынның жүлдесі Оңтүстік Қазақстан облысының өкілі Болысбек Кенжеевтің қанжығасына бөктерілді.

Белгілі уақыт мөлшерінде қымыз ішуден бәсекеге қатысқандарға құнарлы сусынды сіміру үшін екі минут уақыт берілді. Бірінші орынды кесімді уақыт ішінде 4,5 литр қымыз ішкен Алмас Бимағамбетов иемденсе, екінші орыннан – Қаракеңгір ауылының үміткері Жылкелді Әбдіхамит, үшінші орыннан – Аманкелді атындағы ауылдың өкілі Қанат Әбдіров көрінді.

Тартымды түзілген бағдарламалар аясында шетелдік туристер М.Төрегелдин атындағы Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайы шеберлерінің Сақ дәуіріндегі жабайы аңдарды бейнелеу үлгісі мен зергерлік бұйымдарды жасау үдерісін тамсана тамашалады.

Кененбай көлінде өткізілген «Балықшылар жарысы» да бағалы бастама ретінде қабылданды.

Бақандай бес күнге созылған этнофестиваль аясында Ұлытауға алыс-жақыннан жиналған әлеумет тарихи орындарды да армансыз аралау мүмкіндігіне ие болды. Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл кесенелері, Әулиетау, Едіге шыңы, Ақсақ Темірден қалған «Алтыншоқы», Хан ордасы және басқа да жәдігер-ескерткіштер өңірдің тарихын тереңірек таразылауға ниетті болған қауымның, әсіресе басқа мемлекеттер мен Қазақстанның әр түпкірінен жеткен туристердің қызығушылығын туғызды.

Сөз орайы келгенде этнофестиваль кезінде тігілген жалпы саны 50-ге жуық киіз үйден бөлек, тау шатқалдары мен аңғарларына дем алушылардың өз күштерімен орнатылған көшпелі қоныс-күркелердің де көп болғанын айта кету ләзім.

Іс-шараның соңғы күні көш-керуен Шеңбер селолық округінің орталығы Қорғасын ауылын бетке алды. Онда туристер тым сирек кездесетін нысан – Мақат сағанасымен танысып, дала көкжалы Кейкі мергенге пана болған тау үңгірін тамашалады. Тұяқты тұлпарлар сайыстары – тай жарысын, құнандар бәсекесін, аламан бәйгені қызықтады. Қазақ күресін дәріптеген балуандар белдесулерін көріп, ұлттық спорт ойынының ерекшеліктерін зерделеді.

Қысқаша түйіндесек, «Рухани жаңғыру»бағдарламасының бір тармағы «Туған жер»жобасы аясындағы этнофестиваль нақты нәтижелер берді деуге толыққанды негіз бар. Ең бастысы, Ұлытаудың ұлт тарихында алатын айрықша мәртебесі кең тұрғыда насихатталды. Киелі өңірдің туристік әлеуетін арттыруға, инфрақұрылымын жетілдіруге, осы бағытта жұмыс жасап жүрген кәсіпкерлердің қызметін нақты жарнамалауға, ауқымын кеңейтуге даңғыл жол ашылды. Адамдардың дербес түйсігі мен жалпы қоғамдық сананы Ұлытаудың ұлылығын лайықты дәрежеде қадірлей білуге бейімдеу шарттылығы белгілі бір деңгейде орнықты орындалды.



**Тәслима ОРАЗАЛЫҚЫЗЫ**
Қарағанды облысы

ХАТ ЖОЛДАРЫНАН

# Медициналық сақтандыру – маңызды іс

**Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) – халық денсаулығын әлеуметтік тұрғыда қорғайтын мемлекеттік жүйе. МӘМС жүйе қатысушыларына дер кезінде, қолжетімді, сапалы медициналық және дәрі-дәрмектік жәрдем көрсетуді қамтамасыз етеді. Бұл жүйені Қазақстанға енгізу 2016-2018 жылдарға бекітілген болатын.**

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының мәліметі бойынша, жалпы қайтыс болған адамдардың 74%-ы созылмалы аурулар салдарынан көз жұмған. Көрсеткіштің ең көбі, яғни 41%-ы қан айналымы жүйесінің, 22%-ы тыныс алу мүшелері, 20%-ы онкологиялық аурулардың салдарынан болады. Қалған 17%-да жазатайым оқиғалар, жарақаттар мен улану және ас қорыту жүйесі аурулары себепкер.

Мұндай көрсеткіштер адамдардың аурудың алдын алуға ден қоя бермейтіндігінің дәлелі.

Қазақстанның әрбір оныншы тұрғыны медициналық көмекке қысылтаяң жағдайда ғана жүгінеді. Жыл сайынғы ауруханаға жатқызылғандардың 68 пайызы немесе 1,9 млн адам – бұл шұғыл медициналық көмекке мұқтаж науқастар.

Астана қаласы бойынша «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ филиалының директоры Нұрлыбек Қабдықапаровтың айтуынша, Қазақстанда 2017 жылы денсаулық сақтау саласына жұмсалған жалпы шығын көлемі жалпы ішкі өнімнің 3,7%-ын құрады.

Алдағы уақытта медициналық қызметтерді белсенді тұтынушылардың саны ары қарай өседі деп күтілуде. 2025 жылға қарай Қазақстанда балалар саны 5,6 миллионнан 6,9 миллионға дейін, яғни 23%-ға өседі деп болжанып отыр. Сонымен қатар егде жастағы адамдар саны 41%-ға, яғни 1,9-дан 2,8 миллион адамға дейін көбейеді. Осы тұрғыда отандық денсаулық сақтау саласы тұрғындардың қажеттіліктерін толығымен қамтамасыз етуі тиіс.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру үшін қосымша құралдарды енгізуді қарастырады, яғни өз тарапынан азаматтардың әл-ауқатын көтеру мен Қазақстандағы өмір сапасын жақсартуға септігін тигізеді.

**Гүлзира ЖІБЕКЕНОВА,**
**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының» Астана қаласы филиалының бас сарапшысы**

ТЕАТР



# ЕРЛІК – ҰРПАҚҚА ҰРАН

**Х.Бөкеева атындағы қазақ драма театрында жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сәбит Досановтың «Мәншүк» драмасының премьерасы өтті. Қойылымға автордың өзі қатысты.**

Соғыс талай жанның өмірін қиып, бізге тек есімдерін ғана қалдырды. Сол елеулі есімнің бірі – Мәншүк. Ұлы Отан соғысы басталған кезде ол медицина институтында оқып жүрген болатын. 1942 жылы өз еркімен әскер қатарына алынып, ұрысқа қатысты. Аға сержант, пулеметші Мәншүк ұрыстарда өзінің мергендігімен және батылдығымен көзге түсті. Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші ұрыста Мәншүк ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза тапты. Осының бәрі қойылымда әдемі көрініс тапқан. Мәншүк бойжеткеннің қайтпас қайсарлығы, сертіне адалдығы, арманы бейнеленген қойылым көптің көңілін дөп басты.

Туындыда Мәншүктің рөлінде Айжан Қайырова мен Әйгерім Сағаденова ойнайды. Ал Мәншүктің анасының рөлін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлжиян Шынтемір, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының иегері Әсел Мәмбетова, әкесінің рөлін Айдар Жарылғапов пен Талиғат Жігеров сомдады. Ал жауынгер Нұркеннің рөлін Жылқыбай Жұбатов алып шықты.

Драма авторы Сәбит Досанов шығармашылық топқа алғысын білдіріп, сый-сияпат табыстады.

– Батыр апамыз 20 жасында сұм соғысқа аттанды. Марқұм бір өзі 72 дұшпанды өлтірген екен. «Не бәрі 20 жастамын, Жазылған жоқ өмір баян-дастаным. Айтылған жоқ жақсы әнім, Не бәрі 20 жастамын» дейді батыр қыз монологында. Қайсар жанның рухына осылай, қойылым арқылы тағзым етіп жатырмыз. Бұл – бірлесе жасалған дүние. Облыс әкімі бастаған топ қолдау көрсетті. Сахнада қанша киім, декорация бар. Бәрі керемет жасалған. Бұйырса, осы дүниені Астана жұртшылығына ұсынамыз, – деді жазушы.

Қойылымның режиссері Асхат Маемиров театр ұжымына ерекше алғысын жеткізді.

– Бұл қойылымнан соғыстың көркемдік жағын көрдік. Себебі шығарманың өзі соған сұранып тұр. Батыс Қазақстан облысының мәдени кеңістігінде көптеген жаңалықтар болып жатыр. Тағы айта кететінім, осы қойылымды сахналаған театрдың әлеуеті жоғары. Күзде Алматыға келіп, есеп берсеңіздер екен деймін. Себебі сіздер жасап жатқан дүние көрерменге көрсетуге тұрарлық, – деді режиссер.

Аталған қойылымның тағы бір режиссері – Әлия Баймахан, қоюшы суретшілері – Мәдениет саласының үздігі Қайыр Оразғалиев, Мұрат Мамбетов.

**Айдана ХАМИДУЛЛИНА**

ОРАЛ

ДҮБІРЛІ ДОДА

**Қостанай облысы Арқалық қаласында ауыр атлетикадан Қазақстанның алты дүркін чемпионы, КСРО спорт шебері Гайдар Саржановқа арналған II республикалық турнир өз мәресіне жетті. Сайысқа әртүрлі жастағы зілтемірші өрендер қатысып, бақ сынады. Алдымен турнирдің ашылу салтанаты өтіп, республика және облыстық спорт саласының өкілдері, Қайыңды ауылынан келген жерлестері, туыстары құттықтау сөз сөйлеп, лебіздерін білдірді.**

# ТАРТЫСТЫ ӨТКЕН САЙЫС

Есімі елге белгілі Гайдар Саржановтың спорттағы жетістіктері айтылды. Дүбірлі додаларда Олимпиада чемпионы Юрий Варданян сынды атақты спортшылардан оза шапқаны тілге тиек етілді. Қазіргі таңда Г.Саржановтың жолын балалары мен шәкірттері және інісі Айдар Саржанов абыроймен жалғастырып келеді.

Гайдар Саржановтың туа біткен таланты, тұла бойына біткен тау қопарардай күші, оны әрі қарай дамыта білген өзінің қажырлы еңбегі – оны жалпақ жұртқа танымал етті, абыройын асқақтатты. Әйтпесе ол кезде Қазақстанның алты дүркін чемпионы, КСРО-ның спорт шебері атану әркімнің еншісіне бұйыра бермейтін. Қазіргі күнмен салыстырсақ, республика чемпионатын алты рет жеңіп, Одақтың спорт шебері атану әлем чемпионы болу дегенмен бірдей.

Енді Гайдар Саржановты еске алуға арналған турнирдің нәтижесіне тоқталсақ. Оған Алматыдан, Қостанай қаласы мен Қостанай ауданынан, Әулиекөл, Жарқайың мен Атбасар аудандарынан зілтеміршілер арнайы келді. Айта кетейік, аталған турнирді Гайдар Саржановтың Қобыланды Есмағамбетов бастаған туған-туыстары ұйымдастырды. Бұл игі іске Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ұжымы да өз үлестерін қосты. Бас төреші және ұйымдастырушылардың қатарында жарыстың жақсы өтуіне аталған спорт мектебінің жаттықтырушысы Күнтуар Жәнкішев те атсалысты.

Сайыста Тұрмағанбет Иманбаев, Сапабек Сәменов, Асқар Әлкешев, Айдар Есмағанбетов және Күнтуар Жәнкішев секілді ардагер спортшылар да өнер көрсетіп, көрерменнің ықыласына бөленді.

Осы жарыста ерлер арасында Арқалықтан Ернар Мақатай, Александр Тринко, Шалқар Серік, Алексей Чуркан, Қайнар Гайдар, Жаңабек Қабидолла, Нұрдәулет Еркенов, Аян Байзақов пен Ерболат Балғабаев жеңімпаз атанды. Ал қыздар арасында арқалықтық Лунара Сүйінғарина мен Айгүл Бейсенова құрмет тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Жеңімпаздар мен ардагерлерге ақшалай сыйлықтар мен турнирдің арнайы дайындалған медалі табыс етілді.

**Дархан ЕРМАҒАНБЕТОВ**

Қостанай облысы
Арқалық қаласы

ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ
Құрылтайшы және шығарушы:
«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Бас директор –
Редакторлар кеңесінің төрағасы
Шәмшидин ПАТТЕЕВ
қабылдау бөлмесі 272-87-30
kaz_gazeta@mail.ru
www.kazgazeta.kz

ANA TILI
Бас редактор
Самат ИБРАИМ
Бас редактордың бірінші орынбасары
Нұрперзент ДОМБАЙ
Бас редактордың орынбасары
Дәуіржан ТӨЛЕБАЕВ

Бөлім редакторлары:
Абылайхан ЖҰМАШЕВ – Тіл мәселелері және этнография
Дина ИМАМБАЕВА – Білім, ғылым және мәдениет
Бағдагүл БАЛАУБАЕВА – Әлеуметтік мәселелер және ақпарат

«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:
Толымбек ӘБДІРАЙЫМ 8 701 345 7938 (Астана)
Жанғабыл ҚАБАҚБАЕВ 8 771 769 6322 (Ақтөбе обл.)
Батырбек МЫРЗАБЕКОВ 8 (7102) 90-19-73 (Қарағанды обл.)
Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ 8 (7292) 40-41-01 (Маңғыстау обл.)

Ⓐ материалдың жариялану ақысы төленген

Меншікті тілшілер:
Ғазиз ЕСЕМБАЕВ (Астана) 8 7016048029
Өтеген НӘУКИЕВ (Атырау) 8 701 518 46 81
Орал ШӘРІПБАЕВ (Семей) 8 705 661 14 33
Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай) 8 777 230 71 84
Жарқын ӨТЕШОВА (Мәскеу) Zharkyn-1@yandex.ru

Фототілші
Азамат ҚҰСАЙЫНОВ
Беттеуші
Нұржан АСАНОВ
Корректор
Алмагүл ҰЛТАНБЕКОВА
Хатшы-референт
Айдана ЖЫЛҚЫБАЙ

Қоғамдық негіздегі кеңесшілер:
Ғарифолла ӘНЕС – филология ғылымының докторы
Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ – филология ғылымының докторы, профессор
Аягүл МИРАЗОВА – педагог-ұстаз, Қазақстанның Еңбек Ері
Талас ОМАРБЕКОВ – тарих ғылымының докторы, профессор

Апталық Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 28 наурызда №17007-Г куәлігі берілді.
Газет аптасына бір рет шығады.
«Ана тілі» газетінде жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-ға тиесілі, жарнаманың мәтіні мен тіліне редакция жауапты емес.
«Ана тілінде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газет авторларынан мақалалардың 3 беттен (14 кегль) аспауын, электрондық нұсқасымен қоса әкелуін сұраймыз. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, қолжазба кері қайтарылмайды.
Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. Индекс 65367. Офсеттік басылым.
Газет: Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй. «Дәуір» РПБК ЖШС-нда, Тел: 273-12-04; Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9/2, «Хабар-Сервис» ЖШС баспаханаларында басылып шықты
Тапсырыс №1017/410
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
050013, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 175, 2-қабат
РЕДАКЦИЯ ТЕЛЕФОНДАРЫ:
2-72-49-78 (қаб.бөлмесі/факс)
Бөлім редакторлары:
267-40-07
E-mail: anatili_gazeti@mail.ru
Таралымы 16 490
Кезекші редактор
Абылайхан ЖҰМАШЕВ